

ЖАҢАНДЫҚ ДИАЛОГ

12.1

Жылына 3 рет көптеген тілде шығады

Жилл Блэкмормен
элеуметтану жайлы әңгіме

Жоанна Грубнер

Жаңа жұмысшы
қозғалысы

Дарио Аzzелини
Сара Раймундо
Хироаки Ричард Ватанабе
Верна Дайна К. Виажар

Гендерлік режим
нұсқалары

Силвия Уолби, Карен Шайр,
Мике Верлоо, Хайди Готфрид,
Валентайн М. Могадам,
Еже Қожабышақ, Алба Алонсо,
Емануела Ломбардо, Росселла Чиччаи,
Роберта Гуеррина, Хизер Макрей,
Анник Масселот

Теориялық
перспектива

Рейуин Коннелл

Мона Абазаға
еске алу

Майкл Буравой
Винета Синха
Брайан Терн
Суад Жозеф
Паул Амар
Сайд Фарид Алатас
Сами Зүбәйда

Үндістан
элеуметтануы

Сужата Пател
Ракеш М. Кришнан
Снеха Голе
Сойбам Хариприя
Шырын Мырза

АШЫҚ БАҒАНА

- > Жергілікті және жаһандық феминизмді анықтау
- > АҚШ саясатындағы нәсілшілдік және антиэкологиялық

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 12 / ШЫҒАРЫЛЫМ 1 / СӨУР 2022
<https://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Неолибералды басқару тұсындағы нарықтану мен квазинарықтану нәтижесінде университеттер мен ғылым терең өзгерістерге қол жеткізді. Аталмыш тақырыпты біз «Жаһандық диалогтың» осы шығарылымының «Әлеуметтану жайлы әңгіме» бөлімінде қозғаймыз. Жилл Блекмор соңғы онжылдықтарда аустралиялық университеттердің түбегейлі қайта құрылымдауды қалай жүргізгенін зерттеп жүр. Осы сұқбатта ол қайта құрылымдауға, қозғаушы күштер мен олардың академиялық білімді өндіру мен эпистемологиялық әділеттілікке ықпалына егжей-тегжейлі талдау жасайды.

Бірінші топтамада әртүрлі жұмысшы қозғалыстары бойынша жаһандық ғылыми ынтымақтастықтың бағыттары ұсынылған. Дарио Аззелини бүкіл әлемдегі жұмысшылар қозғалысына қазіргі пандемияның, сонымен қатар гендерлік және нәсілдік белгілердің ықпалын зерттесе, Сара Раймундо Филиппиндегі отаршылдық қалдықтарын және оның күні бүгінге дейін кәсіподақ күресіне араласып отырғанын көрсетеді. Ал Хироаки Ричард Ватанабе жапон экономикасының реттелмеуі мен либералдануы кәсіподақтарды ұйымдастыруға ықпал еткеніне және жұмысшылардың басындағы заманауи қиындықтарға назар аудартады. Верна Дина К.Видахар Индонезиядағы кәсіподақтарды дамыту мен саяси және экономикалық факторларды ескере отырып, олардың Сухарто билігін құлатудағы рөлін зерттейді.

Елу жылдан бері жалғасып келе жатқан капитализм трансформациясы, бір жағынан, көптеген елдерде гендерлік тәртіп мәселесін көтерді. Екінші жағынан, гендерлік қатынастардағы, өмір сүру бейнесі мен жалпыға ортақ игілікті мемлекеттегі ағымдағы айтарлықтай өзгерістер қалыптасқан еңбек бөлінісіне, күтім талаптарына, қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы нормалар мен құндылықтарға сынтетеуірлер алып келді. Капитализм, дағдарыс және гендер арасындағы байланысты теориялық және эмпириялық зерттеудің сарапшылары Силвия Уолби мен Карен Шайр гендерлік режим нұсқаларына арналған симпозиум ұйымдастырды. Ол әртүрлі

елдердегі гендерлік қатынастардағы, келісімдер және тәртіптегі айырмашылықтар мен ортақ белгілерді көрсетеді әрі заманауи халықаралық тенденцияларға сипаттама береді. Сонымен қатар капитализмнің және жалпыға ортақ игілікті мемлекеттің түрлері гендерлік режимді қайта ұйымдастыру мен өзгертудің саналуан әдістерімен тығыз байланыста екенін де паш етеді.

«Теориялық перспектива» бөлімі гендер мен қоғам туралы пайымды басқа қырынан қарастырады. Ер кісілерді зерттеудің негізінсалышы және танымал өкілі Рейуин Коннеллосы бағыттағы зерттеулерді талдап, әлеуметтік және ғылыми ізденістерде маскулиндікке тың көзқарастың пайда болуын сараптайды.

2021 жылғы 5 шілдеде өмірден өткен Мона Абазаның қазасы бәріміздің қабырғамызды қайыстырды. Бүкіл әлемдегі әріптестері мен достары осы шығарылымда әйгілі әлеуметтанушымен қоштасады.

Үндістандағы заманауи әлеуметтану туралы атақты әлеуметтанушы және әлеуметтік теоретик Суджата Пател ұйымдастырған осы басылымның елге бағытталған бөлімі есте қаларлықтай ақпарат ұсынады. Бөлімде көптеген маңызды мәселелер бойынша, соның ішінде әлеуметтанулық далалық зерттеулері кезінде зорлық-зомбылық, теңсіздік немесе кемсітушілік сияқты мәселелердің кездесетінін ортаға сала отырып, тәжірибелі және жас ғалымдар ауызбірлік танытты.

«Ашық бағанамызда» ХӘҚ Current Sociology журналымен ынтымақтасуды бастадық. АҚШ-та нәсілшілдік және анти-инвайронментализм мәселесімен айналысушы Ян Каррилло мен феминистік зерттеуші Мирна Доусон Жаһандық Диалогтың анағұрлым кең академиялық және академиялық емес аудиториясымен өз ғылыми ізденістерін бөлісуге шақыруымызды қабылдады. ■

Брижит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог бірнеше тілде [website](#) орналастырылған.
> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Рафаел Дейнл,
Йоханна Грубнер, Валид Ибрахим.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:

Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерес, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, Хабиб Хадж Салем, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабидул Хондкер, Хайрул Чоудури, Фатима Режина Икбал, Хелал Мухуддин, Мумита Таджеева, Биджу Кришна Баник, Сабина Шармин, Абдур Рашид, М. Омар Фарук, Мухаммед Джахирал Ислам, Саркер Соел Рана, Мд. Шахидул Ислам, А.Б.М. Наймас Сакиб, Эшрат Джахан Аймун, Хелал Аддин, Масудур Рахман, Шамсул Арефин, Ясмин Султана, Сыка Парвин, Рума Парвин, Салех Эль Мамун, Экрамал Кабир Рана, Шармин Актер Шапла, Мд. Шахин Актар.

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Андреса Галли, Дмитри Чербончини Фернандеш, Густаво Диас, Хосе Гюрадо Нето, Джессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил

Үндістан: Рашми Жаин, Маниш Ядав, Ракеш Рана.

Индонезия: Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Саед Мухаммад Муталеби, Эльхам Шуштаризаде.

Қазақстан: Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Өділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл, Мадияр Алдияров.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Ирина Елена Ион, Бианка Михайла, Алина Александра Ницоу, Руксандра Падурару, Ана-Мария Ренца, Мария Влашчану.

Ресей: Елена Здравомыслова, Дария Холодова.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Ю-Вен Лиан, Цунг-Джен Хунг, По-Шун Хонг, Ю-Шо Хуанг, Юн-Ен Шен, Чиен-Юн Чен, Ю-Чиа Чен.

Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



Бұл сұқбатта **Жилл Блекмор** соңғы онжылдықтарда аустралиялық университеттердегі түбегейлі қайта құрылымдауды, оның қозғаушы күштерін және академиялық білімді өндірумен эпистемиялық әділеттілікке ықпалын талқылайды.



Бұл топтамада Жапония, Индонезия мен Филиппиндегі жанандық ауқымнан нақты кәсіподақ күресіне дейінгі әлемдегі саналуан **жұмысшы қозғалыстары мен күрес** қарастырылады.



Бұл симпозиумдағы **гендерлік режим нұсқалары** туралы мақалалар жанандық талдау үшін макродеңгейдегі гендерлік қатынастарға жаңа көзқарастарды талқылайды.



Жанандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӨҢІМЕ

Кәсіпкер университеттер мен эпистемиялық әділетсіздік: Жилл Блекмормен сұқбат

Жоанна Грубнер, Аустрия 5

> ЖАҢА ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

COVID-19 пандемиясы және таптық күрес

Дарио Аззелини, Мексика 9

Филиппинде еңбекті ұйымдастырудағы жауынгерлік

Сара Раймундо, Филиппин 11

Жапониядағы кәсіподақтар және еңбек нарығын қайта реттеу

Хироаки Ричард Ватанабе, Жапония 13

Индонезия жұмысшыларының Сухарто режиміне қарсылығы

Верна Дайна К. Виажар, Филиппин 15

> ГЕНДЕРЛІК РЕЖИМ НҰСҚАЛАРЫ

Гендерлік режимдердің болашағы

Силвия Уолби, ҰБ және **Карен Шайр**, Германия 17

Гендерлік режимнің жаңа нұсқалары пайда болды ма?

Силвия Уолби, ҰБ 19

Барлығы отбасында: консервативті гендерлік режим

Карен Шайр, Германия 21

Еуропада гендерлік режимнің өзгеруін көре аламыз ба?

Мике Верлоо, Нидерланд 23

Қоғамдық гендерлік режимдер: тоғысушы айырмашылықтар

Хайди Готфрид, АҚШ және **Карен Шайр**, Германия 25

Гендерлік режимдер, саясат және әлем-жүйе

Валентайн М. Могадам, АҚШ 27

Түрік патриархаттық мемлекетінің детерминанттары

Еже Қожабышақ, ҰБ 29

Оңтүстік еуропалық гендерлік режим?

Алба Алонсо және **Емануела Ломбардо**, Испания және **Росселла Чичча**, ҰБ 31

Дағдарыс тым қашық па? Covid-тен кейінгі ЕО гендерлік режимі

Роберта Гуеррина, ҰБ, **Хизер Макрей**, Канада және **Анник Масселот**, Жаңа Зеландия 33

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Отпен ойнау: маскулиндік әлеуметтануы

Рейуин Коннелл, Аустралия 35

> ЕСКЕ АЛУ

Мона Абазаға құрмет (1959-2021)

Майкл Буравой, **Винета Синха**, **Брайан Терн**, **Суад Жозеф**, **Паул Амар**, **Сайд Фарид Алата** және **Сами Зүбәйда** 39

> ҮНДІСТАН ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Кіріспе: Үндістан әлеуметтануындағы жаңа бағыттар

Сужата Пател, Швеция 42

Орталық Үндістандағы тайпалық география деконструкциясы

Ракеш М. Кришнан, Үндістан 44

Феминистік интерсекциялық: жаңа әдістер

Снеха Гол, Үндістан 46

Қауіпті алаңдар: зорлық-зомбылық орындарында әлеуметтанумен айналысу

Сойбам Хариприя, Үндістан 48

Қалалық Үндістандағы стигма және касталық еңбек

Шырын Мырза, Үндістан 50

> АШЫҚ БАҒАНА

Феминистік анықтауға және алдын алуға кедергі деректердегі олқылықтар

Мирна Доусон, Канада 52

АҚШ саясатындағы нәсілшілдік пен анти-инвайронментализм

Ян Каррилло, АҚШ 54

“Зорлық-зомбылық экономика, саясат және азаматтық қоғаммен қатар төртінші институттық сала ма?”

Силвия Уолби және **Карен Шайр**

> Кәсіпкер университеттер мен эпистемиялық әділетсіздік

Жилл Блекмормен сұқбат



Жилл Блекмор, философия докторы, Алфред Дикин университетінде педагогика профессоры, өнер және білім беру факультеті, Дикин университеті, Аустралия және әлеуметтік ғылымдар Академиясының мүшесі. Ол жаһандану, мектеп пен жоғары білім және басқаруды; халықаралық және мәдениетаралық білімді; көшбасшылық және ұйымдық өзгерістерді; ғылыми бағалау және эпистемиялық әділеттілікті; кеңістікті қайта жобалау және инновациялық педагогиканы; және мұғалімдер мен академиктердің жұмысын феминистік көзқарас тұрғысынан зерттейді. Жуық арадағы жобалары халықаралық студенттік мобилдікке, идентификацияға, қатыстылық пен байланыстылыққа; Қытай мен Үндістанда түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне жұмыс берушілердің қатынасына; мектептің автономиясын реформалауға арналған. Алдыңғы жоба *Disrupting Leadership in the Entrepreneurial University: Disengagement and Diversity in Higher Education* (Bloomsbury, 2022) журналында жарияланбақ. Профессор Блекмор білім берумен, гендерлік теңсіздікпен және саналуандық саясатымен байланысты кеңесші комитеттер мен мемлекеттік органдардың құрамына кірді. Ол ЭЫДҰ-ға, үкіметтерге,

жеке және кәсіби ұйымдарға саяси кеңес берді, сондай-ақ бағалау жүйесін әзірледі. Профессор Блекмор – білім беру саласындағы болашақ зерттеулер мен инновациялар Дикин Орталығының бұрынғы Бас директоры және қазір кезде Университет профессорлары аустралиялық қауымдастығының вице-президенті.

Осы жерде ол Иоганн Кеплер университетінің ғылыми қызметкері, Аустрия, Линц және Жаһандық Диалог редакторының көмекшісі **Жоанна Грубнерге** сұқбат береді.

Жилл Блекмор.

Ж.Г.: *Сіз соңғы 30 жылдағы аустралиялық университеттердің түбегейлі қайта құрылуын зерттедіңіз. Осы қайта құрылымдаудың мәні неде, оларды қандай күштер итермеледі және академиялық білім өндірісіне олар қалай ықпал етті?*

Ж.Б.: 1990 жылдан кейін секторға 39 университетті біріктіруді Аустралиядан бастап, аустралиялық және халықаралық үкіметтер университеттерді ұлттық экономикамен байланыстыруға тырысты. Ағылшынтілді елдердегі мемлекеттік басқарудағы жаңа ұстанымдар мен нарықтарды қолдаудың неолибералдық саясат кеңінен өріс алды және университеттерді де айналып өтпеді. Отыз жыл ішінде әлем университеттері интернационалдануды, менеджериализмді, нарықтануды, қаржыландуды, ал енді бүгінгі күні цифрлануды қамтамасыз ете отырып, датафикацияны басынан кешіруде. Сатылы қайта құрылымдаудан кейін ректорлар мен декандар атқарушы биліктің едәуір бөлігін қолдарына алды және 1990 жылдары тағайындалған декандар мен мектеп директорларын ауыстырды. Сонымен қатар

университеттер геосаясат пен саясаттың тұрақсыздығына жауап ретінде икемді болуы керек деген қағидаға сүйеніп, жоғары биліктің басты жетекшілері геометриялық прогрессиямен өсті. Университеттерді қаржыландыру белгілі бір курстарда оқитын студенттердің санына тәуелді. Мемлекеттік қаржыландырудың қысқаруына байланысты аустралиялық университеттер оқыту көмегімен маркетинг пен зерттеулерді қолайлы субсидиялауға қомақты инвестициялар әкелетін дискрециялық табысты алу үшін шетелдік студенттерге көбірек иек арта бастады.

Ұйымдық қайта құрылымдау тиімділік пен нәтижелікті арттырудың шешімі ретінде қаралды, бірақ оның салдары ешқашан бағаланған емес. Саясат пен бюджетке қатысты басқарушы билікті орталықтандыру академиялық басқарудың коллегиялық тәжірибелерін кейінгі шепке ығыстырды және Ғылыми Кеңестерге сапаны қамтамасыз ету жауапкершілігі ғана берілді. Институттық икемділікке академиялық мамандар санын қысқарту және оқытушы жүктемесін арттыру есебінен қол жеткізді. Бұл көбіне келісімшартпен жұмыс жасайтын және академиялық

>>

қызметкерлердің төменгі сатысында шоғырланған әйелдерге ерекше әсер етті. 2010 жылғы зерттеулердің бағалауын енгізгеннен кейін осы тенденциялардың білімді өндірудегі жалпы ықпалы есептеуге (мысалы, метрика) немесе коммерциализациялауға болатынның барлығы жоғары бағалатындығымен айқындалады. Осылайша, академиялық тәжірибе сандық бағалау мен назардың өлшенетін және жылдам нәтижелерге шоғырлануының ықпалымен қалыптасты.

Ж.Г.: Университеттің жалпы білім беруден кәсіпкерлікке көшуінің, әсіресе, әйел-ғалымдар мен білімді феминистік өндіруге салдары туралы айтып бере аласыз ба?

Ж.Б.: 1990 жылдардағы зерттеу әлеуетін арттыруға бағытталған саясаттан сапа мен жаһандық рейтингтер мен зерттеулерді бағамдауға қарай ойысқан 2000 жылдары венчурлық капиталистер оқыту мен зерттеулерге артықшылық беріп, аустралиялық университеттер арасындағы және өз ішіндегі жіктелуді одан сайын тереңдетіп, әрбірін айырықша етуге тырысты. Бұл жағдай әмбебап университеттің өнеркәсіппен, үкіметпен және филантроптармен серіктестікке бағытталған кәсіпкерлікке өтуге алып келді. Дипломнан кейінгі білім беру нарығы да жүйесіздіктің және онлайн мен офлайн, сондай-ақ пайдасы көп арнаулы нарықта қысқа әрі арзанырақ курстардың микросертификаттарын ұсынатын жоғары білімді тасымалдаушы жаңа жекеменшік иелерінің көптігінен құлап қалды.

Университеттерді прогрестің орталығы деп қарастыра отырып, әлеуметтік-консерваторлық үкіметтер 1990-жылдары Мердоктың көбіқауыз БАҚ-тары мен әсіре оңшыл шешендердің итермелеуі арқасында мультикультурализмге, феминизмге және байырғы халықтармен татуласуға қарсылық танытты. Әлеуметтік-консерваторлық үкіметтер білім беруге құралдық қатынасқа мәртебе беріп, Аустралияның мәдени сезімталдығын пайдаға асырды, ал ұлттық саясат ғылымға, технологияларға, инженерияға, математика мен медицинаға шоғырланды (STEMM). Үкіметтік мәліметтерге қарамастан, олар гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың (HASS) кәсіби құндылығы жоқ деп санайды.

Сансыз қайта құрылымдаудың және саяси идеологиялардың тиімділігі гендерлік еді және ол эпистемологиялық әділетсіздікті тудырды. Біріншіден, әйелдер шоғырланған HASS факультеттері біріктірілгендіктен, атқару шешімдерін қабылдау деңгейіндегі HASS өкілдігі азайып қалды. Екіншіден, университеттер STEMM қаржысын бақылап отырды, асы арқылы мүмкін мақсатты немесе әдеттегідей HASS-ты ресурсқа жолатпады. Үшіншіден, әйелдер жоғары билікке қол жеткізсе, ұлттық деңгейде вице-канцлердің ғылым жөніндегі орынбасары (DVC) лауазымында көбіне ерлер басым, барлығы дерлік STEMM-нен, ал DVC оқыту және үйрету немесе үй еңбегінде әйелдер басым. Тағы бір жәйт, жұмыс жүктемесі мен профессор-

зерттеуші болу үшін қажетті талаптың артуы және көбейіп отырған кедергілер әлі де Аустралияда отбасы, жұмыс және балалар күтімін қоспағанда жалпы күтімнің қиындығын көтеріп отырған, әсіресе STEMM-дегі, әйелге үлкен ықпал етуде. Жалпы құрылымдық және мәдени нәтиже қандай білім бағаланады (эпистемиялық әділетсіздік) және әйелдің академиялық мансабы қалай қалыптасады деген гендерлік көзқараспен анықталады. Студенттер мен Аустралия халқының мәдени саналуандығына қарамастан, университет басшылығындағы этно-нәсілдік әртүрліліктің болмауы университеттің саясатында немесе басшылық тарапынан тіпті айтылмайды.

Ж.Г.: Аустралиялық кәсіпкерлік университеттерде эпистемологиялық әділетсіздіктің қандай құрылымдық және саяси формалары бар және олардың салдары неге алып келуі мүмкін екендігі туралы толық айтып бере аласыз ба?

Ж.Б.: Кәсіпкерлік логикасы дегеніміз – білім тек қана сандық тұрғыда бағалана алатын қабілеттілігі және коммерциализациялану мүмкіндігіне қарай бағаланады деген сөз. Квантталудың осы қисыны эпистемиялық теңсіздікке жетелейді. Біріншіден, ол білімді өндірудің әлеуметтік және материалдық жағдайын, яғни коллегиялдық пен ынтымақтастықтың әлеуметтік қатынастары, оқыту мен зерттеуге кететін эмоциялық еңбек және оны қамтамасыз етіп тұрған репродукциялық үй еңбегін есепке алмайды. Екіншіден, ол білімді өндіруге (коллегиялық) ықпал ететін қатынастарды жақтамайтын нарықтық контрактуализмге негізделген. Үшіншіден, логика инновацияны процеске немесе өнімге алып келетін деп қарастырады, ал экономикалық қатынастарды әлеуметтік қатынастарға тәуелсіз деп есептейді. Осылайша, кәсіпкерлік әлеуметтік пен реляциялыққа шоғырланған академиялық жұмысты құнсыздандыратын консервативті және уытты гендерлік саясатты жандандырады. Бұл демократиялар үшін аса қауіпті, себебі әлеуметтік консерваторлық ғана емес, сонымен бірге аустралиялық неолиберал үкіметтердің өзі постақиқат дәуіріндегі университеттік сектормен жау, өйткені сараптамалық білім мен ғылымға конспирологияның теоретиктері ғана емес, сондай-ақ үкіметтер де қырын қарайды.

Ж.Г.: Консерваторлық және неолиберал үкіметтердің университеттерге қатысты антагонистік позициялары туралы айтар болсақ, жақындағы дағдарыстарда, соның ішінде жаһандық пандемия кезінде бір жағынан әлеуметтік ғылыми білім мен зерттеу, екінші жағынан осы дағдарыстарға әлеуметтік те, саяси да реакция арасындағы үлкен сәйкессіздік байқалады. Осы саладағы аустралиялық ахуал қалай және қалай өрбуі мүмкін?

Ж.Б.: Мықты демократияға сүйене отырып, аустралиялықтар пандемия кезінде қоғамдық игілік үшін уақытша құқықтардан айырылуға көнуге ұжымдық дайындықтарын көрсетті; олар денсаулық сақтау

>>>

қауіпсіздігі жүйесі мен ғылымның артықшылықтарын түсінді және бағалай алды. Мәселе – консерваторлық үкіметтердің (және венчурлық капиталистердің) қабілетсіздігі, сонымен қатар көбіне ғылымды STEMM-ге теңеп, HASS-тың мәдени, саяси және экономикалық құндылығын мойындаудағы аустралиялықтардың сезімталдағында. Соған қарамастан пандемия да, климаттық дағдарыстар да HASS-тың маңызын жоққа шығармайды. Біріншіден, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар Академиясы Ұлттық кабинетке ұсыныстар жасау мақсатында Бас Ғалым құрған жылдам әрекет ету Форумдары (сарапшылар тобының моделі) құрамына енді. Екіншіден, Covid-тің таралуы кезінде мемлекет басшылары мен байырғы халықтардың арасындағы коммуникациялық тәжірибеде HASS-тың рөлі даусыз еді. Пандемияға жеке және ұжымдық қарым-қатынасты түсінуде адам құқықтары мен міндеттерінің салдарын қадағалаған және талқылаған журналистер мен ғалымдардың сыни саяси, экономикалық және әлеуметтік талдауымен бірдей әлеуметтік-психологиялық зерттеулер де шешуші маңызға ие болды. Осыған қарамастан, неолібeрал федералдық үкімет бизнес пен жеке тұлғаларды қолдау үшін айтулы экономикалық әрекеттерді жүзеге асыруымен бірге HASS-қа қарсы идеологиялық соғысын жүргізе берді, университеттер мен өнерді федералдық көмектен айырды, егер өзін-өзі қамтамасыз ете алмаса, 500000 шетелдік студент үйлеріне қайтсын деген бұйрық берді және HASS пәндерін қымбаттатын, ал кәсіби курстарды арзандататын, сонымен қатар жан басына шаққанда университеттерді қаржыландыруды қысқартатын заң қабылдады.

Саяси тұрғыда премьер-министр (ПМ) штаттардың премьер-министрлері вируспен күресі үшін локдаунға және мемлекеттік шекараны жабуға мәжбүрледі, бұл уақытылы карантин мен вакцинацияны қамтамасыз ете алмаған премьер-министрдің көшбасшы ретіндегі қомақты саяси капиталымен байланысты әрекеті. Штаттардың жетекшілері сарапшылардың мәліметтері мен саясатты түсіндіру үшін бас санитар дәрігерлермен бірге күнделікті баспасөз конференцияларына шығып тұрды. Эпидемиологтар, ғалымдар мен ғылыми сарапшылар әйгілі бола бастаған кезде, ғылымның легитимділігі қайта қалпына келді. Ақыр соңында, қаржылық жағынан ең үлкен зардап шеккен өнер мен қонақ күту секторлары – оқшауланған онлайн ортада - психикалық денсаулық үшін, осы жағдайда оны жақсарту үшін аса маңызды салаға айналды. Тағы бір таң қаларлығы, премьер-министр зерттеулер мен әзірлемелер үшін университеттерді қаржыландыруды арттыруды көздемейді, көмірсутектер қалдығын азайту мәселесін шешетін технологиялар сияқты қарайды.

Ж.Г.: Жақында Сіз COVID-19-ға байланысты үкіметтік шектеулер кезінде аустралиялық университеттер – қызметкерлер мен студенттер – тап болған жағдайға қатысты пікір білдірдіңіз. Сіздің сыныңыздың негізгі нүктелері қандай және осы жағдай мен оның ғылыми ортаның болашағына ықтимал ықпалына қатысты не нәрсе мазалайды?

Ж.Б.: Аустралиялық үкіметтер және соның ішінде жуырдағы коалициялық үкіметтер университеттерге немқұрайлы қарады. Олар университеттерге табыс көзі (2019 жылы білім беру қызметтері көлемі жағынан экспорттық тауарлардың үшіншісі) университеттерге білімді өндіруші және демократияның өзекті элементі сын және ар-ождан ретінде инвестиция жасаған жоқ. Шетелдік студенттердің легін тоқтатқан кезде, пандемия аустралиялық университеттердің дұрыс қаржыландырылмауы, зерттеулерде шетелдік студенттерге тәуелділігі, саясаттың тұрақсыздығы, Үнді-Тынық мұхит аймағындағы геосаясаттың өзгеруі мен Қытайдың басымдығынан туындаған осал тұстарын айдан анық етті. Венчурлық капиталистердің жауабы қайта құрылымдаудың мүмкіндіктерін қолдану (басқару бойынша кеңесшілерге жиі жүгінді), 18 айдың ішінде 40000 академиялық және кәсіби қызметкерлерді (жұмыс күшінің 20%) қысқарту және келісімшарттарды ұзартудан немесе барлық қызметкерлердің 66% құрайтын сессиялық академиктерден бас тарту болды. Соның ішінде, HASS пәндері (мысалы, тілдер, әлеуметтану) жабылып қалды. Жұмыс орындарының тұрақсыздығы, студенттер мен оқытушылардың жоғары арақатынасы, әкімшілік қысым, зерттеулерді қаржыландырмау, менеджеризм, басшылықтың корпоратизациясы, шешім қабылдау құқығынан айыру, құрылыс пен қаржылық нарыққа тәуекелді инвестициялар салуы академиялық қызметкерлердің университеттің басшылығына сенімін жоғалтты. Осы сенімсіздік ашу-ызаға тудырып, мысалы, Мемлекеттік университеттердің аустралиялық коалициясын құру нәтижесінде ұжымдық әрекетке ұласты. Ғалымдар білім беру қызметін ұсынатын жекеменшік тасымалдаушылар мен консалтинг фирмалармен салыстырғанда, университеттің жағдайы қауіпті екенін көріп отыр. Кейбір провайдерлер арзанырақ микросертификаттар ұсынады және халықаралық фирмалар оқытуға инвестиция салып, үкімет тарапынан зерттеулер мен кеңестер аутсорсингінен пайда табады. Жоғары білімнің күйреуінен ес жиюға дейін ондаған жылдар керек, ал өз кезегінде көптеген мәселелер тұрақты болашаққа қажетті әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру жаңа білімді, шығармашылық пен инновацияларды талап етеді.

Ж.Г.: Сіздің ойыңызша, қызметкерлер мен студенттер үшін аустралиялық университеттердегі ахуалды жақсартудың және қоғамда университеттердің рөлін арттырудың бастапқы өзегі неде? Жағымды өзгерістерге қол жеткізудің негізгі тіректері қайда?

Ж.Б.: Негізгі мәселе Аустралияның мәдени, әлеуметтік және саяси болашағы үшін университеттер мен HASS-тың маңызды екенін түйсіну үшін аустралиялық мәдени сезімталдықты қалай өзгертуге болатынында жатыр. Бұл жұмыс істейтін түлектер даярлаудан басқа университеттердің көп нәрсені жасайтын ерекшелігін халық пен үкіметтерге жеткізу дегенді білдіреді. Венчурлық инвесторлар демократия үшін

университеттердің маңыздылығы туралы пікірталасты жүргізу немесе университеттік зерттеулер тұрақты болашаққа өту үшін шешуші мәнге ие екеніне үкіметтердің көзін жеткізу мүмкіндігінен айырылып қалды (немесе оларға ұжымдық ерік жетіспеді). Университеттің ішкі басшылары тұрақты іс және қауіпсіз жұмыс ортасымен қамтамасыз ете отырып, өз қызметкерлерінің сенімін қалпына келтіру керек. Бірлесе басқару бүгінгі күні басшылық тарапынан мойындалмай отырған ғалымдардың тәжірибесіне сүйенетін болады. Бұл таңдау жөніндегі басқару және негізгі комиссияларда академиялық өкілдікті талап етеді; сыни пікірталастарды ақпараттандыру және қолдау мақсатындағы тәуелсіз академиялық орган; академиялық еркіндік пен еңбек жағдайларын шектемейтін, керісінше оны қорғайтын өнеркәсіптік келісімдер; символдық кеңестерді емес мазмұнды керібайланысты дамытатын шешім қабылдаудың бірлескен процестері; әділеттілік пен табиғи ортаны қорғауға бағытталған стратегиялық жоспарлар мен бюджеттер.

Университеттер жергілікті қауымдастықтарға жан-жақты білім ұсынуы тиіс, өйткені университеттер қалалық және аймақтық қауымдастықтар мен экономикада басты рөл атқарады. Маманданудың көп болуы және университеттер арасындағы дифференциация университетке түсуге және қашықтық пен шығынды есептеп, сонда қалуға тырысатын студенттердің мүмкіндіктерін азайтады. Жақсы университет тұрақты және инклюзивті оқыту мен демократия үшін білімнің саналуандығын және HASS-тың маңыздылығын мойындауы қажет. Бұл университеттерде және қоғамда өмір сүру мен қызмет етудің өзегі ретінде қатынастарды (коллегиялықты) бағалайтын, әлеуметтік немесе реляциялық (нарықтық емес) контрактуализмге негізделген әлеуметтік инновацияларға жол ашады. ■

Хаттарды Жилл Блекморға <jillian.blackmore@deakin.edu.au> жолдауға болады.

> COVID-19 пандемиясы және таптық күрес

Дарио Аззеллини, Закатекас автономды университеті, Мексика



АҚШ-тың Якима аңғарында ауылшаруашылық жұмысшылары COVID кезінде қауіпсіз жұмыс жағдайын талап етіп ереуілге шықты, 2020 жыл, 18 мамыр. Ұсынған: Familias Unidas por La Justicia Facebook парақшасы, Эдгар Фрэнкс.

Капитализмдегі дағдарыстар, әдетте, теңсіздіктің барлық түрін тереңдетеді. Бұл – сонымен қатар, COVID-19 пандемиясымен күресудің салдары. Жаһандық еңбек кірісі өткен жылмен салыстырғанда, алғашқы тоғыз айда шамамен 10,7% (немесе 3,5 трлн АҚШ доллары) төмендеді. Сондай-ақ, әлем бойынша 2200 астам ресми миллиардерлердің жиынтық байлығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 9,5 трлн доллардан бір жылдан кейін 11,4 трлн долларға дейін артты. Дүние жүзіндегі зерттеулер кедей адамдар мен жұмысшы табы өкілдері арасында COVID-19 жұқтыру және ауруханаға жату қаупі жоғары екенін және қаранәсілді, байырғы және нәсілдік жұмысшы табы өкілдері арасында COVID-19 инфекциясы мен өлім-жітімнің пропорционалды емес жоғары деңгейін растап отыр.

> Пандемияға байланысты күрес

Бүкіл әлемде жұмысшы табы өкілдері мен қауымдастықтары пандемияға «байланысты» және оған «қарамастан» бас көтерді. Ереуілдер мен наразылық әрекеттері әсіресе, еңбек жүктемесінің артуы мен пандемияға байланысты жұқтыру қаупі әсер еткен және нашар жұмыс жағдайлары мен жалақының төмендігімен сипатталатын салаларда болды: денсаулық сақтау және науқастарды күту, қойма шаруашылығы, пошта тасымалы және логистика, жолаушылар тасымалы және азық-түлік өндірісі, әсіресе ет өңдеу және ауыл шаруашылығы.

Ондаған жылдар бойы неолибералды үнемдеу саясатының негізгі мақсатының бірі болған денсаулық сақтау саласы Америка мен Еуропадан Азия мен Африкаға дейін әлем бойынша ереуілдер күегері болып отыр. Денсаулық сақтау саласындағы жұмыс күші негізінен әйелдерден тұрады; әсіресе медбикелер жағдайында жалақының төмендігі және жоғары тәуекел гендерлік және нәсілдік аспектілерге ие. Ереуілдер қоғамдық көлік саласын да шарпыды. АҚШ әртүрлі қалаларында жүргізушілердің өздері ұйымдастырған «жабайы» ереуілдер өтті. Брюссельде 2020 жылдың мамыр айында қоғамдық көлік қызметкерлері кәсіподақ олардың келісімінсіз басшылықпен келісімге келгеннен кейін заңдастырылмаған ереуіл ұйымдастырды. Мехико, Меделина және Сантьяго-де-Чилидегі метро қызметкерлері, сондай-ақ жапон темір жолшылары да ереуілге шықты. Германияда ver.di кәсіподағы қалалық қоғамдық көліктерде бірқатар қарсылық акциясын өткізді. Жұмыс орындарын қорғау және жалақыны көтеру үшін мемлекеттік және жеке көлік секторында ереуілдер Италия мен Грекияда болды. Тамақ өнеркәсібіндегі жұмысшылардың күресі Батыс Еуропа мен АҚШ-та ет өңдеу саласында басталды, онда жұмыс күші негізінен мигранттардан тұрады және инфекция деңгейі өте жоғары еді. Италия, Испания және АҚШ ауылшаруашылық мигранттары ереуілге шықты. Әртүрлі елдердегі азық-түлікпен бөлшек сауда секторында наразылықтар орын алды. Пандемияның алғашқы күндерінде Аустралиядан АҚШ дейін дистрибуция және логистика секторында қорғаныс шараларын күшейту үшін ереуілдер өтті. Италияда барлық логистикалық компаниялар

мен қоймалар, соның ішінде Amazon, TNT, DHL және UPS ереуілдерге және қызметкерлердің жаппай жетіспеуіне тап болды. Италияда азық-түлікті жеткізу қызметкерлері пандемия кезінде бірнеше рет наразылық білдірді. Сот компанияларды велосипедпен тамақ таситын барлық 60 000 қызметкерді жеңілдіктері бар тәуелді жұмысшылар ретінде жалдауға мәжбүр етті.

> Пандемияға қарамастан күрес

Пандемиямен ешқандай байланысы жоқ немесе тек шектеулі ғана байланысы бар жұмысшылардың ереуілдері мен күресі де орын алды. Жаппай жұмыстан босату немесе мүлдем жабылу жоспарланған өндірістік кәсіпорындарда еңбек жанжалдары өршіді. Үнді Tata Steel-ге тиесілі Dutch IJmuiden голландтық болат балқыту зауытында жұмысшылар үш аптадан астам уақытқа ереуілге шықты, осылайша 9000 жұмысшының 1000 жұмыстан шығаруға жол бермеді және 2026 жылға дейін жұмысқа кепілдікпен қамтамасыз етті. Үндістанда 2020 жылдың желтоқсанында Үкіметтің еңбек қатынастарын жаппай қайта реттеу және үлкен мемлекеттік секторларды жекешелендіру жоспарларына жауап ретінде жаппай ереуіл өтті. 250 миллионға жуық мемлекеттік және жеке сектор қызметкерлері наразылық білдіріп, ереуілге шықты. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Үндістандағы фермерлер жеке инвесторлар мен корпорацияларға қолайлы жаңа заңдарға наразылық білдіруде. Фермерлер Делиге 2021 жылдың қаңтарында шабуыл жасағаннан кейін, үкімет заңдарды 18 айға тоқтатты. 2020 жылдың қазан айындағы жеңілдік ұсынатын Prime Day кезінде Германия, Испания және Польшадағы Amazon жұмысшылары жалақыны көтеруді талап етіп, ереуілге шықты. Одан соң Германия бойынша Amazon сайттарында бірнеше күндік ереуіл ұйымдастырылды. Баск еліндегі Билбао портында әртүрлі компаниялардың 300 докері компаниялар олардың кейбір талаптарын қабылдағанға дейін 55 күн бойы ереуілге шықты, соның ішінде жұмыс уақытының ұзақтығын жылына 1826 сағатқа шектеу, жұмыс үзілістері және мереке күндері бар.

Сонымен қатар пандемия кезінде жұмысшы табының саналуан наразылығы болды немесе жалғасты. Боливиядағы диктаторлық төңкеріс режиміне қарсы наразылықтар жаңа сайлау өткізуге мәжбүрледі және төңкеріс нәтижесінде құлатылған MAS (Социализмге Қарай Қозғалыс) билікке қайтып келді. АҚШ басты кәсіподақ AFL-CIO 2020 жылдың мамыр айында басталған қаранәсілділер басқаратын көпнәсілді жұмысшы табының көтерілісіне тиісті түрде жауап бере алмады. Алайда, мамыр мен маусым айларында ғана Black Lives Matter (BLM) ынтымақтастық белгісі ретінде 600 астам жұмысты тоқтату немесе ереуілдер ұйымдастырылды. Автобус жүргізушілері наразылық білдірушілерді түрмеге апарудан бас тартты. 65% қаранәсілділерден тұратын Халықаралық жағалау және қойма одағы (ILWU) Джордж Флойдты жерлеген күні АҚШ Тынық мұхиты жағалауындағы порттарды 2020 жылдың 9 маусымында тоғыз минутқа дейін жапты. ILWU 19

маусымда АҚШ құлдықтың аяқталуына арналған мерекеде Батыс жағалаудағы барлық 29 портта сегіз сағаттық ереуіл жариялады. 20 шілдеде кәсіподақтар мен қозғалыстар, соның ішінде ILWU, Біріккен жұмысшылар және ұлттық үй қызметкерлері альянсы BLM-мен бірлесе отырып, 25 астам қалада Қара Адамдардың Өмірі үшін ереуіл ұйымдастырды.

> Еңбек әрекетінің жаңа алаңдары

Payday есебінде пандемия кезінде 2020 жылы АҚШ-та 1946 жылдан бері ереуілдердің ең үлкен толқыны болды деген қорытынды жасалды. АҚШ Еңбек статистикасы бюросының мәліметі бойынша, 2009 жылды қоспағанда, 2020 жылы еңбек дауларының саны ең төмен көрсеткіште тұр. Алайда, соңғы жағдайда бір жұмыс орнында 1000 немесе одан да көп жұмысшылар қатысқан даулар ғана ескеріледі, ал өндіріс құрылымындағы өзгерістер есепке алынбайды. Жаңа еңбек толқулары периферияда, бұрын ұйымдастырылмаған секторларда, жаңа кәсіподақтарда, «өнеркәсіптік акция» ретінде қарастырылатыннан өзгеше әдістер қолданылатын еңбек жағдайында пайда болғаны айқын.

Алдыңғы жылдардағыдай, COVID-19 пандемиясы кезінде де жұмысшылардың күресі әдеттегідей өзін-өзі ұйымдастыру мен кәсіподақтардың цехтарды ұйымдастыруы нәтижесінде басталды. Цехтағы күрес жылдам әрі икемді әрекет бола алады. Дәстүрлі кәсіподақтар негізінен ереуілдерді белсенді түрде үгіттеуден қашты, араласқан жағдайдың бәрінде ол қатардағы жұмысшылардың қысымы нәтижесі еді. Неолиберализм және өндірістегі өзгерістер ұйымдасудың ескі үлгілеріне айтарлықтай нұқсан келтірді, алайда бүкіл әлемде жаңа проблемалар мен ұйымдасу құрылымдары қалыптасуда. Дегенмен, жұмыс қозғалысының әлсіздігін де елемуге болмайды. Көп жағдайда бұл әрекеттер күш тепе-теңдігін еңбек күшінің пайдасына аударудан алшақ жатыр. Соған қарамастан, пандемия кезіндегі жұмысшылардың ынтымақтастығы тап релевантты категория емес деген болжамның дұрыс емес екенін дәлелдейді. Жаһандық жеткізу тізбегінің айқын осалдығы тіпті жаһанданған өңдеуші салалардағы жұмысшылардың құрылымдық билігін одан сайын арттыра түспек.

Қомақты көлемде пайда алудың тоқтап қалуы жұмысшы табының қолындағы ең мықты құралы болып қала бермек. Бұл тұрғыда өндіріс пен ұдайы өндіріс арасындағы байланысты, сонымен қатар таптық күрес пен оны кім басқаратыны туралы мәселені қайта қарау қажет. Мигранттар капиталистік орталықтардағы жаңа жұмысшы табының үлкен бөлігін құрайды. Гендер мен «нәсіл» тапты алмастырмайды және оған қайшы емес – олар капитализм мен қанау иерархияларын талдаумен біріктірілуі керек. Паола Варела өзінің әйелдердің таптық күресін талдауында маңызды ескерту жасайды: «жұмыс орны салалық кеңістік ретінде емес, ықпалды позиция ретінде қарастырылады [...], себебі ол катализатор бола алады және жалпы жұмысшы табының талаптарын күшейтеді».

Хаттарды Дарио Аззеллиниге <da483@cornell.edu> жолдауға болады.

> Филиппинде еңбекті ұйымдастырудағы жауынгерлік

Сара Раймундо, Филиппин Университеті, Дилиман, Халықаралық Зерттеулер Орталығы, Bulatlat.com шолушысы және Халықтар күресі халықаралық лигасының ұйымдастырушысы (ILPS)



Филиппиндері «Kilusang Mayo Uno» (KMU)
Жұмысшылар одағы белсенділерінің шеруі.
Ұсынған: KMU.

400 жылға жуық созылған отарлаудан кейін Испанияға қарсы 1896 жылғы филиппин революциясының жеңісін америкалық империализм тәрк етті. Испания империясына енген елдер Филиппин, Куба, Гуам және Пуэрто-Риконь Америка Құрама Штаттарына беру 1898 жылғы Париж келісімімен заңдастырылды; АҚШ Испанияға «өтемақы» ретінде 20 миллион доллар төледі. Бұл Испания империясының ажалын және Филиппинді америкалық империализмнің отарлауын, неоколониялық институттық құрылыс пен геноцид сипаттайтын жобаны бастап берді. Бұл артық жұмыс күші зор, экспортқа бағытталған және импортқа тәуелді экономиканы қолдайтын тұрақты экономикалық артта қалуға әкелді.

> Килусанг Майо Уно, Бірінші Мамыр Қозғалысы

Бұл тұрғыда жалақыны көтеру және келісімшарт сызбалары сияқты экономикалық науқандар саяси күрес деп талданып, қарастырылуы тиіс. Килусанг Майо Уно (KMU/ May One қозғалысы) 1980 жылы 1 мамырда мына мақсатпен құрылды: 1) соғыс жағдайында антифашистік

науқандарды қолдаған прогресшіл жұмысшы ұйымдарын жинақтау және және таныстыру; 2) АҚШ империализміне қарсы ұлттық-демократиялық күрес мақсатына жету үшін прогресшіл жұмысшы ұйымдарын ұйымдастыру және күшейту.

2018 жылы КМУ Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясына (ITUC) 115000 адамнан тұратын ресми мүшелігін ұсынды. Оның саяси және экономикалық одақтағы ағымдағы жұмысына экспорттық қайта өңдеу аймақтарында (EPZ), қалалық кедейлер қауымдастықтарында, қоңырау шалу орталықтарында және жеке ауруханаларда мықты ұйым жасақтау; жалақы үшін және тиранияға қарсы басқа жұмысшылармен кең одақтар құру; және COVID-19 пандемиясында танымал еңбек мәселелері бойынша үлкен науқан орталығын ұсыну кіреді. КМУ ұлт-азаттық күресте шаруа мен жұмысшы одағының басты күш принципін берік ұстанады, осылайша Жаһандық Оңтүстік жұмысшыларының үнемі империализмнің күшін сарқу үшін күресуіне тура келгенін көрсетеді.

Филиппиннің 108 миллион халқының шамамен 3,9 миллионы (3,6%) өнеркәсіп жұмысшылары, соның ішінде өңдеу, құрылыс, экспорттық кәсіпорындар және басқа да жалдамалы жұмысшылар құрайды. 2017 жылдан бастап КМУ филиппиндік жұмыс күшінің келісімшарт жасау және оның жартылай пролетарлануының арта түсуі мәселесін шешумен айналысып отыр. Соңғысы тұрақсыз жұмыскерлер (10,4 миллион) және жалақы алмайтын адамдар (6,3 миллион), мысалы сатушылар және басқа да бейресми жұмыскерлерден құралған қалалық және ауылдық кедей қауымдастықтарды қамту үшін КМУ-дың ұйымдастырушылық әлеуетін күшейтуге мұрындық болды.

> Филиппиндегі жұмыс орындары мен жағдайлары

Жерсіз шаруалар табы шетелдік агробизнес кәсіпорындары үшін резервтік жұмыс күші және нақты ауылшаруашылық жұмысшылары еді. Жерсіз фермерлер қалаға көшіп келді және жергілікті зауыттар мен көпұлтты EPZ –да келісімшарт бойынша жұмыс істейді. Қатаң келісімшарт саясаты тұрақсыз жұмысқа және жұмыс орнында кәсіподақтардың таратылуына әкеледі. Жұмыс таба алмайтындар бейресми экономикаға ойысады.

Филиппинде жұмыссыздық көзі болып табылатын өнеркәсіптік базаның болмауы қызмет көрсету саласында жаһандық капитал тарапынан арзан жұмыс күшіне деген сұранысты қанағаттандыратын жұмыстың екі түріне, яғни жұмыс күшінің аутсорсингі және экспортына жол ашты.

Бұл әдістің біріншісі – жұмыс күшінің аутсорсингі. Филиппин әлемдегі сөзсіз «байланыс орталықтарының астанасы», ол әлемдік нарықтағы үлесі 16%-дан 18% дейін Үндістанды басып озады. Елде бизнес-процестердің аутсорсингі бойынша 851 компания (BPO) тіркелген; олардың жартысынан көбі – колл-орталықтар (429), ал қалғандарының басым бөлігі АТ байланысты қызметтерді ұсынатын фирмалар (400 немесе 46,2%). Қалғандары – медициналық транскрипция кәсіпорындары және анимациялық фильмдер мен мультфильмдер шығаратын студиялар. АҚШ жартылай колониясы бола отырып, Филиппин аутсорсинг қызметтерінің 65% империалистік қожайынына ұсынады; олар сонымен қатар Еуропа, Австралия және Жаңа Зеландиядан келген клиенттерге қызмет көрсетеді. Соңғы мәліметтер BPO индустриясында барлығы 675,600 адам жұмыс істейтінін көрсетеді. Елдің «күн индустриясы» деп аталатын филиппиндік жұмыс күші осы салада клиенттің уақыт белдеуіндегі жұмыс уақытын сақтауға міндетті.

Екінші әдіс – жұмыс күшін экспорттау, ол осы уақытқа дейін Филиппин мемлекетінің уақытша шешімі және саясаттың өзегі. Шетелдегі филиппиндік жұмысшылар (OFWs) доллардағы негізгі табыс көзі және ЖІӨ өсуіне ықпал етеді. Дүниежүзілік Банктің 2018 жылғы есебі

бойынша, тек 2017 жылы филиппиндіктер OFW ақша аударымдарынан 1,72 триллион филиппиндік песо (32,6 миллиард доллар) тапқанын көрсетеді.

> Жұмысшылар күресі мен антиимпериализмнің байланысы

Маркос әскери жағдай енгізгеннен кейін филиппиндік жұмыс күші бедерінің өзгеруімен жұмысшыларды ұйымдастыру жаһандық Оңтүстікте жұмысшылар үшін империалистік жүйенің негізгі салдарын жоюды да білдірді. Бұл филиппиндік арзан жұмыс күшін жаһандық айырбастағы теңсіздікке негізделген жалақы иерархиясы арқылы сақтауды қамтиды. Тағы бір салдары – филиппиндік жұмыс күшінің арта түскен жартылай пролетарлануын күшейткен шет аймақтағы жұмыссыздардың қомақты шоғыры өндірісін жандандыру. Бұл еңбек қатынастарын анықтайтын шетелдік капитал мен ішкі компрадорлық мүдделер арасындағы серіктестікті түсіндіреді. Филиппиндегідей жартылай пролетарлану – империалистік жүйе жұмысшыларды жалдамалы, тұрақты емес және келісімшарттық жұмыс арқылы өмір сүруге мәжбүр ететін процесс.

Бұл қалалық және ауылдық кедей қауымдастықтарды жұмысшы табының антиимпериалистік саясатын насихаттау үшін қажет жұмыс күші шоғырланған алаңға айналдырады. КМУ өмірдің әлеуметтік, саяси және экономикалық аспектілерін қауымдастықтан ұлтқа ұжымдық жолмен өзгерту мақсатында адамдармен кездеседі. Ол джипни жүргізушілері мен бейресми жұмысшылардың отбасылары тұратын жерлерді анықтайды. Колл-орталықтарда жұмысшы ұйымдарының қалыптасуын шығармашылықпен қолдай отырып, КМУ бизнес-үдерістер аутсорсингі кезінде жалақы арбитражының жаңа түрлеріне жүгінеді.

КМУ 40 жылдық күресін үйреткен ең маңызды сабақ – жартылай отардағы кәсіподақ қозғалысы экономикалық немесе саяси күрес арасында ыңғайлы таңдау жасай алмайды. Бұл тұрғыда мемлекеттің рөлі өте маңызды. Бұл белгілі бір өндіріс орнындағы жұмысшылар мен капиталистер арасындағы шектеулі экономикалық күрес мемлекет каналушыларға қысым көрсету құралы дейтін лениндік қағиданы ұстанатын жаһандық саяси күреске ауысуына ықпал етеді. Осы тұрғыда, КМУ сияқты Жаһандық Оңтүстіктегі кәсіподақтар жаһандық капитал қыспағынан жұмыс күшін босату үшін тарихи күресте тек жауынгер антиимпериалистер мен интернационалистер бола алады. Бұл жерді еркін қайта бөлуге және жарқын социалистік болашақ бағытында ұлттық индустрияландыруға үндеумен тығыз байланысты жұмысшы табының антиимпериалистік және антифашистік күресі. ■

Хаттарды Сара Рэймундоға <sarahraymundo1976@gmail.com> жолдауға болады.

> Жапониядағы кәсіподақтар және еңбек нарығын қайта реттеу

Хироаки Ричард Ватанабе, Ризумейкан Университеті, Жапония



Симбасидегі «Енді ешқандай кароси керек жоқ» (зорығып ажал құшу) наразылығы, Жапония, 2011 ж. Ұсынған: Неснадың өз жұмысы, CC BY-SA 4.0.

Жапония 1990 жылдардың басында өзінің көпіршік экономикасы құлдырағаннан кейін экономикалық тоқырауға ұшырады. Жапондық компаниялар сонымен қатар көрші Шығыс Азия елдерінің экономикалық бәсекелестігінің артуына тап болды. Жұмыс берушілердің осы жағдайды шешу үшін еңбек нарығының икемділігін арттыру туралы талабына жауап ретінде Либералды Демократиялық Партия (ЛДП) үкіметі 1990 жылдардан бастап еңбек нарығын қайта реттеуді жүзеге асырып, саясатты даярлау процесінде өзінің авторитарлық тенденциясын күшейтті. Еңбек нарығын неолибералды қайта реттеуді жүзеге асыру үшін ЛДП Үкіметі бірнеше Министрлер кабинеттерінде осы саясатты даярлау процесінен кәсіподақтарды шығарып тастап отырды.

> Еңбек нарығын неолибералды қайта реттеу

Уақытша жұмыспен камтуды реттеуді алып тастауға келетін болсақ, 1999 жылы Уақытша Жұмыс Агенттіктері туралы Заңға енгізілген түзету уақытша агенттіктердің жұмысын ырықтандырды, бұл жұмыс берушілерге оны кейбір жағдайларды қоспағанда (өндірісті қоса) кеңінен қолдануға мүмкіндік берді. 2003 жылғы түзету жұмыс берушілерге өндіріс секторында уақытша жалдамалы жұмысты пайдалануға мүмкіндік берді. Жапон экономикасы үшін пайдасын ескерсек, бұл түзету аса маңызды болды. Ал 2015 жылғы түзету жұмыс берушілер агенттік арқылы уақытша жұмысшыларды әр үш жыл сайын ауыстырып отырса, уақытша жұмысты шектеусіз пайдалануға мүмкіндік берді. >>

Еңбек нарығын неолибералды қайтареттеуді жүзеге асыруға байланысты уақытша қызметкерлер саны артты; қазіргі уақытта қызметкерлердің жалпы саны арасындағы үлесі шамамен 40% құрайды. Олардың жұмыспен қамтылуына кепілдік аз, бұл 2007-8 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы кезінде және жақында коронавирустық пандемия кезінде жұмыстан шығарылғандардың көптігінен байқауға болды. Төмен жалақымен, әлеуметтік қамсыздандыруға қол жетімділіктің жеткіліксіздігімен және т.б. сипатталатын еңбек жағдайлары нашар.

Ресми жұмысшылар көбірек қорғалғанымен, олардың еңбек жағдайлары жалақы, жұмыс уақыты және т.б. жағынан нашарлай бастады. Мысалы, ЛДП үкіметі 1998 және 2003 жылдардағы Еңбек Стандарттары туралы Заңға түзетулер енгізу арқылы «дискрециялық жұмысты» қолдануды кеңейту арқылы жұмыс уақытының ережелерін жеңілдетті. Осы санаттағы қарапайым жұмысшылардың жұмыс уақытын өз қалауы бойынша басқаруға құқығы бар, бірақ демалыс және мереке күндері, сондай-ақ кешкі жұмыс жағдайларын қоспағанда, үстеме жұмыс үшін ақы алуға құқығы жоқ. Осы тұрақты жұмысшылар жұмыс уақытын пайдалануда кәсіби тәуелсіздікке ие деп болжанғанымен, көбінесе олай емес. Оның орнына, дискрециялық жұмыстың кеңеюі жұмыс берушілерге тұрақты жұмысшыларды икемді пайдалануға және төменірек жалақы тағайындауға мүмкіндік беруде.

Жақында ЛДП үкіметі 2018 жылғы жұмыс стилін реформалау аясында «жоғары кәсіби жұмысты» енгізді. Жоғары кәсіби жұмыс – жұмыс уақытының ережелерін одан әрі қайта реттеу және ресми жұмысшылардың ешқандай жағдайда үстеме жұмысқа жалақы алуға құқығы жоқ. Сонымен қатар жұмыс стилін реформалау заңмен белгіленген үстеме жұмыс лимитін енгізгенімен, бұл лимит әлі де жоғары (кез келген алты айда айына орта есеппен 80 сағат) және бұл *karōshi* (зорығып ажал құшу) мен *karō ji-satsu* (зорығу салдарынан психикалық ауытқудың өзін-өзі өлтіруге алып келуі) санын едәуір төмендетуі екіталай. Тұрақты жұмысшыларға саны артып отырған уақытша жұмысшылармен ауыстырылу қаупі үнемі төніп тұр. Ал жұмыс берушілер тұрақты жұмысшыларды нашар жағдайда да құлшына жұмыс жасауға мәжбүрледі.

> Кәсіподақтар және қайта реттеу

ЛДП үкіметі жүзеге асырған еңбек нарығын неолибералды қайта реттеу кәсіподақтардың билігіне нұқсан келтіріп, уақытша жұмысшылардың санын көбейтті, өйткені кәсіподақтарға уақытша жұмысшыларды ұйымдастыру қиынға соғады. Бұл қазіргі уақытта шамамен 17% құрайтын кәсіподақтардың тығыздығының төмендеуіне ықпал етті. Жоғарыда айтылғандай, бірнеше министрлер кабинетінде саясатты талқылау процесінен шеттетілуі кәсіподақтардың биліктегі ресурсын азайтты.

Сонымен қатар, еңбек нарығын қайта реттеуге байланысты кәсіподақтар мүддесінің қайшылықтары олардың биліктегі

ресурсының сарқылуына ықпал етті. Автокөлік жасау және (осы уақытқа дейін) электроника сияқты халықаралық бәсекеге қабілетті сектордағы кәсіпорындардың негізгі кәсіподақтары еңбек нарығын қайта реттеуге кейде қарсы болмады. Бұл кәсіподақтар көбінесе уақытша жұмысшылардың есебінен тұрақты жұмысшылардың жұмыс орындарын қорғау мақсатында өз компанияларының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін басшылықпен аралық коалициялар құрды. Нәтижесінде олар уақытша жұмысшылардың тұрақсыздығына және заңсыз жұмыстан босату, жалақы төлемеу және ұзақ жұмыс күні сияқты тұрақты жұмысшылардың өсіп келе жатқан еңбек жағдайларының нашарлығына бейжай қарады.

Керісінше, қай компаниянікі екеніне қарамастан кез келген жеке жұмысшы қосыла алатын жеке кәсіподақтар, жұмыс тұрақсыздығы мен нашар жұмыс жағдайынан зардап шеккен жеке жұмысшылардың мүдделерін білдіру үшін жұмыс берушілермен агрессивті түрде күреседі. Бұл кәсіподақтар кәсіпорындардың кәсіподақтары ұйымдастырмаған шағын және орта кәсіпорындардың (ШОК) штаттан тыс қызметкерлері мен тұрақты қызметкерлерінің мүдделерін білдіреді; олар жеке еңбек дауларын шешуге бағытталған. Алайда, жеке кәсіподақтардың адами және қаржылық сияқты билік ресурстары кәсіпорындар одақтарына қарағанда, әлдеқайда аз.

Билік ресурстарының жетіспеушілігін өтеу үшін кейбір жеке кәсіподақтар азаматтық қоғам ұйымдарымен коалиция құру арқылы «қоғамдық қозғалыстың кәсіподақ қозғалысына» қатысады. Мысалы, *Shutoken Seinen Union* (SSU, Токио қалалық жастар одағы) жас жұмысшылардың мүдделерін қорғауға мамандандырылған жеке кәсіподақ *Aequitas* азаматтық қоғам ұйымы ұйымдастырған «1500 иен үшін күрес» науқанына қатысты (латынша «әділ» дегенді білдіреді), үкіметті жұмыс істейтін кедейлер үшін ең төменгі жалақыны көтеруге үндеді. Алайда, мұндай коалициялар көбінесе бір реттік негізде құрылады және жеткіліксіз институттанған.

Жеке кәсіподақтар саяси лобби, саяси ұсыныстар, жаппай наразылықтар және т.б. түрінде саяси қызметті жүзеге асыруға тырысты. Мысалы, SSU Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі сияқты тиісті министрліктерден ең төменгі жалақы, жұмыс орындарын қорғау және жұмыс уақыты сияқты мәселелер бойынша жас жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуды сұрады. Алайда, аздаған жетістіктерді қоспағанда, жеке кәсіподақтардың саяси әрекеттері үкіметтің еңбек саясатына айтарлықтай әсер етуі екіталай. Жеке кәсіподақтардың жұмысшыларды ұйымдастыруында қиындықтар бар, өйткені көбіне өз қатарына еңбек мәселелері бойынша кеңес беру арқылы тартады, әдеттегідей жұмыс орындарында жаппай қабылдамайды. Нәтижесінде, көптеген жекелеген жұмысшылар әлі де жұмыстың тұрақсыздығы мен оның нашар жағдайынан зардап шегеді. ■

Хаттарды Хироаки Ричард Ватанабере <hawatana@fc.ritsumei.ac.jp> жолдауға болады.

> Индонезия жұмысшыларының Сухарто режиміне қарсылығы

Верна Дайна К. Виажар¹, Еңбек және өндірістік қатынастар мектебі, Филиппиндегі Дилиман Университеті, Филиппин



Индонезиялық кәсіподақтар 2020 жылдың тамызында үкіметтің еңбек құқықтарын шектеу жоспарына қарсы елді тұтас қамтыған шерулер өткізді. Ұсынған: IndustriALL Оңтүстік-Шығыс Азия.

Өткенді есіне алмайтындар оны қайталауға мәжбүр болады деп жиі айтылады. Тарих бізге неолиберализм мен заманымыздың саяси-экономикалық теңсіздігінің жойқын дағдарысы аясында әлемде авторитаризмнің өсуін көрсетіп отыр. Бұл жерде отарлаудан кейінгі билік пен қырғи қабақ соғыс кезінде авторитарлық биліктің қуғын-сүргініне тап болған Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі кәсіподақ қозғалыстарын зерттеу пайдалы болуы мүмкін. Сондай мысалдың бірі – индонезиялық жұмысшы қозғалысы. Индонезиялық жұмысшы қозғалысы Сухартоның авторитарлық режимі кезінде қудаланған голландиялықтарға қарсы антиколониалдық қозғалыста пайда болды, содан соң Сухартодан кейінгі демократияландыру процесінде қайта жанданды. Әлсіздігіне қарамастан, Сухартоның репрессиялық режимі кезіндегі жұмысшылар қозғалысы режимді өзгерту және демократияландыру процесіне үлес қосты. Бұл мақалада Индонезиядағы жұмысшылардың мүдделерін қорғау үшін құрылған кәсіподақтар мен басқа да жұмысшы қозғалыстары Сухартоның авторитарлық режиміне қарсы демократияландыру күресінің негізгі элементтері болды деп айтылады. Индонезиядағы демократиялық реформаларға және режимнің өзгеруіне қарай ұйымдасқан жұмысшылардың ролін түсіну әлеуметтік күштердің қалай пайда болатындығы

және Индонезия ішіндегі және одан тыс авторитарлық тәжірибелерге қарсылықты күшейту туралы түсінік бере алады.

> Ертеректегі жұмысшы қозғалысы

1894 жылдан бастап Индонезиядағы голландиялық отарлық үкіметтің кезінде кәсіподақтардың құрылуына және дамуына рұқсат етілді. Кәсіподақ қозғалысы 100 000 астам жұмысшыға дейін өсті және 1940 жылдары Солшыл тәуелсіздік қозғалысына айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы президент Сукарно (1945 жылдан 1967 жылға дейін билікте) социалистік революционер және түбегейлі саясаттандырылған жұмысшылар қозғалысын, күшті коммунистік партияны (Partai Komunis Indonesia немесе PKI) және кейінірек Сухарто шыққан оңшыл әскери ұйымды мұра етті. Нәтижесінде, Сукарно билігі кезінде солшыл кәсіподақтар Индонезия коммунистік партиясы мен оңшыл әскери күштер арасындағы саяси қақтығысқа тап болды. Сукарно үкіметінің коммунистік ықпалына қарсы тұру үшін Сухарто 1968 жылы мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде билікті басып алды.

Сухартоның Жаңа тәртіп режимі ИКП мүшелері немесе оларға жанкүйер деп танылған шамамен 500 000 адамды

>>

өлтiрiп, миллионнан астам адамды тұтқындап билiкке келдi, бұл аймақтағы коммунистiк қозғалысты қан жоса еткен ең атақты оқиға деп аталады. Сухартоның авторитарлық режимiнiң тұрақтылығын қамтамасыз ету үшiн саяси қақтығыс кезiнде тұтқындалған әскери және солшыл кәсiподақтарды да әскери күштер жойды. Мемлекет тарапынан басылған және рұқсат етiлген жұмысшылар қозғалысы Оңтүстiк-Шығыс Азиядағы ең қанды төңкерiстiң «жұртында» дүниеге келдi. Осы репрессиялар мен кәсiподақ қозғалысын бақылау әлемдегi ең iрi ислам елiнде Сухартоның авторитарлық билiгiн (1968-1998) орнатудың алғышартына айналды.

> Pancasila-дағы² еңбекке қысым және мемлекет қолдаған өндiрiстiк қатынастар

Жиырма жылдан астам уақыт бойы индонезиялық ұйымдасқан жұмысшылар Pancasila еңбек қатынастары аясында авторитарлық Сухарто режимiнiң бақылауында болды. Кейiнiрек Pancasila Industrial Relations деп аталған осы құрылым Индонезияның қауымдастық iшiнде үйлесiмдiлiк iздеу мәдениетiн дәрiптедi, осылайша жұмысшылар мен капиталистер арасындағы таптық қақтығыс Индонезияға жат және Pancasila қағидаларына қайшы деп саналды. Мұндай шектеудi қолдану жұмысшылар наразылығының кез келген түрi, әсiресе ереуiл, Pancasila қағидаларын бұзу және үйлесiмсiздiкке жетелеу деп бағаланды.

Pancasila өндiрiстiк қатынастары Сухартоның Индонезияны Оңтүстiк-Шығыс Азия аймағындағы ең кедей елдер тiзiмiнен шығару жөнiндегi экономикалық стратегиясын қолдады. Сухартоның Жаңа тәртiбi 1970 жылдардағы импортты алмастыру стратегиясымен Индонезияның индустриялануына серпiн бердi; 1980 жылдары мұнай дағдарысынан кейiн 1970 жылдардың аяғында ел экспортқа бағытталған өсу стратегиясына көштi. Бұл стратегия 1980 жылдардан бастап 1997 жылғы азиялық қаржы дағдарысына дейiн жедел экономикалық өсуге әкелдi. Осындай даму үшiн жалақысы төмен еңбек нарығы жағдайында мойынсұнғыш кәсiподақ қозғалысы қажет едi. Алайда, жедел индустрияландыру жаңа әлеуметтiк күштердi, өнеркәсiптiк жұмысшыларды қалыптастырды, олар ұйымдасу еркiндiгiн арттыруды, ұжымдық келiссөздердi және кәсiподаққа қарсы зорлық-зомбылықпен күресудi талап еттi. Экспортқа бағытталған индустрияландыру стратегиясының аясындағы еңбекке қысым мен еңбектi қанау жағдайлары, еңбектi ұйымдастырудағы жауапсыздық пен оның мемлекет бақылауында болуына наразылық жаңа өнеркәсiптiк жұмысшы табын тудырды. 1990 жылдардың басында жаппай ереуiлдер бәсекеге қабiлеттi жұмысшы қозғалысына көшудi жариялаған кезде тәуелсiз кәсiподақтар ұйымдастырыла бастады.

1994 жылы жұмысшылардың бiрқатар ереуiлдерi мен наразылықтары азиялық қаржы дағдарысы кезiнде Сухартоның құлауымен аяқталған *reformasi* авторитарлық қозғалысына ықпал еттi. Ұйымдасқан жұмысшылар мен *reformasi* қозғалысы ресми ынтымақтастыққа келмегенiне қарамастан, Индонезия жұмысшылары мен кәсiподақтары режимдi



Ұсынған: IndustriALL Оңтүстiк-Шығыс Азия.

өзгерткен демократияландыру қозғалысына жанама түрде болса да өз үлестерiн қосты. Кәсiподақтар немесе ұйымдасқан жұмысшылар, сондай-ақ жұмысшылардың мүдделерiн қорғау үшiн құрылған басқа да кәсiподақ/жұмысшылар қозғалысы – индонезиялық жұмысшылар қозғалысының бөлiгi. Осы жұмысшылар қозғалысы авторитарлық Сухарто режимiне қарсы демократияландыру үшiн ауқымды қозғалыстармен байланысты болған кезде одан сайын күшейе түстi.

> Қорытынды

Индонезияның жұмысшы қозғалысы өзгерiске ұшырады да саяси және экономикалық тұрғыда өзгерiстерге ықпал еткен жеке тұлғалар мен кезеңдерге айналды. Кәсiподақтар Сухартоның жұмысшы қозғалысына қысым көрсету жүйесiнен әлсiредi, бiрақ жұмысшылар тек демократиялық ортада өркендей алатын бiрiгу бостандығы сияқты демократиялық құқықтарды талап еткен кезде режимнiң өзгеруiне ықпал еттi. Өндiрiстiк қатынастардағы өзгерiстер демократияландырудың кең қозғалысының бөлiгi болған өнеркәсiптiк жұмысшы табы, қалалық кәсiпқойлар және жұмысшылардың мүдделi топтары сияқты жаңа әлеуметтiк күштердi қалыптастырды. Жұмысшылар мен студенттер қозғалысы 1997 жылғы азиялық қаржы дағдарысынан кейiн Сухартоға қарсы қозғалыстың тiрегiне айналды. Индонезия үкiметтiң күрт құлдырауына және авторитарлық көшбасшының құлауына куә болды, 1998 жылы әскери танктер түн ортасында резиденциясын қоршап алған кезде Сухарто отставкаға кетуге мәжбүр болды. Pancasila ұлтшыл идеологиясы қолдаған Сухартоның Жаңа тәртiбi үкiметiнiң құлдырауы Индонезияда жаңа саяси дәуiрдiң басталуын айшықтады. ■

Хаттарды Верна Дайна К.Виажарға <vqvijajar@up.edu.ph> жолдауға болады.

1.Бұл жұмыс Халықаралық авторитаризм және контрстратегиялар зерттеу тобында (IRGAC) Берлиндегi Роза Люксембург қорының постдокторлық стипендиялары көмегiмен даярланды. Виажар ханым қазiргi Филиппиндiк Дилиман университетiнiң Еңбек және өндiрiстiк қатынастар мектебiнде (UP SOLAIR) Шақырылған ғылыми қызметкер ретiнде жұмыс iстейдi.

2.Pancasila – бастапқыда елдi бiрiктiру үшiн отарлық тәуелсiздiк көсемi Сухарно ұсынған саяси құрылым. Ол гуманизм, демократия және әлеуметтiк әдiлеттiлiк қағидаттарына негiзделген. Сухарто заңдылыққа ие болу үшiн осы танымал саяси идеяны иемденiп алды.

> Гендерлік режимдердің болашағы

Силвия Уолби, Сити, Лондон университеті, Ұлыбритания, ХӘҚ зорлық-зомбылық және қоғам жөніндегі Тақырыптық топтың үйлестірушісі (ТТ11), ХӘҚ экономика және қоғам және әйелдер, гендер және қоғам бойынша (ЗК32) зерттеу комитетінің мүшесі (және бұрынғы президенті) және **Карен Шайр**, Дуйсбург-Эссен университеті және ХӘҚ экономика және қоғам бойынша зерттеу комитетінің вице-президенті (ЗК02)

Гендерлік мәселелер жаһандық деңгейде маңызды. Бұл мақалалар топтамасында жаһандық талдау үшін қажет макро деңгейдегі гендерлік қатынастар туралы жаңа көзқарастар қарастырылған. Олар гендерлік режимнің нұсқаларын теориялаудың ең жақсы әдісін талқылайды. Осыған дейін әлеуметтанудағы жаһандық макродеңгейдегі талдаудың негізгі бағыты болып табылатын таптық талдауға интерсекциялық тәсілді қосады. Бүгінгі күнге дейін негізінен микро- және мезо- деңгейлерде талданған гендерді талдауға макродеңгейді қосады.

Құжаттар 2020 жылы [Social Politics](#)-те болған пікірталастар негізінде дамып отыр, гендерлік режим түрлерінің теориялары ағымдағы дағдарысты еңсеру және Жаһандық Оңтүстік пен Жаһандық Солтүстікті неғұрлым қатаң есепке алу үшін қалай жасалуы керек? Дағдарыстардың, әсіресе COVID дағдарысының гендерлік қатынастарға ықпалын қалай теориялауға болады? Жаһандық Оңтүстіктегі әлеуметтік гендерлік режимдердің нұсқалары солтүстікке қарағанда, басқа ма?

Заманауи, дәлірек айтсақ, көптеген күрделі модернизмдер жыныс бойынша қалай бөлінеді? Әлеуметтанулық теориядағы пікірталастың өзекті мәселесі болып табылатын қазіргі заманның ұлы трансформациясы гендермен қалай байланысты? Әлеуметтік қарым-қатынастардың күнделікті формалары табиғи ма, әлде кездейсоқтық па, әлде заманауиға дейінгі ме? Гендерлік режимнің алуан түрлеріндегі маңызды айырмашылық гендерлік режимнің ішкі және әлеуметтік формаларының арасындағы айырмашылық па? Жаһандық Солтүстікте кездесетін гендерлік режимнің неолибералды және социал-демократиялық түрлерінің арасындағы айырмашылық жалпы қолданылады ма, әлде жаһандық Оңтүстікте гендерлік режимнің қоғамдық формасының түрлері арасында әртүрлі айырмашылықтар бар ма?

Гендерлік режим тұжырымдамасы гендердің отбасына дәстүрлі қатынасын жоққа шығарады. Гендерлік режим қоғамдағы көптеген институттық салалардан тұрады. Бірқатар салалар талқыланады: кейде экономика, саясат,

азаматтық қоғам және зорлық-зомбылық; ал басқаларында қосымша салалар бар.

Гендерлік қатынастар үшін эмпириялық тұрғыдан маңызды деп танылған, бірақ негізгі әлеуметтанулық теорияға сирек енетін зорлық-зомбылық мәселесін қалай шешуге болады? Зорлық-зомбылық экономика, саясат және азаматтық қоғаммен қатар төртінші институттық сала ма? Макро деңгейдегі гендерді теориялау бұл сұраққа жауап беруді талап етеді. Көбінесе макро деңгей саяси экономия ретінде теориялық тұрғыдан тұжырымдалды. Мұнда келтірілген мақалалар зорлық-зомбылық теориясы туралы пікірталаста әртүрлі ұстанымдарға ие: кейбіреулер зорлық-зомбылықты негізгі институттық сала ретінде қарастыра отырып, жаһандық гендерлік аспект туралы макро деңгейде ойлау үшін зорлық-зомбылықтың маңыздылығын мойындауды жақтайды, ал басқалары зорлық-зомбылықты басқа салаларда таратуды жақтайды.

Күтімді ұйымдастырудағы жаңа әзірлемелер дәстүрлі түрде экономиканы нарықтық еңбек формаларына дейін төмендететін әлеуметтік теорияға қарсы шығады. Күтім жұмысы – төленетін-төленбейтініне қарамастан, экономиканың бөлігі. Экономиканың әлеуметтік қатынастарына ішкі қатынастар, сондай-ақ капитал мен еңбек арасындағы қатынастарды қамтиды.

Көбінесе бір аумақта әртүрлі жыныстағы бірнеше политикалар қатар өмір сүреді (және бәсекелеседі): «ұлттық» мемлекет, ЕО (немесе басқа гегемон), ұйымдасқан дін (мысалы, Католиктік Шіркеуі). Олардың гендерлік демократиялық тереңдігі әртүрлі, сондықтан күштерінің арақатынасындағы айырмашылықтар гендерлік болып саналады.

Гендерлік қатынастар қайта қаралуда. Жаһандық гендерлік тасымалдау тізбектері макродеңгейде де, микродеңгейде де талдауды қажет етеді. Олар капитализм мен гендерлік режим нұсқаларының қиылысуын; көші-қонды; әдіснамалық ұлтшылдыққа нақты гендерлік сын-қатерлерді талдауды қажет етеді. Барлық әлеуметтік салалары келісілген шектеулі ұлттық-мемлекеттік

“Гендерлік режим тұжырымдамасы гендердің отбасына дәстүрлі қатынасын жоққа шығарады. Гендерлік режим қоғамдағы көптеген институттық салалардан тұрады”

қоғам жоқ. Гендерлік қатынастарды есепке алу жергілікті (медициналық көмектің, саяси жобаның жаңа формаларын) және (ықтимал) гегемондарды (ЕО және Қытай, сондай-ақ АҚШ) қамтиды. Мақалада уақыт пен кеңістіктегі гендерлік режимдердің траекторияларын аралас және біркелкі емес дамудың әртүрлі гендерлік формалары ретінде түсінудің әртүрлі тәсілдері ұсынылған.

Осы құжаттар жинағында қарастырылатын маңызды мәселелердің бірі – COVID дағдарысы гендерлік режимді өзгертуге түрткі болды ма деген сұрақ. Бір жағынан, аурулар, күтпеген өлім және демократияландыру процестері бар. Екінші жағынан, ынтымақтастықтың жаңа формалары және прогресшіл жобалар бар.

Мақалаларда осы тақырыптар қарастырылған. Силвия Уолби зорлық-зомбылықты төртінші институттық сала ретінде қалай теориялауға болатындығын және гендерлік режимнің әртүрлі нұсқалары зорлық-зомбылықты қалай реттейтінін айтады. Карен Шайр дәстүрлі гендерлік режимдерге тән отбасылық саясат либералды да, социал-демократиялық қайта құру емес, гендерлік еңбек бөлінісін түбегейлі өзгерте алмайтындығы туралы айтады. Мике Верлоо отбасы дегенді түсіндіріп, оның орнына қоғам денені, сексуалдық және туыстық қатынасты ұйымдастыратын заң тұжырымдамасын қолдайды. Ол Венгрия мен Польшадағы репродукциялық құқықтар мен жыныстық автономияға жасалған шабуылдардан көрініп тұрғандай, оң жаққа «антигендерлік» бұрылысты интимдік

қатынастардың дестрадиализациясына қарсы әрекет ретінде қарастырады. Хайди Готфрид пен Карен Шайр Жапония мен Германиядағы өзгерістер траекториясын салыстырмалы түрде аймақтық талдауда гендерлік қатынастардың ауқымын қарастырады. Валентина М. Могадам Иран мен Тунистегі бірнеше феминистік жетістіктерді әлемдік жүйелер теориясына сүйене отырып, экономикалық перифериялар мен жартылай перифериялар арасындағы елдердің экономикалық дағдарыстар мен гегемониялық державалардан қалай зардап шегетінін ескергенде ғана түсінуге болады деп мәлімдейді. Тунистегі әйелдер құқығының бұзылуы жартылай периферияның әлемдік экономикалық дағдарыстарға шамадан тыс ұшырауымен түсіндірілсе, АҚШ-тың Иранға салған санкциялары елдегі гендерлік жетістіктердің жойылуына себеп болып отыр. Еже Қожабышақ патриархаттық мемлекет сипатындағы түрік гендерлік режиміндегі өзгерістерге талдау жасайды. Алба Алонсо, Росселла Чиччия және Емануела Ломбардоның Италия мен Испанияға жасаған талдауы Оңтүстік Еуропаның гендерлік режимдерде саяси жүйелер мен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуінен туындайтын үлкен айырмашылықтары бар екі елдің біртұтас аймақ емес екенін көрсетеді. Роберта Гуеррина, Хизер Макрей және Анник Массело ЕО-ны біртұтас нарық жобасы тудырған және соңғысы Covid болған көптеген дағдарыстар ушықтырған гендерлік және нәсілдік теңсіздіктерді шеше алмаған ерекше гендерлік режим ретінде қарастырады. ■

Хаттарды Силвия Уолбиге <Sylvia.Walby@city.ac.uk> жолдауға болады.

> Гендерлік режимнің жаңа нұсқалары пайда болды ма?

Силвия Уолби, Лондон университеті, Ұлыбритания, ХӘҚ Зорлық-зомбылық және қоғам жөніндегі тақырыптық тобының үйлестірушісі (ТТ 11) және ХӘҚ Экономика және қоғам (бұрынғы президенті), Әйел, гендер және қоғам (ЗК 32) жөніндегі зерттеу комитеттерінің мүшесі

Гендерлік режим нұсқаларының пайда болуы аясында үш мәселеге күмәнмен қарап, талдау қажет: зорлық-зомбылық, күтімдегі теңсіздік және дағдарыс концепциясы (Сурет 1) Ұсынған: эстетика дағдарысы / [flickr](#); (Сурет 2) Авторы және құқықтар: Жон Тухиг / [flickr](#); (Сурет 3) Ұсынған: дағдарыс эстетикасы / [flickr](#).

2020 жылы *Social Politics*-тің арнайы шығарылымында әріптестерімізбен шегелеп көрсеткеніміздей, гендерлік қатынастармен қоғам үшін гендерлік режимдердің жаңа нұсқалары және олар дамып келе жатқан траекторияларды анықтау маңызды. Гендерлік режимдердің ұлғайып келе жатқан әртүрлі формаларына басты назар аударылғанымен, гендерлік режимдердің әркелкі нұсқаларын көрсететін жаңа тәжірибелер пайда болуда. Кейбір (бірақ бәрі бірдей емес) қоғамдарға қысым жасалды, бұл гендерлік теңсіздікті тереңдетті; бұл қысымға COVID, Brexit және Трамп, сондай-ақ экономикалық құлдырау кіреді. Сондай-ақ, мемлекеттік (мысалы, қоғамдық денсаулық сақтау) және үкіметтік емес (мысалы, феминизм) қалыптарын қоса алғанда, гендерлік теңсіздікті азайтуға ықпал ететін ұжымдық әрекет ету формалары бар. Олар зорлық-зомбылық, күтім көрсету, феминизм және жыныс пен таптың қиылысуы мәселелерін көтереді. Гендерлік режимдердің түрлері туралы пікірталас контекстінде осы қысым мен дағдарыстар нені өзгертті немесе нақтылады деген сұрақтар туындайды. Аталмыш өзгерістерді қамту үшін гендерлік режимдердің типологиясында қандай жаңа айырмашылықтарды көрсетуіміз қажет? Экономика, саясат, азаматтық қоғам және зорлық-зомбылық салаларындағы әртүрлі траекторияларға алып келетін процестерді қалай жақсы түсінуге болады? Болып жатқан өзгерістерді теория арқылы түсіндіру үшін тағы не қажет: дағдарыс пен сыни бұрылыс тұжырымдамасы жеткілікті ме, әлде жаңа тұжырымдамаларды қажет ететін басқа да темпоралдықтар мен кеңістіктіктер бар ма? Үш ортақ мәселені бөліп қарастырған жөн.

Біріншіден, тереңдеген теңсіздікті талдау үшін «неолиберализм» ұғымы жеткілікті ме? Оңға бұрылыс және соның салдарынан орын алған теңсіздіктің тереңдеуін қалай анықтауға және теория арқылы түсіндіруге болады ма? «Консерватизм», «авторитаризм» немесе «фашизм» ұғымдары қажет пе? Зорлық-зомбылықтың артуына байланысты гендерлік режимнің түрлері аясында



зорлық-зомбылықты теория арқылы түсіндіру жаңа жолға қойылды. Мемлекеттің авторитарлық сипаты қажет пе, әлде бұл зорлық-зомбылықты неолиберализм тұжырымдамасын толық түсіндіре алады ма? Мемлекеттің қатысуымен қызметін іске асырып отырған жеке қарулы топтар санының өсуін түсіндіру үшін бастапқы нүкте фашизм тұжырымдамасы қажет пе, бұл мүмкіндікті жүзеге асырудың алдын алу үшін азаматтық қоғам тарапынан да, мемлекет ішінде де тұрақты қарсылық жеткілікті ме? COVID-19 туралы: денсаулық сақтау қызметтерінің саяси экономикасын коммерциялық жеке фирмалар ретінде қайта құру әрекеті неолиберализм тұжырымдамасын ғана емес, сонымен бірге жыныс пен таптың қиылысуын белсенді талқылауды қажет етеді ме?

Екіншіден, төмендеп келе жатқан теңсіздікті талдау: қалыптасып жатқан тәжірибені түсіну үшін әлеуметтік демократия жеткілікті ме? Скандинав елдеріндегі тарихи формадан гөрі, ұлттық мемлекетке басқаша қатысы бар әлеуметтік-демократиялық гендерлік режимдердің жаңа формалары бар ма? Тұжырымдамалар социал-демократиялық формаларды ажырата білуі керек пе: саясатты, мемлекеттік және мемлекеттік емес (қоғамдық, қауымдық, қауымдастық, көршілік, жергілікті), оның ішінде ұжымдық және ынтымақтастықтың әртүрлі формалары. Covid туралы: бір жағынан, COVID дағдарысы вирустың таралуын тоқтатудағы мемлекеттік қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі рөліндегі әлеуметтік демократияның мемлекеттік формалары маңыздылығын тағы бір рет көрсетеді. Екінші жағынан, жергілікті мемлекеттік деңгейде оқшаулауды тиімді тестілеу, бақылау және қолдау үшін білім мен іс-қимыл қажет. Кем дегенде Еуропада, ақылы немесе ақысыз көрсетілетініне қарамастан қолданылатын күтім көрсетуге және алуға байланысты табиғи және әлеуметтік байланыстар арқылы вирустың таралу мәселесін шешудің салыстырмалы түрде мүмкін еместігі күтім туралы гендерлік пікірталастардағы кейбір айырмашылықтардың COVID-пен байланысы аз деп болжауға алып келеді. Осыдан бірқатар мәселелер туындайды: күтімді қамтамасыз етуге феминистік

араласудың гендерлік режимге тигізетін салдарлары қандай? Күтім қатынастарындағы жаңа тәжірибені теория арқылы қалай түсіндіруге болады? Гендерлік режимдердегі кеңістіктік пен масштабтауды теория арқылы түсіндірсек, қалай болады?

Үшіншіден, дағдарыс туралы: дағдарыстың нәтижесінің типологиясы жеткілікті ме (қалпына келтіру, күшейту, трансформация немесе апат)? Маңызды сәтті әлеуетті сыни өзгеріс нүктесі ретінде тұжырымдау жеткілікті ме? Феминизмнің әртүрлі ықпалын қалай түсінуге болады? Жүзеге асу жолына тәуелді жаңа траекториядағы сыни өзгеріс нүктесі немесе өзгеріске бетбұрыс сәті әдетте «оқиға» ретінде тұжырымдалады, себебі оның жүзеге асу уақыты мен ұзақтығы қысқа және шоғырланған кеңістігі бар. Одан әрі жіктеуді ұсынатын үш балама тұжырым мүмкін: «каскад», «катализ» және «толқын». Каскад тұжырымдамасында дағдарыс қоғамның әлеуметтік жүйелері арқылы құлдырауы мүмкін немесе мүмкін емес дағдарыс нүктелерінің тізбегіне сілтеме бар; бұл 2008 жылғы қаржы дағдарысы мен 2020-21 COVID-19 дағдарысына қатысты пайдаланылды. «Катализатор» ұғымында «оқиға» ұғымымен қамтылатын ұзақтықтан ұзағырақ уақытқа сілтеме бар; онда XX ғасырдың ортасында Скандинав елдерінде әлеуметтік гендерлік режимнің әлеуметтік-демократиялық нұсқаларының дамуын көрсетуге қолданылған дәйектілік пен каскадтан басқа, спираль ұғымдарымен байланысты үдеу идеясы бар. Толқында тұрақтылығы жоғары институттық формаларға әсер ететін өзгерістердің динамикалық күші бар (мысалы, жаһандық феминизм), онда нәтиже олардың арасындағы өзара әрекеттесуге тәуелді, бұл өзгерістердің жетілдірілген кеңістіктік, сонымен бірге уақытша ерекшелігін ұсынатын «қайта құрылымдау кезеңдері» тұжырымдамасына негізделген.

Жоғарыда аталған үш мәселе 2020 жылғы *Social Politics*-дегі гендерлік режимдердің әртүрлілігі туралы пікірталастар мен заманауи қоғамдық оқиғалармен өзара әрекеттесуін ұсынады. ■

Хаттарды Силвия Уолбиге <Sylvia.Walby@city.ac.uk> жолдауға болады.

> Барлығы отбасында: консервативті гендерлік режим

Карен Шайр, Дуйсбург-Эссен университеті, Германия және ХӘҚ Экономика және қоғам жөніндегі зерттеу комитетінің вице-президенті (ЗКО2)



Әйелдерге күтім жасау ауыртпалығын азайту мәселесі отбасылық саясат, ал отбасылардағы әйелдерді қолдау жұмыс пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету ретінде тұжырымдалғанда қамқорлық міндеті кімге жүктелді? Ұсынған: Ник Янгсон /[Creative Commons](#).

Гендерлік режим теориясы әлеуметтік гендерлік режимдерді дамыту үшін мінсіз типтегі екі траекторияны қамтиды. Біріншісі – неолибералды траектория, онда әйелдерге бәсекеге қабілетті нарықтарға тең қолжетімділіктің арқасында ер адамдармен тең дәрежеде орналасу мүмкіндігі ашылады. Бұл траектория жалақы төленбейтін еңбектің гендерлік бөлінуі мен еңбектің гендерлік сегрегациясы әйелдерді қалай қолайсыз жағдайға алып келетінін елеусіз қалдырады. Социал-демократиялық траекториялар гендерлік теңдікті бүкіл саясаттың мақсаты деп таниды, ең бастысы, күтім саясаты және басқа да әлеуметтік қорғау шаралары, бұл еңбекпен қамтуды теңестіреді және әйелдерге саяси және экономикалық басшылыққа тең қатысуға кепілдік береді.

Нақты жағдайлар тұрғысынан АҚШ неолибералды гендерлік режимге, ал Швеция әлеуметтік-демократиялық идеалға жақын. Екі жағдай да бір-біріне ұқсас – олардың гендерлік режимдерінің дамуы модернизацияның демократиялық бағытына енеді. Гендерлік режимдердің саналуандығына арналған [Social Politics](#)-тің (2020) арнайы шығарылымында Кумико Немото екеуіміз демократиялық модернизацияның тарихи тәжірибесіне негізделген мінсіз типтер авторитарлық модернизациядан өтіп жатқан елдердің ерекшеліктерін елемейді деп тұжырымдадық. Авторитарлық модернизацияның екі

жағдайында – Германия мен Жапонияда гендерлік режимдердің тарихи құрылымын талдауда отбасылық кодекстер ерлер басқаратын үй шаруашылығындағы әйелдерді бағындыруда және ұлтшылдық пен милитаристік мүдделер қызметінде тұрған әлеуметтік институт ретінде отбасылық ұяшықты құруда маңызды рөл атқарды деп тұжырымдадық. Отбасындағы гендерлік иерархияны құқықтық бекіту туралы ұқсас дәлелдер БВСА (Могам), Түркия (Қожабышақ) және Испания (Алонсо және Ломбардо) аймақтарындағы авторитарлық модернизацияның басқа жағдайлары үшін *Social Politics* арнайы шығарылымында келтірілген.

> Германия мен Жапониядағы отбасылық саясат

1945 жылы әскери жеңілістен және шетелдік оккупациядан кейінгі демократияландыру кезінде Германия мен Жапониядағы отбасылық кодекстердің реформалары толық болмаса да АҚШ-тың либералды-нарықтық моделі бойынша ішкі гендерлік режимдерді құрды. Отбасылық үй шаруашылығындағы гендерлік иерархия гендерлік ғалымдар «ер адам – асыраушы» моделі деп атаған ұлттың еншілес бірлігі ретінде әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамту саясатында қалыпқа келтірілді. Феминистік екінші толқын қозғалысы 1970-жылдары мұрагерлік және ажырасу заңы сияқты консервативті отбасылық құрылымның көптеген

қалдықтарын реформалауға қол жеткізді. Алайда, отбасылық үй шаруашылығының қамқорлыққа, сондай-ақ отбасы-ер асыраушыға салықтық және әлеуметтік қолдау жауапкершілігі қалды. Бұл гендерлік режимдер енді авторитарлық болмаса да, тез қартаю, туудың төмендігі және жұмыс күшінің азаюы салдары күтімді әлеуметтік ұйымдастыру мен әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейін арттыруды реформалауда консервативті саясатты әлеуметтік және либералды демократиялық күштермен ымыраға итермелеп, 2000-шы жылдарға дейін консервативті болып қала берді.

Швед социал-демократиялық гендерлік режимі осы реформаларға үлгі болған жоқ; және менің ойымша, ол бола алмады. Құрылықтық Еуропаның көптеген елдеріндегідей, Германия мен Жапонияда әлеуметтік қамсыздандыру әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар есебінен қаржыландырылады, ал қорғау асырауындағы отбасы мүшелеріне қолданылады. Мұндай әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі әлі де отбасылардағы әйелдерге ақы төленбейтін күтіммен айналысуды жүктейді. Сонымен қатар шведтік салықтық қаржыландыру және мемлекеттік мекемелер туралы шешімді саяси тұрғыда орындау мүмкін емес. Оның орнына, әйелдерге күтім жасау ауыртпалығын азайту мәселесі отбасылық саясат ретінде, ал отбасылардағы әйелдерді қолдау жұмыс пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету ретінде тұжырымдалды. Екі елде де отбасылық саясат балалар мен қарттарға күтім жасауды әлеуметтік қайта құруға араласты. Алайда, ешбір елде отбасылық саясат Швециядағыдай қамқорлықты әлеуметтендірмеді және ақы төленбейтін күтім еңбегінің гендерлік бөлінуін бұза алмады.

Отбасылық саясат не нәрсеге қол жеткізді? Отбасылық саясаттың гендерлік логикасы күтімнің ең өткір түрлеріне – енді өз бетінше өмір сүре алмайтын сәбилер мен қарттарға назар аударған кезде айқын болады. Германияда да, Жапонияда да отбасылық саясат қамқорлықтың барлығын отбасында сақтап қалды.

Сәбилерге күтім жасауды кеңейту бағдарламалары бір жастан екі жасқа дейінгі балалардың көпшілігін қамти алмады. ЕО-ның қысымымен реформа жасауға мәжбүр болған Германияда осы жастағы сәбилерге қамқорлықтың баяу жүруі (қамтудың 34% дейін) әйелдердің басқа салаларда, тіпті басқа отбасында сәби күтімімен болса да рөлінің күшеюіне жол ашқан «күндізгі аналар» күтімінің

кеңеюіне байланысты. Жапонияда әйелдер балалар мекемесінен орын алу кезегінде тұрса, жүктілік және босану демалысын бір жылдан астам уақытқа ұзартуға рұқсат етілген.

Қарттарға күтім жасау саласында екі ел де 20 жылдан астам уақыт бұрын ұзақ мерзімді күтімді сақтандыруды енгізді. Алайда, қарттарға күтім жасау үшін құрылған жаңа нарықтар отбасы мүшелері ұсынатын күтімді әлеуметтендіруге емес, толықтыруға бағытталған. Қамқорлықты әлеуметтендіруден гөрі, жеке нарық қызметтерін кеңейтуді мемлекеттік қолдау гендерлік қатынастардағы өзгерістердің неолибералдық траекториясын болжайды.

> Нақты әлеуметтік-демократиялық балама іздеу

Неолибералды ашық гендерлік режимге балама жоқ па? Әңгіме социал-демократиялық гендерлік режимдердің швед формасының баламаларына қатысты. Бұл ізденісте, ең болмағанда, бастапқы нүкте айқын: дәстүрліктен айырылу және әлеуметтік қамқорлықтың негізгі бірлігі ерлі-зайыптылық/биологиялық отбасының интим қатынастарды әлеуметтік қайта құру жолымен және гендерлік теңдік мақсатына негізделген жаңа моральдық қамқорлық экономикасы арқылы дағдарысқа ұшырауы.

1968 жылғы студенттік және феминистік қозғалыстардағы интимдік қатынастарды қайта құру тәжірибелеріне оралсақ, Германия мен Жапонияда балалар мен қарттарға отбасынан тыс күтім жасаудың балама түрлерін жасау үшін мемлекеттік субсидиялар мен сақтандыру жарналарын шығармашылықпен пайдаланудың дәлелдері бар. Германияда күндізгі аналар кооперативтері, сондай-ақ жалға алынған үй-жайлардағы әкелер үшін күндізгі күтім және қарттар өз күтушілерін жалдау үшін сақтандыру жарналарын біріктірген кезде бірге тұрған жағдайларды мысал ретінде келтіруге болады. Жапонияда әйелдер басқаратын коммерциялық емес ұйымдар жоғары сапалы медициналық көмек және ақыға жұмыс жасайтын әйелдерге, сонымен бірге қарттарға, сондай-ақ сәбилерге күтім жасауда көбірек байқала бастаған ер адамдарға қамқоршы ретінде лайықты жұмыс ұсынады.

Консервативті гендерлік режимдердегі гендерлік қатынастарды модернизациялаудың нақты әлеуметтік-демократиялық баламасын іздеу бізге айқын отбасының соңынан басталуы мүмкін. ■

Хаттарды Карен Шайрға <Karen.shire@uni-due.de> жолдауға болады.

> Еуропада гендерлік режимнің өзгеруін көре аламыз ба?

Мике Верлоо, Радбуд университеті, Нидерланд



#pieklokobiet (әйелдерге арналған тозақ) хэштегі Польшада аборт жасатуды шектейтін жаңа заңдарға қарсылықтың символына айналды. Ұсынған: Лукаш Катлева /[Wikimedia Commons](#).

Соңғы онжылдықта гендерлікке қарсы науқандардың күшеюі байқалды. Олар бүкіл Еуропаға таралып, қатысушылардың санын және феминистік болашақ үшін маңызды мәселелер ауқымын көбейтуде; біз сондай-ақ реакциялық стратегиядан белсенді стратегияға ауысуды көріп алаңдап отырмыз. Бұл науқандар феминистік мәселенің нақты кешеніне, атап айтқанда, 70-ші жылдардағы феминистік жобаның әсіре феминистік желісінде басым болған жыныс пен гендердің деэссенциализациясы, тәндік және жыныстық автономия, репродукциялық құқықтар мен гетеронормативтілікке бағытталғанын байқауға болады. Мұның бәрі Еуропадағы авторитаризмнің күшеюі жағдайында жүзеге асуда. талқылайтын Агнешка Граф пен Елжбета Королчуктың [Anti-Gender-Politics in the Populist Movement](#) [Популистік қозғалыстағы антигендерлік саясат] деген жаңа кітабы осы құбылысқа керемет талдау жасайды. Осы шабуылдар Еуропадағы гендерлік режимнің өзгеруін білдіре ме және олар гендерлік режим теориясын кеңейтуді талап ете ме деген сұрақты зерттеп жатырмын.

Уолбидің гендерлік режим теориясында гендерлік режимдер — мемлекеттің, экономиканың, зорлық-зомбылықтың және азаматтық қоғамның ерекше конфигурацияларының гендерлік теңсіздікке қалай әсер ететіндігімен ерекшеленетін теңсіздіктің күрделі жүйелері. Ол ішкі және қоғамдық гендерлік режимдерді, ал қоғамдық гендерлік режим ішінде неолибералдық және социал-демократиялық формаларды ажыратады. Ішкі және мемлекеттік гендерлік режимдер арасындағы айырмашылық саясаттағы айырмашылықтарға негізделген: ұлттық гендерлік режимдердегі саясат мемлекеттің әлсіздігімен және отбасы мен туыстық қатынастарға негізделген ерлер патриархатының күшті рөлімен сипатталады, ал мемлекеттік гендерлік режимдерде бұл күшті мемлекетпен сипатталады. Содан кейін екі қоғамдық гендерлік режим арасындағы қосымша айырмашылық мемлекеттер немесе мемлекеттік институттар таптық теңсіздікті қалай ұйымдастыратыны негізінде жасалады.

Қоғамдық неолибералдық гендерлік режим жағдайында мемлекеттік институттар нарыққа, демек, экономиканы

ұйымдастырудың капиталистік жүйесіне мүмкіндігінше көбірек орын береді, бұл терең таптық теңсіздікке әкеледі және олар тоғысатын гендерлік теңсіздіктерді қалыптастырады. Қоғамдық социал-демократиялық гендерлік режим мүмкіндіктер теңдігінің белгілі бір негізгі деңгейінің пайдасына таптық теңсіздіктің ең нашар көріністерін жұмсартуға арналған. Гендерлік теңсіздік, әсіресе жұмыс және күтім саласындағы, осы жұмсартудың бір бөлігі десе болады.

Гендерлік режимдердің осы айырмашылығы негізінен мемлекеттік басқару және экономика салаларына негізделген. Дегенмен, гендерлік теңсіздікке қарсы күрес науқандарын және олармен байланысты гендерлік трансформацияларды түсіну үшін гендерлік режим теориясында гендерлік теңсіздік пен сексуалдық теңсіздіктің өзарабайланысына көбірек көңіл бөлу қажет. Мен катексисті қосқанда, тәнді, сексуалдықты және туыстық қатынастарды реттейтін барлық институттардан тұратын гендерлік режим теориясына өзгерту енгізілуі мүмкін және қажет деп тұжырымдаймын.

Менің дәлелдерім гендерлік режим теориясының төрт сынына қатысты (2020 жылғы [Social Politics](#)-тің гендерлік режимдер туралы арнайы шығарылымы), олар Уолби аясында «отбасы» қажеттілігіне назар аударады және осы мақсатқа жетудің әртүрлі жолдарын ұсынады.

> Отбасы гендерлік режим теориясындағы сала: мүмкіндіктер мен шектеулер

Валентин М.Могадам екі әлеуметтік гендерлік режимді ажыратады: неопатриархаттық және консервативті-корпоративті. Неопатриархаттық гендерлік режим – әйелдердің экономикалық өмірге қатысуын шектейтін капитализм түрімен, тұрақты феминистік ұйымға кедергі келтіретін азаматтық қоғамға шектеулермен, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа қатысты жеткіліксіз немесе қолданыстағы заңнамамен біріктірілген консервативті отбасы құқығы арқылы мемлекет ұйымдастырған ішкі патриархаттық тәртіп. Жаңадан пайда болған консервативті-корпоративті режим күшті феминистік қозғалыстарды, әйелдердің кәсіптегі танымалдығын және реформаланған отбасылық құқықты көрсетеді. Оның пайымдауынша, отбасын қызмет саласы ретінде қосу қажет, өйткені отбасы заңдары мен реформалары – осы гендерлік режимдердің пайда болуы мен өзгеруінің негізгі институттары. Ол саясатта және азаматтық қоғамда әртүрлі демократиялық емес немесе демократиялық ұстанымдары төмен жағдайларға назар аударатынын атап өткен жөн.

Карен Шайр мен Кимико Немото мемлекеттің демократиялық немесе авторитарлық сипатына негізделген айырмашылықты көрсете отырып, отбасылық саясаттың маңызды рөлін де атап көрсетеді. Олар консервативті гендерлік режимдер ішкі қоғамдық саланы білдіретінін және неолибералдық та, социал-демократиялық та емес, жынысқа негізделген еңбек бөлінісін күшейтетін отбасылық саясат аясында өзгеріп жатқанын атап өтеді. Бұл

отбасылық саясат әйелдерді жұмыспен қамтуды қолдауды және туу көрсеткішін арттыруды біріктіреді. Олар ішкі гендерлік режимдерді либералды емес, консервативті жолмен жаңғыртуға болатынын көрсетіп, еңбек пен күтімді ұйымдастыруды ғана емес, сонымен қатар әйелдердің туу қабілеттілігін бақылауды да назарға алады. Могадам сияқты гендерлік режимдерді демократия мен автократия тұрғысынан ажыратады, олар өзгерістердің әртүрлі жолдарымен байланысты: авторитарлық режимдерде жоғарыдан төменге және демократиялық режимдерде төменнен жоғарыға бағытталған.

Еже Қожабышақ гендерлік ұстанымдар арқылы отбасылықтан қоғамдық гендерлік режимге көшу кезінде отбасының маңыздылығына көбірек көңіл бөлуді жақтайды. Ол отбасындағы еңбекті патриархаттық қанаудың жалғасуына ықпал етіп, жекеменшіктен айырып ғана қоймай жалақыға тәуелділікті күшейтумен қатар, әйелдердің ақылы жұмыстан да қол үзуін ұйымдастыратын қазіргі патриархаттық өмір салтын байқайды.

Емануела Ломбардо мен Алба Алонсо да катексизм саласын теориялауды қажет деп санайды, өйткені Испаниядағы жыныстық және репродуктивті күрес гендерлік режимнің динамикасын түсіну үшін өте маңызды. Бұл күрес гендерге қарсы науқандардың негізінде жатыр және гендерлік режимдердің одан әрі анағұрлым феминистік бағытта трансформациялануын болдырмайды; жақында қол жеткізген табысты жоққа шығара алады.

Осы авторлардың барлығы «отбасылық» мәселені Уолбидің төрт заманауи бағытына сәйкестендіруге тырысады, бірақ қиындықтарға тап болады, өйткені отбасылар негізінен еңбек пен күтімді бөлуге бағытталған. Дегенмен, бұл қоғамның тәнді, сексуалдықты және туыстық қатынасты қалай ұйымдастыратынына негізделген гендерлік теңсіздіктің аспектілерін қамту үшін жеткіліксіз.

Қорытындылай келе, әлеуметтік неолибералдық және социал-демократиялық гендерлік режимдер арасындағы әртүрлі гендерлік режимдердің қазіргі ахуалы гендерлік теңсіздікке қарсы ағымдағы науқандарды бақылауға алу және нәтижесінде гендерлік қатынастардың аса прогресшіл емес нысандарына көшу үшін жеткіліксіз. Бұл бұрылыс Польша мен Венгрияда орын алып, репродуктивті және сексуалды автономияны шектеп, қарым-қатынас пен отбасын құру үшін жыныстық құқықтарды бұғаттады; ол басқа елдерге және әртүрлі саяси акторлар арасында тез таралуда. Осы трансформацияны жақтайтын ортодокс діни және әсіресе оңшыл қайраткерлердің күшті коалициясы бар. Бұл неопатриархаттың заманауи қоғамдық формасы ма?

Бұл – тәнге, сексуалдыққа және туыстық қатынасқа негізделген жаңа толыққанды алаңды анықтаған кезде ғана оның барлық ұсқынсыздығымен айқын көрінетін гендерлік режимнің маңызды трансформациясы. ■

Хаттарды Мике Верлооға <mieke.verloo@ru.nl> жолдауға болады.

> Қоғамдық гендерлік режимдер: ТОҒЫСУШЫ айырмашылықтар

Хайди Готфрид, Уэйн мемлекеттік университеті, АҚШ, ХӘҚ Экономика және қоғам (ЗК02), Жұмысшы қозғалысы (ЗК44), Әйелдер, гендер және қоғам (ЗК32) зерттеу комитеттерінің басқарма мүшесі және **Карен Шайр**, Дуйсбург-Эссен университеті, Германия, және ХӘҚ экономика және қоғам зерттеу комитетінің (ЗК02) вице-президенті



Жапония мен Германиядағы ұдайы өндірісті аймақтық қайта ұйымдастырудың түбегейлі айырмашылықтарына қарамастан, мигранттар екі елдегі күтім қызметінде маңызды рөл атқарады. Ұсынған: Пекка Никрус /[flickr](#).

Жоғары экономикалық өсу деңгейімен ерекшеленген Германия мен Жапонияның экономикалық кереметтерінен кейін әйелдердің білім беру саласындағы саны артты. Алайда, бұл жалақы мен ақысыз күтімдегі үлкен гендерлік алшақтықпен сипатталатын жұмыспен қамту құрылымына және әйел-аналардың арасындағы толық емес жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне айтарлықтай ықпал еткен жоқ. Пандемиядан кейін бұл ахуал тек нашарлай бастады. Күтімді ұйымдастыру бойынша соңғы саяси бастамалар жаһандық ауқымда әлеуметтік ұдайы өндірісті қайта қалыптастыратын әлемдегі қазіргі гендерлік режимдер арасындағы «тоғыспалы айырмашылықтарға» әкелуде, бұл, өз кезегінде, репродуктивтік еңбектің гендерлік бөлінуінің трансформациясында әйелдер арасында жаңа айырмашылықтарды тудырады. Мигранттардың төмен ақылы жұмыс күшіне деген сұраныстың артуы (әсіресе картаю мәселесіне шалдыққан елдерде) әлеуметтік және саяси экономиканың одан да күшті аймақтық және жаһандық бірігуіне және сәйкесінше тап, жыныс және нәсіл/азаматтық белгілері бойынша теңсіздіктің тығыз тоғысуына жол береді.

> Күтім жұмысын қайта құрылымдау

Германия мен Жапонияда сәбилерге күтім жасау негізінен үй қожалығында жүзеге асырылады, ал реформалар сәбилерге күтім жасайтын арнайы мекемелердің санын кеңейте алмады. Аталмыш екі елде де асыраушы ер адамдарды жұмыспен қамтудың қатаң жүйесінің нәтижесінде қалыптасқан туу деңгейінің төмендеуі егде жастағы адамдар санының тез өзгеруіне, сонымен қатар қарт адамдарға күтім жасау қызметтеріне деген сұраныстың артуына әкелді. Екі елдің әлеуметтік саясатына еңгізілген соңғы толықтырулар – ұзақ мерзімді сақтандыру схемалары – екі мемлекетте қарт адамдарға күтім жасау практикасының үй қожалығында ығыстырылуына әкелді. Екі елде де сақтандыру жарналары есебінен қызметтерді ішінара қаржыландыру аз төленетін

және жартылай кәсіби еңбек түрінде күтім қызметтерін кеңейтуге ықпал етеді.

Бүкіл Еуропалық Одақ (ЕО) бойынша Еуропалық жұмыспен қамту стратегиясы мен оның гендерлік мақсаттарының қысымы арқасында балаға күтім жасау (әсіресе кем дегенде үш жастан төмен емес балалар үшін) практикасы бұрынғыдан да әлеуметтендіріле түсті. Алайда, үш жасқа дейінгі балаларға күтім жасау көп жағдайда отбасылық мәселе болып қала береді. Үй жұмысы саласындағы ерлердің мінез-құлқындағы айқын өзгерістің болмауы ЕО ішіндегі әйелдердің жалақы төленбейтін үй еңбегінің көп бөлігін ақылы нарықтық қызметтерге ауыстыру әрекеттерін күшейтуде. Сонымен қатар, гендерлік режим әлеуметтік-демократиялық іс пен әлде жоқ па, ақылы үй жұмысы мен бала күтімінің айтарлықтай үлесі көбінесе төмен жалақы мен тұрақсыз жұмыс жағдайында жұмыс жасайтын мигрант әйелдердің жұмысы ретінде анықталады. Осы контексттегі айырмашылық әйелдердің еңбек ету жағдайларына әсерін тигізуде. Бұл ретте, әртүрлі гендерлік режимдердің тығыз тоғысуы аясында азаматтығы бар әйелдер мен азаматтығы жоқ әйелдердің жұмысы арасындағы нақты бөліністің бар екендігі байқалады. Әйелдердің үй қожалығынан ақы көп төленетін жұмысқа кетуіне байланысты ұдайы өндірістің әлеуметтік қайта құруы мен отбасы саясаты (мысалы, үй қызметкерлерін жалдау үшін салық жеңілдіктері) демографиялық өзгерістер жағдайында ұлттық өсім стратегиясының мақсаты ретінде әйелдердің жұмыс күшіне қатысуын ынталандыруға бағытталған. Осыған байланысты өсім стратегиялары ұдайы өндірудің ұлттан жоғары аймақтық интеграциясымен тығыз байланыса бастады.

> Аймақтық нұсқалар

Ұдайы өндірудің аймақтық қайта құруы Азия-Тынық мұхитындағы Жапония жағдайында және Еуропалық Одақта Германия жағдайында айтарлықтай ерекшеленеді. Еуропалық Одақтағы қызмет көрсету бостандығы мен мобилдік еркіндігі толық либералданған сауда және жұмыс күші мобилдігі инфрақұрылымын құрды. Дегенмен, Шығыс Еуропадан келген көші-қон Германияның Денсаулық сақтау саласында жаңа мүше мемлекеттердің азаматтары Германияда заңды түрде жұмыс істей алмастан бұрын маңызды рөл атқарғанын көрсететін мәліметтер негізгі айырмашылықтарды емес, функциялық эквивалентті көрсетеді. АСЕАН елдері сондай-ақ одаққа мүше мемлекеттер арасындағы білікті жұмысшылар үшін жұмыс мобилдігінің кейбір салаларында қалыптасқан кедергілерді жоя бастады, бірақ бұл одақтың ережесі ЕО-дан өзгеше. Жапония кең ауқымды ұдайы өндірудің ұқсас динамикасына қол жеткізу үшін екіжақты келісімдерге сүйенеді. Сауда келісімдерін жұмылдыра отырып, экономикалық серіктестік тілінде айтқанда, Жапония күтім саласында жұмыс күшінің мобилдігінің жаңа дәліздерін құрды; шын мәнінде, күтім саласындағы жұмыс күші – осы келісімдердегі көші-қон ережелерінің негізгі мақсаты. Мигранттар көп келуші мемлекеттер – Филиппин, Индонезия және Вьетнам – жапон отарлау тарихы, Жапонияның өңірдегі донор мемлекет ретіндегі саяси ықпалы мен ең ірі шетелдік

инвестор ретіндегі ұстанымына негізделген бұрынғы аймақтық арналарды қолданады.

Германияға қарағанда, Жапония келісімдер жасасу және күтім жұмысының жіктелісін білікті және біліктігі жоқ деп өзгерту арқылы мигранттардың санын көбейту үшін сақ тәсілді қолданады. Жұмыс күшін импорттау стратегиясы елдегі күтім саласында жұмыс жасайтын қызметкерлердің жетіспеушілігін толықтыра алмады, бұл, өз кезегінде, иммиграцияны қатаң қадағалау, лицензия және азаматтық алудағы кедергілер Жапонияға келуші жұмысшы мигранттардың санын шектеп отырумен ішінара байланысты. Жапон мемлекеті өзінің ескі қағидасын ұстана отырып, делдалдықтың ортасына араласып, екіжақты келісімдердің ережелерін анықтайтын агент ретінде ғана емес, сонымен қатар өңірдегі басқа елдерден келетін жұмыс күшінің қозғалысын басқаратын еңбек нарығының делдалы ретінде де әрекет ете бастады. Еуропалық одақтағы еркін мобилдік Германиямен шектес елдерден трансшекаралық ағындарды жеңілдетті. Бұрынғы шектеулер бойынша бала күтімімен айналысатын жұмысшы мигранттар Германияға өзін-өзі жұмыспен қамтыған (ЕО-дағы қызмет көрсету еркіндігіне сәйкес) немесе тіркелмеген жұмысшы ретінде келгенін білдірді. Ол кезде мигранттар жеке үй қожалықтарында еңбек нормаларын ескермей (егер олар өзін-өзі жұмыспен қамтыған болса) немесе ешқандай шағымсыз (егер олар тіркелмеген болса) жұмыс жасады. ЕО-ға мүше басқа елдердегідей, Германияға сыртқы жұмыс күшінің ену алгоритмі елдерде агенттік қызмет көрсету секторының өркендеуіне мүмкіндік берді (негізінен Шығыс Еуропада орналасқан одақтас-мемлекеттерде). Шектеулердің алынып тасталуы күтім жұмысшыларын өзін-өзі жұмыспен қамтыған формалары/сенімсіз делдалдық қатынастардың нысандарына айналдырды. Осыған орай, күтім жұмысымен айналысатын мигранттардың жұмысы сенімсіз еңбек түріне айналды.

Аймақтандыру және жаһандану жағымды факторлар ретінде рөл ойнауы мүмкін, себебі олар үкіметтегі және қоғамдағы феминистік акторға олардың гендерлік теңдік саясатын халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыру үшін тиімді бастамаларды жұмылдыру әрекеттерінде жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұрынғыдай, аймақтық және халықаралық деңгейде тұжырымдалған саясатты ұлттық саяси акторлар жүзеге асыруы тиіс. Ұлттан жоғары институттар мен ұлттық басқару арасындағы терең шиеленістер әртүрлі елдерде саяси бастамалардың оңай үйлесуіне кедергі келтіруде, бұл мәселе COVID-19-ға қарсы қабылданған ұлттық шаралар кезінде байқалған болатын. COVID-19 сияқты дағдарыстар әлеуметтік жүйелердегі кейін орын алатын өзгерістерге жол ашады: жаңа қоғамдық көзқарас күтім жұмысын қайта бағалауға және саясатты әлеуметтік-демократиялық қағидаттарға қарай бағыттауға әкелуі мүмкін немесе үй қожалығындағы күтім жұмысының интентификациялануы әйелдердің қайта дәстүрленуі мен тап, жыныс және нәсіл (азаматтық) белгілері бойынша теңсіздіктің тығыз ысыралуына әкеледі. ■

Хаттарды Хайди Готфридге <ag0921@wayne.edu> жіберуге болады.

> Гендерлік режимдер, саясат және әлем-жүйе

Валентайн М.Могадам, Солтүстік-Шығыс университеті, АҚШ, ХӘҚ Әйелдер, гендер және қоғам (ЗК32) зерттеу комитетінің мүшесі

Силвия Уолби тұжырымдаған макродеңгейдегі әлеуметтанулық концепция ретінде гендерлік режим ең алдымен ұлттық деңгейде теория деп талданып, негізінен капиталистік әлемдік экономика мен оның қаржы нарықтарына тығыз интеграцияланған экономикалық тұрғыдан дамыған капиталистік демократиямен сипатталатын аймақтарға қолданылды. Бүгінгі таңда елдер бойынша кейс зерттеулер Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Испания, Жапония және Германия іске асырылады. Алайда, біз осындай зерттеулердің демократиялық және авторитарлық мемлекеттерді қамтитын, әлемдік экономикаға әлсіз интеграцияланған немесе оған аса тәуелді даму деңгейі төмен елдерде де жүргізіліп жатқандығын байқаймыз. Бұл мақалада Иран мен Туниске тоқталып, мәселенің алғышарты мен контексінен бастаймын.

Израилге (Амалия Саар), Түркияға (Еже Қожабышақ) және Магриб елдеріне (Алжир, Тунис және Марокко) (осы автор) гендерлік режим концепциясын қолдану бұл концепцияның батыстық емес контексте де қолдануға болатындығын көрсетеді. Дегенмен, қолданбас бұрын ұлттық деңгейдің ерекшеліктері мен ел ішіндегі айырмашылықтарды ескеру маңызды. Саар палестиналық-израилдік әйелдердің неолибералдық экономикаға интеграциялану үрдісінің кідіріп қалған жайын сипаттау үшін «патриархаттық гендерлік келісімшарт» (мен 1998 ж. енгізген) тұжырымдамасын пайдаланды; Израилде мұның нәтижесі үй қожалықтарына бағытталған гендерлік режимнің пайда болуына алып келді, сонымен бірге гендерлік режимнің кішігірім, қоғамға бағытталған түрлері де бар. Қожабышақ Түркиядағы тұрмыстық гендерлік режимдер уақыт өте келе де, субұлттық аймаққа байланысты да қазіргі заманға дейінгі формаларға дейін өзгереді деп мәлімдейді. Айли Мари Трипп өзінің таяуда шыққан *Seeking Legitimacy* [Заңдылықты іздеу] кітабында гендерлік режим терминін қолданбаса да, оның Магриб елдерін (Алжир, Марокко және Тунис) Таяу Шығыс/Солтүстік Африкадағы (ТІША ағыл. MENA) басқа елдермен салыстыруы менің осы ТІША субаймақтағы «неопатриархалдықтан» қалыптасып жатқан «консервативтік-корпоративтік» гендерлік

режимге өту туралы талқылауымды растайды. Рания Мактаби гендерлік режим теориясына сүйенбесе де, Солтүстік Африка, Левант және Парсы шығанағындағы шейхшілдікті саралау арқылы гендерлік азаматтық режимдерін талқыға салады. Өз жұмысымда жақында демократияланған Магриб елдеріндегі, әсіресе Тунистегі, соңғы уақытта Ирандағы қалыптасып жатқан гендерлік режимдерге қосымша ретінде батыстық емес немесе капиталистік емес заманауилыққа (мысалы, коммунизм немесе авторитаризм жағдайларында) назар аудардым.

Патриархаттың және қалыптасқан гендерлік режимдердің эволюциясы барысында феминистік теориялар прогреске де, тоқырауға да назар аударып келді. Осы ретте, гендерлік режимдер тек ұлттық деңгейдегі институттық салалар мен таптық құрылымы ғана емес, сонымен бірге әлемдік жүйелер тұжырымдамасын жасап шығарған зерттеушілердің экономикалық аймағы – ядро, периферия және жартылай периферия арқылы қалыптасады ма деген сұрақ туындайды. Осындай масштабтағы гендерлік режимдерді теорияландыру сан-алуандықтарды, динамика мен мүмкіндіктерді анықтаудағы алғашқы қадам болуы мүмкін; диффузия және кластерлеу; конвергенциялар мен сәйкессіздіктер; өзгерістер мен регрестің қозғаушы күштері.

> Жаһандық Оңтүстіктің гендерлік режимдері-тұжырымдамалық мәселелер

Тұжырымдаманы Жаһандық Солтүстіктен тыс қолдануды кеңейту үшін мен үш тұжырымдамалық мәселені атап өтемін. Олардың бірі жеке патриархаттың (тұрмыстық немесе капиталистікке дейінгі гендерлік режим) сақталуының сипаты мен дәрежесіне, қалыптасып келе жатқан немесе қалыптасқан гендерлік режимге лайықты атау (консервативтік және неолибералдық немесе социал-демократиялық) және отбасының институттық сала ретіндегі маңыздылығына қатысты.

Екіншісі масштабқа қатысты. Жақында мен екі күрд-Иран әлеуметтанушыларымен бірлесіп жазған және

>>

“Капиталистік әлемдік жүйе гендерлік режимнің мүмкіндіктері мен динамикасын, оның ішінде әртүрлі дейгейдегі институттық конфигурацияларды түсіну үшін концептуалды бастапқы нүкте болуы керек”

Санандаж астанасына арналған ирандық Күрдістан туралы мақалада отбасы Иранның ұлттық деңгейінің неғұрлым кең және әлдеқайда орталықтандырылған неопатриархаттық гендерлік режимі аясында маңызды институттық саласы болып қала беретіні айтылған. Институттық салалар әртүрлі масштабта әртүрлі қызмет ете ме?

Үшінші сұрақ бір гендерлік режимнен екінші гендерлік режимге көшудің қозғаушы күштері мен акторларға, сондай-ақ тоқырау немесе регрессияға өзек болатын факторларға қатысты. Мысалы, Мағриб елдеріндегі гендерлік режимдердегі өзгерістер туралы жұмысымда мен феминистік мобилизацияны өзгерістердің негізгі қозғаушы күші ретінде анықтадым, бірақ одан әрі прогреске, әсіресе Тунисті демократияландыру барысында, экономикалық дағдарыс кедергі болғандығын атап көрсеттім.

Аталған үш мәселе бір-бірімен өзара байланысты, бұл қозғаушы күштер мен әрекет етуші акторлар әртүрлі масштабта болуы мүмкін, ал институттық салаларға жаһандық, ұлттық және субұлттық динамика ықпал етуімен байланысты. Басты дәлелім мынада: капиталистік нарықтар мен мемлекетаралық қатынастардың асатең емес және иерархиялық конфигурациясы ретінде түсінілетін капиталистік әлемдік жүйе гендерлік режимнің мүмкіндіктері мен динамикасын, оның ішінде әртүрлі дейгейдегі институттық конфигурацияларды түсіну үшін концептуалды бастапқы нүкте болуы керек.

> Иран мен Тунистегі гендерлік режимдер – әлемдік жүйелерді талдауды қолдану

Мен бұл өзара байланысты ТШСА-дағы үлкен орта тап (оның ішінде білімді және ынталы әйелдер халқы) бар екі республикалық мемлекетке эмпириялық тұрғыда зерттеймін. Екі мемлекеттің біріншісі – авторитарлық және мұнайға бай, АҚШ-тың санкцияларына ұшыраған ел (Иран); екіншісі – демократизация үрдісін бастап кешіп

жатқан, бірақ экономикалық дағдарысқа пен қомақты сыртқы борышқа ие ел (Тунис). Олардың саясаты, экономикасы мен азаматтық қоғамы әртүрлі болғанымен, отбасы туралы пікірталастары ұқсас. Институттық салалар, сондай-ақ осы институттарды құрайтын тиісті гендерлік режимдер ішкі факторлар мен күштермен ғана емес, сонымен бірге иерархиялық әлем-жүйе деңгейінде әрекет ететін күштерге де аса тәуелді.

Гендерлік режимдер гендерлік теңдікке ықпал ететін немесе кедергі келтіретін, ұлттық шекаралардағы және олардан тыс адамдар мен институттарға ықпал ететін бүкіләлемдік жүйелік процестердің нәтижесі деп санаймын. Иран жағдайында пайда болған жартылай перифериялық мемлекет экономикалық және қаржылық санкцияларға ұшырап, әлемдік жүйе үстемдігіне қарсы саясатты ұстанады. Бұл өз кезегінде ішкі оңшыл күштерді өршітіп, әйелдердің қатысуы мен әйелдер құқығы саласындағы оң жетістіктерге кедергі келтіреді немесе оларға жол бермейді. Бұл жақында қабылданған балалардың оқудағы үлгерімін бақылайтын табелін тек әкелерге ғана беру туралы тым даулы ресми шешімді де қамтиды. Тунис жағдайында кеңінен мойындалған демократиялық ауысу және эгалитарлық бағытта дамып келе жатқан гендерлік режимнің тағдырына елдің шағын экономикасы, оның жаһандық тауар тізбектерін тығыз байланысы және сыртқы инвестициялар мен борыштарға тәуелділік қауіп төндіріп отыр. Бұл елдегі феминистік белсенділерді ызыландыратын әйелдер үшін олардың тең құқылы мұрагерлікке қолжетімділігіне қатысты тығырып пен әрекетсіздіктің пайда болуы мен таяуда Президенттің саясатқа араласуының жанжалды салдарын қамтиды. Периферия мен жартылай периферия түйіскен жерінде орналасқан Жаһандық Оңтүстік елдерінің екі мысалы – Иран мен Тунисті талдау әлем-жүйе үрдістерінің – мемлекетаралық жүйеде үстемдік саясатының және әлемдік экономикадағы шағын экономикалардың осал мәртебесінің гендерлік режимдерге қатысты ықпалын көрсетеді. ■

Хаттарды Валентайн М.Морадамға <y.moghadam@northeastern.edu> жіберуге болады.

> Түрік патриархаттық мемлекетінің детерминанттары

Еже Қожабышақ, The Open University, Ұлыбритания



Әуелден қыздар мен әйелдерді зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау үшін қабылданған Стамбұл Конвенциясынан Түркияның шығуына наразы әйелдер мен ЛГБТИ+ қауымдастығы. Қадыкөй, 2021 ж. Ұсынған: Yagmurkozmetik /[Wikimedia Commons](#).

Әлеуметтік трансформациялар үшін гендерлік, таптық және этникалық теңсіздік режимдерінің маңыздылығын ескерумен қатар, гендерлік режимдердің нұсқалары теориясы мемлекеттік патриархаттық жағдайындағы өзгерістерге де түсінік бере алады. Бұл мақала Түркиядағы патриархаттық жағдайдың детерминанттарын зерттеу арқылы гендерлік режим теориясын тереңдетуге бағытталады. Түркияның әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алуға бағытталған Стамбұл конвенциясынан шығуы көптеген мемлекеттік күн тәртібі мен мен демократиялану үрдісі арасындағы байланыс ерлердің гендерлік қатыстылыққа негізделген әлеуметтік топ ретінде ұжымдық келіссөздерге деген қабілетін зерттеуге мүмкіндік береді.

> Патриархаттық мемлекет сипатының екі түрі

Гендерлік режим теориясына сүйене отырып, мен гендерлік, таптық және нәсілдік қатыстылыққа ие қоғамның доминантты топтарының мемлекетте тигізетін үлкен ықпалы мен оның салдары әртүрлі мемлекеттік күн тәртіп арасында өзара қатынастың пайда болуына әкеледі деп санаймын. Силвия Уолбидің пайымдауынша, гендерлік бағытталған тыс қалдыру стратегиясының басымдығы гендерлік режимнің тұрмыстық формасымен, ал гендерлік сегрегация мен бағыну қоғамдық гендерлік режимдердің неолибералдық немесе әлеуметтік-демократиялық формаларымен байланысты. Уолбидің саралауына сүйене отырып, мен патриархаттық мемлекеттік сипаттың екі негізгі формасын концептуализациялаймын:

>>>

тұрмыстық патриархаттық мемлекетте әйелдердің еңбегі тұрмыстық өндіріспен шектеледі (оның ішінде күтім жасау), ал қоғамдық патриархаттық мемлекет әйелдердің ақылы және ақысыз еңбегінің қос ауыртпалығын тұрақтандыру үшін комодификация мен декомодификацияның (қожалықтағы әйелдер өндіретін тауарлар мен қызметтер) әртүрлі дәрежесін қолданады. Біріншісі гендерлік бағытталған тыс қалдыру стратегиясын қолдауды көздесе, екіншісі экономиканың, саясаттың, азаматтық қоғамның және зорлық-зомбылықтың институттық салаларында гендерлік сегрегация мен бағынуды реттейді.

Ұсынылып отырған құрылым әсіресе, Жаһандық Оңтүстіктегі мемлекеттік қалыптасуын талдауға қатысты, себебі саяси акторлар әртүрлі топтардан құралады. Мен басқа жерде айтып өткенімдей, Түркиядағы патриархаттық акторлар үй қожалықтардың ер басшыларымен ғана шектелмейді, сонымен бірге ауыл мен қалалардағы шағын тауар өндірушілерді де қамтиды. Оның үстіне, антидемократиялық режимдерде мемлекеттік шешімдерді қабылдауда үлкен гендерлік алшақтықтың сақталуы жағдайында элиталық ерлердің белгілі бір тобы режим басшылығына қатысты ықпалын сақтап қалады. Бұл өз кезегінде ерлердің келіссөз жүргізу қабілетінің артуына әкеледі. Мен элиталық адамдардың осы тобын ескере отырып, режим адамдары туралы тұжырымдаманы дамытып жатырмын.

Менің деректерді талдауым 2000-шы жылдардан бастап Түрік мемлекетінде оның қоғамдық және тұрмыстық патриархаттық сипаттары арасында шиеленіс бар екендігін көрсетеді. Мұндай шиеленістер көптеген басқа мемлекеттерде де болуы мүмкін. Бірақ Түркияда қоғамдық патриархаттық мемлекетке көшу шектеулі болып қала бермек, ал оның ауқымы ішкі патриархаттық сипатқа қарсы тұру үшін жеткіліксіз. Мемлекеттің экономикаға араласуы төмен білімі бар қалалық әйелдерді үйде болуға және ақы төленбейтін күтіммен айналысуға, сондай-ақ ауыл әйелдерін шағын және орта фермаларда жалақы төленбейтін отбасылық жұмысшылар ретінде ұстауға итермелейді. Азаматтық қоғам саласында таяуда орнатылған (2014-2015 ж. бастап) антидемократиялық режим әйелдерді мемлекеттік шешімдер қабылдау мен саяси өкілдік ету үрдістерінен тыс қалдырады және қоғамдық қозғалыстарды басады; сонымен қатар, сонымен қатар, әйелдердің жыныстық қатынастарын, оның ішінде репродуктивті қабілеттерін бақылау мемлекеттік гомофобиялық және пронаталистік нормалармен шектеліп қалуда. Мемлекеттің гендерлік зорлық-зомбылық саласына араласуы мемлекеттің әйелдерді қатаң дәстүрлі отбасы жағдайларына қатысуға мәжбүрлейтініне, әйелдердің өміршен баламаларға қол жетімділігін шектейтінін және жалғыз, ажырасқан немесе серігінен айырылған әйелдерге, сондай-ақ ЛГБТ+ адамдарға қарсы зорлық-зомбылыққа жол беретіндігін көрсетеді.

> Түркияның Стамбул конвенциясынан шығуы

Түркияның Стамбул конвенциясынан шығуына назар аудара отырып, зерттеуім патриархаттық актерлердің түрік

мұсылмандық нәсілшіл мемлекет күн тәртібін тұрмыстық патриархаттық мемлекет сипатын қолдау үшін қаншалықты қолданғанына бағытталған. Менің бағалауым бойынша, бастапқыда 2015 жылдан 2018 жылға дейін ерлердің белгілі бір топтары балалардың некеге тұруына, алимент алуға және бала қамқорлығын реттеуге тыйым салатын құқықтық нормаларға қарсы ұйымдасқан. Конвенцияға байланысты қабылданған № 6284 заң да осы кезеңде мұқият тексеруден өтті. Әлеуметтік желілерде әртүрлі пікірталас топтарын құру, ақпараттандыру науқандарын өткізу және көшедегі наразылықтарды ұйымдастыру арқылы бұл топтар өздерін жоғарыда аталған ережелердің құрбаны болды деп мәлімдеген еді. Олардың алғашқы науқандарынан бастап кейбір билік өкілдері, соның ішінде комментаторлар, журналистер, ғалымдар, діни секталардың жетекшілері және әртүрлі саяси партиялардың ер саясаткерлері қолдау білдіріп жатыр.

Алайда, ерлердің алғашқы мобилизациясы 2019 жылы стратегиялық қайта бағдарланғанға дейін шектеулі болды. 2019 жылға дейін Стамбул Конвенциясы туралы ештеңе айтылмаса да, ерлердің бұл топтары назарын басқа мәселеге аударып, талаптарын қайта қарастырды: 1) тек бір жыныстық қатынастарды ғана емес, сонымен бірге әйелдердің ерлерден тәуелсіздігін түрік және мұсылман отбасылық құрылымының ең үлкен қаупі ретінде белгілеу; 2) мұндай отбасылық құрылымның түрік және мұсылман халқының материалдық және әлеуметтік өмір үшін маңыздылығын атап көрсету; және 3) Батыс Түркияны құртуды мақсат етіп отыр деген барлығына мәлім жаңсақ пікірді қайталау. Осы жаңа стратегияның қабылдауымен «қарапайым» ерлер мен режимдегі адамдар арасындағы бұрын құрылған ынтымақтастық тек Әділет және Даму партиясына ғана емес, сонымен бірге негізгі коалициялық партияға (Ұлтшыл қозғалыс партиясы) ықпалын күшейтті. Мемлекеттің Конвенциядан шығу туралы шешімі әйелдер тарапынан көрсетілген күшті қарсы реакциясынан кейін оңай болған жоқ. Алайда, 2021 наурыз айында Ердоған Конвенциядан Түркияның әлеуметтік және отбасылық құндылықтарына қайшы келетін гомосексуализмді қалыпқа келтіру үшін пайдаланылады деген уәжбен шығуын ресми түрде жариялады.

Стамбул Конвенциясының жағдайы ерлердің құқықтары қозғалысы бастапқыда (2015-2018) режимдегі адамдардың күш-жігеріне қарамастан мемлекетке ықпалын күшейте алмағанын көрсетеді. Бастапқыда әйелдердің қатты қарсылығы олардың талаптарына кедергі келтірді. Түрік-мұсылмандық нәсілшілдік күн тәртібінің қабылдануымен (2019 жылдан бастап) билік басындағылар патриархаттық актерлардың әсерін күшейтуде маңызды рөл атқарды. Осылайша тұрмыстық патриархаттық мемлекет нығайтылды. Бұл тұжырым гендерлік режимді зерттеуге ықпал етеді: 1) патриархаттық саяси қайраткерлерді құрайтын әртүрлі топтарды, әсіресе жаһандық Оңтүстік жағдайында зерттеу; және 2) бірнеше Мемлекеттік күн тәртібі арасындағы қатынас ерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу қабілетін арттыратын әдістерді зерттеу. ■

Хаттарды Еме Қожабышаққа <Ece.Kocabicak@open.ac.uk> жіберуге болады.

> Оңтүстік еуропалық гендерлік режим?

Алба Алонсо, Сантьяго де Кампостелия университеті, Испания, **Росселла Чичча**, Оксфорд университеті, Ұлыбритания, **ХӘҚ экономика және қоғам (ЗК02) және Кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясат (ЗК19) зерттеу комитеттерінің мүшесі және Емануела Ломбардо**, Мадридтегі Комплутенсе университеті, Испания



Көп жағдайда Испания мен Италияны гендерлік режимнің дәстүрлі немесе консервативті үлгісін ұстанушы ретінде біріктіреді. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда екі елде де гибридтену орын алды және олар бір-біріне ұсаңқырамай бара жатыр. Ұсынған: Granata92 / [Wikimedia Commons](#).

Оңтүстік еуропалық елдердің гендерлік режиміндегі айырмашылықты қалай түсінуге болады? Гендерлік режим даму жолдарының әртүрлілігі немен түсіндіріледі? Испания мен Италияны олардың теңсіз гендерлік қатынастармен сипатталатын және әйелдердің қоғамдық салаға қатысуын шектейтін авторитаризм және отбасышылдық бағдарланған жалпыға бірдей игілікті мемлекеттер ретіндегі ортақ мұрасының арқасында көбінесе тұрмыстық немесе консервативтік үлгіге жатқызады. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда екі ел тоғысудың белгілерін көрсетіп, уақыт өте келе олардың даму жолдары бірін-біріне ұқсамай келе жатыр: Испания неғұрлым қоғамдық үлгіге қарай дами бастаса, Италияда өзгеріс қарқыны баяу деңгейде және гендерлік режимнің одан әрі жекешелендіру бағытында қалды.

Біз мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам үрдістері – гендерлік режимдерді өзгертудің ең маңызды «қозғалтқышы» деп тұжырымдаймыз. Мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам арасындағы динамика мемлекеттік феминизм әдебиетінде талданған, онда батыстық постиндустриялық демократияларды зерттеулер мемлекеттік феминизмнің әйел мүдделерінің демократиялық және елеулі өкілдігіне қалай оң ықпал

ететіндігін, сонымен қатар феминистік қозғалыстар мен гендерлік және саяси пікірталастар үшін әйелдердің саяси ұйымдары арасындағы одақтастықтың маңыздылығын анықтауға бағытталған. Саяси партиялар жүйесінің ерекшеліктері, институттық мұра, гендерлік теңдікті жақтайтын және оған қарсы әрекет ететін акторлар топтары, ұйымдасқан діннің рөлі, әйелдердің саяси өкілдігі және қоғамдағы гендерлік рөлдер туралы басым көзқарас гендерлік режимнің әртүрлі даму жолдарын анықтайтын өзара әрекеттесетін факторлардың нақты пішінін құра отырып, мемлекеттік феминизм мен әйелдер қозғалысының рөлін толықтырады.

Біздің зерттеуіміз Оңтүстік Еуропаның барлық елдеріне тән гендерлік режимнің ортақ үлгісі бар екендігіне күмән келтіреді. Гендерлік теңдікті институттандырудың бұрынғы мұрасына қатысты 2000 жылдардағы Италия мен Испаниядағы гендерлік теңдік саясатының даму жолдарын талдаудың нәтижелері Оңтүстік Еуропаның екі елін бір үлгіге біріктіруге болмайтындығын көрсетеді, себебі олардың гендерлік режимі арасындағы айырмашылық айтарлықтай үлкен: испандық гендерлік режим үкіметтегі басқарушы партияның түсіне байланысты социал-демократиялық-прогресшіл және неолибералдық-консервативтік формалар арасында ауысу арқылы бірте-бірте қоғамдық сипатқа ие бола бастаса, итальяндық гендерлік режим өзінің тұрмыстық және консервативтік сипатын сақтап қалуда.

> Мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам динамикасы

Гендерлік режимдегі өзгерістерге мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам салаларының ішіндегі және олардың арасындағы динамика шешуші ықпал етеді. Италия мен Испанияның мемлекеттік саясатындағы гендерлік режимге баға беруге мүмкіндік беретін негізгі факторлар мыналар: 1) Италиядағы негізгі оңшыл партиялардың күшін ескерсек, Испанияға қарағанда, саяси партиялар жүйесінде ынтымақ жоқ; Испаниядағы гендерлік теңдікті белсенді түрде жақтайтын солшыл партиялардың болуы; 1990-шы жылдардан бастап Италияда мықты және мемлекеттегі рөлімен ерекшеленетін әсіре оңшыл партиялардың күшеюі, олар қазір Испанияда да пайда

>>

бола бастады; 2) демократияның тереңдігі: Италиядағы әйелдердің саяси өкілдігі өте төмен – Испаниямен салыстырғанда (2007 жылдан бері 40% құрады) 2018 жылға дейін ол 11% құрады; 3) ұйымдасқан діннің саясатқа араласуы: Ватикан өзінің азаматтық қоғамымен және саяси одақтастарымен мемлекетке тікелей ықпал ете отырып, Испанияға қарағанда, Италиядағы теңдікке көп зиянын тигізеді; 4) мемлекеттік феминизм және барқыт ұштағаны (саясаткерлер, феминист ғалымдар мен сарапшылар және феминистік қозғалыстар арасындағы өзара әрекеттестік): Испаниямен салыстырғанда, Италия гендерлік теңдіктің әлсіз институттану үрдісі мен феминистік белсенділер, заң шығарушылар, фемократтар мен ғалымдар арасындағы әлсіз одаққа ие; 5) федерализм – Испаниядағы аймақаралық, аймақ пен орталық мемлекеттік саясат арасындағы гендерлік теңдік саласындағы саяси жаңалықта тудыратын үдемелі күш болса, бұл жағдай Италияға тән емес; 6) Испаниямен салыстырғанда, Италияда отбасышылдық әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің ерекшелігі ретіндегі рөлі күшті болып қала бермек.

Азаматтық қоғам үшін біздің бағамызға әсер ететін шешуші факторлар мыналар: 1) Италияда азаматтық қоғам теңдікке қарағанда, өзгешелікке көп негізделген және солшыл партияларда фемократтар мен феминистердің болуы гендерлік теңдік саясатын дамытуда сабақтастықты қамтамыз еткен Испаниядағы жағдаймен салыстырғанда, Италиядағы азаматтық қоғам мемлекетке аса бағытталмаған; 2) антигендерлік қозғалыстардың күші мен оларға ресми саяси қайраткерлер тарапынан қолдау көрсету: Испанияға қарағанда, Италияда көбірек. Италияда бұл қозғалыстар мен үкіметтегі оңшыл популистік партиялар арасындағы маңызды байланыстармен сипатталса, Испанияда

бұл саяси байланыс – жаңа құбылыс; 3) Білім: Испандық қоғамдық пікір гендерлік рөлдер мен үлкен секуляризация туралы прогресшіл идеяларға қарай дамып жатса, Италияның саяси мәдениеті пен қоғамында консерватизм басым.

Жалпы, гендерлік теңдік саясатына ықпал ететін факторлар Испаниядағы қоғамдық гендерлік режимге көбірек қысым көрсетсе, Италияда оның саясаты мен азаматтық қоғамындағы консервативті және антигендерлік күштер қоғамдық және прогресшіл гендерлік режимді дамыту барысында қолдау көрсете қоймады. Отбасындағы гендерлік рөлдер, жұмыспен қамту және саясат туралы консервативті идеялардың тұрақтылығы Италиядағы дәстүрлі отбасылық құрылымдардың тұрақтылығына әсер етсе, Испания бұл тұрғыда отбасында екі асыраушысы бар үлгіге көшуде. Ұйымдасқан дін Италияның гендерлік режиміне де үлкен зиянын тигізуде, себебі италияндық қоғаммен салыстырғанда, испандық қоғамдағы секуляризация елдің гендерлік теңдікте көп прогреске қол жеткізуіне мүмкіндік берді.


Осы салыстырмалы зерттеу мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуі қоғам өзгерісінің қозғаушы күші ретінде рөліне назар аударатын Италия мен Испаниядағы ұқсамайтын гендерлік режимдер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Болашақ зерттеулер жалпылама, дәл емес типтеуге қарсы көрсетіп, оңтүстік еуропалық гендерлік режимдер арасындағы айырмашылықтарды толық ұғынуды қамтамасыз ету үшін экономика, зорлық-зомбылық, білім және тән мен сексуалдық мәселелері сияқты басқа да маңызды салалармен өзара әрекеттесуді ескеруі тиіс. ■

Хаттарды Емануэла Ломбардоға <elombardo@cps.ucm.es> жолдауға болады.

> Дағдарыс тым қашық па?

Covid-тен кейінгі ЕО гендерлік режимі

Роберта Гуеррина, Бристол университеті, Ұлыбритания, **Хизер Макрей**, Йорк университеті, Канада, және **Анник Масселот**, Кентербери университеті, Жаңа Зеландия



Алдыңғы дағдарыстарға қарағанда, пандемия Еуропалық Одақтың экономикасы мен әлеуметтік құрылымын қолдауда әйелдердің шешуші рөлін айқын көрсетті. Арбу иллюстрациясы.

2020 жыл, әлем баяулаған жыл ретінде есте қалады. Көптеген сарапшылар үшін COVID-19 таралуы жаһандық саяси экономикада қалыптасқан әлеуметтік, саяси және экономикалық ұстанымдар мен нормаларды бұзды. Енді біреулер осы дағдарысты біздің ғаламшарға әсеріміз бен әлеуметтік-саяси құрылымдардың өзарабайланысты сипаты туралы ойлану мүмкіндігі деп түсінді. Басқа дағдарыстардан құты қашқан ЕО үшін пандемия – экзистенциялық дилемма: бұл дағдарыс ыдырауға жол ашады ма әлде жаңа және анағұрлым инклюзивті Одақ құру мүмкіндігі ме? Біздің талдауымыз үшін ЕО пандемиядан кейінгі гендерлік субъект ретіндегі рөлі қандай? ЕО-да гендерлік теңдіктің болашағы қандай?

ЕО шекарасындағы дағдарыстардың гендерлік және нәсілдік салдары, сондай-ақ ЕО-ның гендерлік субъект ретіндегі рөлі және оның теңдік туралы дискурс институттарының стратегиялық енгізуі жақсы құжатталған. ЕО гендерлік режиміне, басқаша айтқанда, бірнеше және бір-бірімен беттесетін дағдарыстар «болмысқа» айналған, қазіргі полидағдарыс әсері бұрынғыларға қарағанда, маңыздырақ сыни сәтті көрсетеді.

Силвия Уолбидің пікірінше, осы көптеген дағдарыстардың қысымымен ЕО гендерлік режимі әлеуметтік-демократиялықтан неолиберал қоғамдық гендерлік режимге ауысады, дегенмен басқаларында

>>

карама-қарсы тенденциялар да бар. Біздің талдауымыз бойынша, бұл полидағдарыс ЕО құндылықтары мен бірегейлігіне, әсіресе ЕО-ға қатысты гендерлік субъектінің өз шекарасындағы рөліне, сондай-ақ оның сыртқы серіктестері мен көршілеріне қатысты сынақ болмақ.

> Дағдарыстың ұзақ тарихы

Еуропалық интеграция тарихы – дағдарыс тарихы. Бұл дағдарыстар және дағдарыстан кейінгі реттеулер, әдетте, экономикалық мүмкіндіктер ашты және жаңа саяси кеңістіктер қалыптастырды деген мифологиялық сипатқа ие. ЕО ғалымдары ретінде еуропалық интеграция жобасының тамыры XX ғасырдағы Еуропаның күрделі геосаяси динамикасына терең енгенін білдік; Еуропадағы соғыста жанып кеткен күлден қайта тірілетін Феникс сияқты, ЕО 70 жыл бойы континентте бейбітшілік орнатуға көмектесті. Бұл, әрине, жеке әңгіме. Ол Еуропалық Одақтың Балқандағы жанжалды шешудегі сәтсіздіктерін, сондай-ақ одақтағы әлсіз экономикаларға біртұтас нарықтың ықпалын елемейді. Сонымен қатар, интерсекциялық феминистік көзқарасты қабылдау мұндай мүмкіндіктерге бәрі бірдей қол жеткізе алмайтынын көрсетеді. Керісінше, жүйелі дағдарыстар әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке байланысты басқа да негізгі мәселелерді кейінгі орынға ығыстырды.

COVID-19 – бірқатар дағдарыстардың соңғысы. Алдыңғы дағдарыстарға қарағанда, жаһандық пандемия жеке салада, сондай-ақ ресми экономикада гендерлік және нәсілдік еңбек бөлінісін ерекше көрсетті. COVID-тен кейін қалпына келтіру жоспарының бағытын түсіну бізге негізгі басымдықтар мен болашақ экономика мен гендерлік режим туралы көзқарасты бағалауға мүмкіндік береді. Осы жерде бізді мазалайтын сұрақ – Уолби сипаттаған гендерлік режимдегі өзгеріс тепе-теңдігі демократиялық режимге сәйкес келе ме әлде ол неғұрлым инклюзивті болашақты ұсыну үшін кеңістік ашады ма. Осылайша, 2020 жылдан кейінгі реттеуді 2008 жылғы еуро дағдарысымен (және онымен байланысты қатаң үнемдеу саясатымен), жалғаса түскен Жерорта теңізіндегі гуманитарлық дағдарыспен және барған сайын қауіпті бола бастаған көші-қонның бағыттарымен, сайып келгенде, Brexit және континенттегі Еуропаға қарсы популистік қозғалыстардың өршуі айқындап отырған полидағдарыстың тарихи контекстінде түсіну керек.

> Covid-19 кезіндегі гендерлік режим

COVID-19 дағдарысының бірінші кезеңінде жалпыеуропалық ұйымдастыру шараларына және ұлттық денсаулық сақтау қызметінің тұрақтылығына баса назар аударылды. Медицина қызметкерлері,

дәрігерлер мен медбикелер вируспен күресудің жаңа майданы деп танылған күрделі жағдайда жұмыс жасағаны үшін батырлар деп аталды. Осы кезеңде қоғамдық денсаулық сақтау секьюритилендірілді. Көптеген отбасылар жұмыс пен тұрмысты үй жағдайында қайта ұйымдастырғандықтан, оқыту мен қамқорлық ауыртпалығы негізінен әйелдер/аналардың иығына түсті. Шынында да, әйелдер бүкіл экономикаға демеу болып отырған ақы төленбейтін, көрінбейтін, бірақ аса қажет көмектің басым бөлігін қамтамасыз етуде. Осылайша, жалпы еуропалық тенденцияның мәні дәстүрлі гендерлік еңбек бөлінісін барған сайын растайтын жеке гендерлік режим болды.

Сонымен COVID-19 таралуын болдырмауға бағытталған денсаулық сақтау шаралары неолибералды гендерлік режимге енгізілген теңдік моделінің ең маңызды кемшіліктерінің бірін жария етті. Еңбек нарығына қолжетімділік және мектеп жасындағы балалары бар әйелдердің белсенділігін арттыруға назар аудару үй шаруашылығындағы күтім жұмыстарына терең енген гендерлік бөліністі жеңуге көмектесе қоймады. Бұл дағдарыс, бұрынғыларға қарағанда, әйелдердің экономикадағы шешуші рөлін, сондай-ақ ресми экономиканың жұмыс істеуі үшін әлеуметтік ұдайы өндірістің маңыздылығын көрсетті. Еден жуушы, медбике, күтуші және дәрігер ретінде «майданның алғы шебінде вируспен күресетін» негізгі қызметкерлердің көбі – әйелдер. COVID-19-ға қарсы саясаттың әрекет ету шаралары көп жағдайда ер адамның асыраушы үлгісіне байланысты құндылықтардың беріктігін көрсетті. Бір қызығы, жаһандық пандемия кезінде еуропалық қоғамның өмірін қамтамасыз еткен әйелдер атқарған жұмыс – бұрын бағаланбайтын, құрметтелмейтін қызмет түрі, ол тіпті ресми экономика есебінде, сәйкесінше ЕО гендерлік режимінде де еленбейтін және көрінбейтін еді. 2019 жылы жұмыс пен жеке өмірдің тепе-теңдігі туралы ЕО Директивасын қабылдау жаһандық пандемия кезінде күтім көрсетушілерге түске қосарланған ауыртпалықтың теріс әсерін азайту үшін септігін тигізбегендей. Алайда, бұл ЕО-тың Covid-тен кейінгі қалпына келтіру жоспарына кіретін «ЕО-ның күтім саясаты» үшін платформа.

Полидағдарыс ЕО гендерлік режиміне ықпалы қандай? Еуропалық комиссияның қалпына келтіру жоспары – ЕО қандай ұйым болатыны туралы ойлау мүмкіндігі. Бұл ой осындай бұлтартпас бюджетпен «әділ транзитті» және қалпына келтіруді қолдау үшін нақты талпынысты көрсетеді. Осы инвестициялардың ЕО гендерлік режиміне және оның құрамдас бөліктеріне ықпалы туралы сұраққа жауап жоқ. ■

Хаттарды Роберта Гуерринаға <roberta.guerrina@bristol.ac.uk> жолдауға болады.

> Отпен ойнау:

маскулиндік әлеуметтануы

Рейуин Коннелл, профессор эмерита, Сидней университеті, Аустралия, ХӘҚ әйелдер мен қоғам мәселелері бойынша (ЗК32) және концептуалдық және терминологиялық талдау (ЗК35) зерттеу комитеттері мүшесі



Сидней университеті ғимаратындағы Гилгамештің заманауи статуясы. Бұл жерде Гилгамеш жекпе-жекпен соң өзімен шайқасқан арыстанды ұстап, жеңімпаз кейіпте бейнеленген. Ұсынған: Gwil5083/Creative Commons.

Ер адамның әлеуметтік позицияны иемденуінің әртүрлі әдістері маскулиндік туралы мәселе – жаңа емес. Осыдан төрт мың жыл бұрын жазылған Гилгамеш туралы шумер-аккад жыры қайырымды билеуші Гилгамеш пен жабайы адам Енкидуды бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы ерге тән екі тұғырлы қасиетті баяндайды. Эллин әдебиетінің ұлы классигі «Илиадада» буырқанған және пәтуасыз Патрокл мен қатыгез, бесасап қанішер Ахиллес арасындағы сүйіспеншіліктің әңгімелейді. Шынында осы қатынастар Гомер тарихының негізі болды.

Заманауи маскулиндік әлеуметтануы аңызға тәуелді емес, дегенмен біз билік, күштеу және серіктестік туралы тарихтың терең мәдени төркіні жөнінде ұмытпағанымыз абзал. Оңтүстік африкалық психолог Копано Рателе есімізге салып отырғандай, «дәстүрлі» маскулиндікті аса тұрпайы ету оп-оңай. Нағыз дәстүрлер көп, олар күрделі және қайшылыққа тұнып тұр.

> Эмердженттік: жыныстық рөлдерден құрылымдық теориясына

Маскулиндіктің мәніне әлеуметтік дағдарыстар, отарлық басып алу мен жаппай жұмыссыздық, сонымен қатар әйелдер қозғалысы тарапы тудырған мәселелер күмән келтіруі мүмкін. Маскулиндікті зерттеген алғашқы психоаналитикалық жұмыстардың (Фрейд, Юнг және әлбетте, бәрінен бұрын Адлер) Орталық Еуропадағы әйелдер сайлау қозғалысымен және «жаңа әйел» идеясымен сәйкес келуі таңқаларлық жәйт емес. Бұл неміс педагог-феминисі Матилда Вертинг даярлаған гендердің толық көлемді тұңғыш әлеуметтанулық теориясын өндірген қоғам еді.

1970 жылдардағы әйелдерді азат ету үшін жаһандық қозғалысы маскулиндікті заманауи зерттеудің маңызды бетбұрысына ықпал етті. Сол кезде гендерді түсінудің жетекші әлеуметтік-ғылыми негізі «жыныстық рөлдер» идеясы еді. Күні бүгінге дейін осы идея бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік психологияда және білім беру мен денсаулық сақтау сияқты тәжірибелік салаларда кездеседі. Маскулиндікті дамытуды жыныстық рөлді игеру ретінде түсіндіруге болады, ал темекі шегу, дұрыс тамақтанбау және бозбалалар арасында жол-көлік

оқиғаларын ер кісінің рөлдік нормаларының нәтижесі деп қарастырған жөн.

Жыныстық рөлдер идеясы – гендерді әлеуметтік талдаудағы бастапқы пайдалы қадам. Ол – маскулиндік пен феминдік тектен немесе Жаратушыдан деген сенімге таптырмас балама. Бұл нормаларды анықтайтын және оқытуға ықпал ететін агенттерге (ата-анаға, бұқаралық акпарат құралдарына және т.б.) назар аудартады. Егер реттеуші әлеуметтік нормалары өзгерсе, онда жыныстық рөлдер де өзгеруі мүмкін екенін концепция мойындайды. 1970-жылдары көптеген феминистік топтар әйел рөлінің нормаларын өзгертпекші болды. Кейбір белсенділер әйелдерді азат етумен қатар «ерлерді азат ету» туралы айта отырып, ерлер рөлін де өзгертуге тырысты. Бұл ой Құрама Штаттарда 1981-82 жылдары құрылған ерлердің прогресшіл ұлттық ұйымына ықпал етті.

Көп ұзамай жыныстық рөлдер тұжырымының едәуір кемшіліктері байқалды. Әдетте кез келген қоғамда ер рөлі біреу ғана және әйелдің бір ғана рөлі бар деген түсінік қалыптасқан. Эмпириялық зерттеулер гендерлік моделдердің көптігін бірнеше мәрте көрсетіп берді. Рөлдер теориясы әлемнің басым бөлігіндегі байлық, табыс және жерге меншік етудегі саналуан гендерлік ерекшеліктерді түсіндіріп бере алмады. Мықты дегенде тек экономикалық теңсіздікке түзетуді көрсете алуы мүмкін. Ал билік пен күштеу мәселесінде жыныстық рөлдер теориясы тіпті күрделі қиындықтарға тап болды.

1980-жылдарға қарай әлеуметтанушылар рөл/норма ұстанымы аясынан шығуға талпынды. Олар гендерді экономика мен мемлекетті, сонымен бірге отбасы мен тұлғааралық қатынастардан тұратын ірі көлемдегі құрылым ретінде қарастырды. Сонымен қатар гейлерді азат ету және азаматтық құқықтар үшін қозғалысынан, сондай-ақ әйелдерді азат ету қозғалысынан идеяларды қабылдай отырып, маскулиндіктің күрделірек сипаттамасы да пайда болды. Әлеуметтанушылар психоталдауға, этнография мен сандық зерттеулерге жүгінді.

1985 жылы Зигрид Метз-Гёккел мен Урсула Мюллер Германиядағы ерлердің өмірі мен қарым-қатынастары туралы ұлттық зерттеу жөнінде *Der Mann* [Ер адам] кітабында жария етті. Сол жылы аустралиялық топ «Жаңа маскулиндік әлеуметтануға қадам» деген манифест жарияласа, АҚШ-та белсенділер ұйымының конференциясында «ерлерді зерттеу» туралы үш сессия өтті. Бұған дейін Үндістанда Ашис Нанди отаршылдықта маскулиндікті жасау хақындағы өзінің керемет есебі *The Intimate Enemy*-ді [Қимас жау] (1983) жариялады.

> Жаһандық ландшафт

Ондаған жылдар бойы «ерлерді зерттеу» («әйелдерді зерттеумен» қатар) неміс тілінде «*Männerforschung*»

(ерлерді зерттеу), «маскулиндік зерттеулер», «ерлер мен маскулиндікті сыни зерттеу» деген немесе басқа ұқсас атаулармен белгілі сала қалыптасты. Оның бастапқы орталықтары Германия, Скандинавия, Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия сияқты бай аймақтар мен елдерде орналасты. Университеттерде ерлерді зерттеу бөлімдері болған жоқ. Маскулиндікті оқыту әдетте әлеуметтану, тарих, әдебиет және басқа да гуманитарлық ғылымдар факультеттеріндегі гендерлік зерттеулер немесе гендерлік курстардың ұлғайтылған бағдарламаларының аясында өткізілген секілді.

1990-жылдары және кешірек мамандандырылған журналдар дайындалды; қазіргі кезде бес елде маскулиндікке арналған сегіз ғылыми журнал шығады. Арнайы зерттеу орталықтарын ашу жөнінде бірнеше бастама болған, бірақ олардың кейбірі ғана жүзеге асты. Дегенмен, 1990-жылдардан бастап зерттеушілер конференцияларды жиі өткізіліп келеді. Аустралиялық Майкл Флод Интернетте үйлестіріп отырған 1992 жылдан бергі жарияланымдардың ауқымды тізімі библиографиядағы қайталанбас ерлік; www.xyonline.net-те ашық қолжетімді.

Әуелден пікірталастар халықаралық сипатта болды және зерттеулер алаңы жылдам жаһандыққа айналды. Ғасырлар тоғысында Үндістанда, Чилиде, Бразилияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда, Оңтүстік Африкада, Аустралияда, Жапонияда және солтүстік елдерінде жеке мақалалар ғана емес, сонымен қатар маскулиндік зерттеулер жинақтары шықты немесе шығуы тиіс еді. Зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында ерлердің қатысуымен жүргізілетін зерттеулерді Біріккен Ұлттар Ұйымы мекемелері көпұлтты шеңберде, мысалы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде қаржыландырады. Әртүрлі елдерде маскулиндік және спорт, табиғи апаттар кезіндегі маскулиндік және байырғы халықтар маскулиндігі сияқты салалар шоғыры арта түсті.

Осы әлемдік қадамдардың ішінде Хосе Олаваррия, Тереза Валдес пен олардың Чилидегі әріптестерімен бірге ұйымдастырған халықаралық конференциялар топтамасы, кітаптары мен зерттеу жобалары маскулиндікті зерттеудің ең тұрақты бағдарламасы болып отыр. Бұл бағдарламаның өнімді жұмыс жасап келе жатқанына жиырма жылдан асты және жақында ол *Masculinidades en América Latina: Veinte años de estudios y políticas para la igualdad de género* [Латын Америкасындағы маскулиндік: зерттеулерге жиырма жыл және гендерлік теңдік саясаты] мерейтойлық жинағымен атап өтілді.

Алаңның тәжірибелік жағы бар. Азаттық қозғалыстарымен ертеректен байланысты болуы маскулиндіктің өзгерісіне және зорлық-зомбылыққа қарсы күреске қызығушылықты көрсетті. Қаншама

қиын болғанына қарамастан, зерттеу мен белсенді қызметті үйлестірген гендерлік күштеуге қарсы көптеген бағдарламалар іске қосылды. Маскулиндікті зерттеу ұлдарға білім беру, кеңес беру және психотерапия, сонымен қатар ер кісінің денсаулығына байланысты (диета, төтенше оқиғаларды болдырмау, темекі тарту, ішімдік ішу, жұмыс орнындағы күйзеліс және жыныстық жолмен берілетін аурулар) кәсіби ортада жылдам қолданыла бастады.

> Маскулиндік туралы ойдың өзгеруі

Ғылымның бірде бір саласының тоқтап тұруы мүмкін емес: зерттеудің мақсаты – білімімізді кеңейту әрі түзету. Соңғы қырық жылда маскулиндік зерттеулер, әрине пікірталасты да, дамуды да, тіпті аласапыранды да басынан кешірді.

Даудың бірі «гегемон маскулиндік» концепциясына қатысты. Бұл идея 1980- жылдары ерлер мен әйелдер арасындағы жалпы теңсіздікті маскулиндік иерархиясымен байланыстыратын құрылымдық талдау аясында ұсынылды. Содан бері «гегемон маскулиндік» әлеуметтік құрылымды фондық талдаусыз жиі қолданылып жүр. Осылайша тұрпайыландыруға қарамастан, бұл концепция маскулиндікті зерттеушілерге жынысаралық қарым-қатынаста билік пен теңсіздікті пайымдауға мүмкіндік берді. Міне, сондықтан маскулинденген элиталарды, сондай-ақ мектептерді, жұмыс орындарын және бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуде пайдаға жарады.

Алайда, біз құрылымдық себептілікті асыра бағалай алмаймыз. Бұл мәселеге жауап ретінде маскулиндіктің анықтамасында және тәжірибесіндегі икемділікке баса назар аударылды. Гендерді негізінен дискурстық терминдерде түсіндіретін постструктуралистік ұстаным осыны қолдады. Әсіресе, маскулиндіктің гегемондық формалары бағынышты маскулиндік реңкті қабылдап, өзгеруі мүмкін деген тұжырымдар өте қызық. Аталмыш идея гендерлік тәртіптің қалай өзгергенін ұғынуға көмектесетін «гибрид маскулиндік» концепциясын қалыптастырды.

Өзгерістер туралы мәселе стратегиялық маңызды тақырыпты қозғайды. Гендерлік тұрғыда теңдік орнаған қоғамдағы ерлердің, біз ойлағандай өмір сүру әдістерін болжайтын маскулиндіктің анағұрлым эгалитарлық түрлерін қалай теорияландыра аламыз? Әуелден-ақ мұндай зерттеулер аз болды. Зерттеушілер экологиялық қозғалыстардағы, «әділетті отбасылардағы» үй жұмысын бөлетін күйеулердің, үйкүшікке айналған қызметкерлердің, әке болуда белсендірек жас азаматтардың, бейбітшілік үшін күресуді таңдаған сарбаздардың маскулиндікті зерделеуін бақылады. Бірқатар елдерде жүргізілген сауалнама әйелдер мен ерлер арасындағы теңдікті жақтаушылар мен жас

ұрпақ арасында гейлерді мойындаудың жоғары екенін көрсетті. Осы паттерндер туралы маскулиндіктің бір жаңа формасының нұсқасы деп пайымдай аламыз ба деген сұрақ – даулы. Дегенмен, зерттеулер жағымды өзерістер тарихын, сонымен қатар күштеу мен қанаудың тарихын да анықтап отыр.

> Әлем келбетінің күрделенуі

Маскулиндікті зерттеуге де, әлеуметтанудың басқа саласындағыдай, интерсекциялық идеясы ықпал етуде. Маскулиндік зерттеулер мәдени айырмашылықтарды, әсіресе әлеуметтік тапқа қатысты, әлдеқашан мойындаған. Мұның жарқын мысалы – Пол Уиллистің британдық жұмысшы жастар туралы *Learning to Labour* [Еңбек етуге үйренеміз] (1977) зерттеуі. Этникалық тек, нәсіл және байырғы халық мәселесі соңғы онжылдықтарда өзектірек бола түсті.

«Интерсекциялық» өтпелі әлеуметтік иерархиялар атау берді, бірақ геометриялық метафора көбіне айырмашылықтардың статикалық келбетін жасады. Жақында шыққан Мара Виверос Вигояның Колумбиядағы зерттеуіне негізделген *Les couleurs de la masculinité* [Маскулиндік реңктері] (2018) кітабы интерсекциялықтың тарихи динамикалық сараптамасы билік, қанау мен әлеуметтік күрестің ақиқатын анықтауға мүмкіндік бере алатынын көрсетеді.

Осы сала үшін ерлер мен маскулиндікті әлеуметтік зерттеуде Оңтүстіктің постколониялық, деколониялық, жергілікті және жаһандық көзқарастарды жиірек білдіруі аса маңызды. Он жыл бойына отаршылдықтағы маскулиндікті зерттеуде Үндістаннан Ашис Нанди мен Жаңа Зеландиядағы Аотеародан Жок Филлипс жұмыстарының орны бөлек. Қазір тарихтың осы саласы анағұрлым бай. Постколониялық және жартылай перифериялық елдерден түскен маскулиндік туралы шолулар, этнографиялық және институттық зерттеулер мен теориялар да көбейе түсуде. Бүгінгі күні, әсіресе Латын Америкасында империализм, отарлау және постколониялық тәуелділіктің маскулиндікті қалыптастырудағы ықпалына жалпы сипаттаманың негізі қолымызда бар.

> Білімдер саясаты

Осы мақаланы «отпен ойнау» деп атағанымның себебі – маскулиндік зерттеулер мықты қарсылыққа душар болатын секілді. Әдетте әлеуметтік иерархияларды қорғайтын ортақ көзқарастар үшін әлеуметтік зерттеулер мен теориялар аса қауіпті. Бұл жәй іс емес. Әлемдегі ең ықпалды топтарға зер салсақ, мықты маскулинденген топтарды көреміз – миллиардерлер, трансұлттық корпорациялардың менеджерлері, генералдар, саяси элита, діни қайраткерлер. Қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен қосынды өзгермейді.

Маскулиндік туралы кітаптардың арасындағы көп сатылатыны – зерттеулерге негізделгендер емес; қиялдағы «нағыз маскулиндікті» сипаттайтын поп-психологиялық әдебиет болар. 1980-жылдар-ақ маскулиндікті эмпириялық зерттеуге алған алғашқы грантымды ұлттық парламентте консервативті саясаткерлер сынға ұшыратқан еді. Венгриядағы авторитарлық биліктің университеттерде гендерлік зерттеулердің барлығына тыйым салғанына ұзақ уақыт өтпеді. Басқа үкіметтер жалпы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қаржыландыруды қысқартуда. «Гендерлік теорияға» шабуыл науқаны католик шіркеуіндегі әсіре консерваторлардан басталып, қазіргі кезде бүкіл әлем бойынша оңшыл партиялар мен қозғалыстар арасында кеңінен тарап отыр.

Сонымен, бұл – зерттеушілер үшін бейбіт алаң емес! Алайда, маскулиндікті түсіну – әлеуметтік ғылымдар үшін де, әлеуметтік әділеттілік үшін күресте де маңызды. Бұл – гендер мен сексуалдылықты, сонымен қатар отбасылық зерттеулер мен өнеркәсіптік әлеуметтануға дейінгі зерттеулердің саналуан саласында қажетті бөлігі. Маскулиндік туралы білім бізге әлеуметтік өзгерістердің қысымын, сонымен бірге өзгерістерге қарсылықты түсінуге мүмкіндік береді. Білімнің осы саласы әлеуметтанушыларға қоғамдық қозғалыстармен де, кәсіби тәжірибелермен де жаңа байланыстарды ұсынады. Бәрінен бұрын маңыздысы – маскулиндікті зерттеу бізге билікті және билік күнделікті өмірге қалай еніп отырғанын түсінуімізге жаңа өлшем енгізу мүмкіндігі. Осы жұмыстың жалғасқаны аса маңызды. ■

Хаттарды Рейуин Коннелге <raewyn.connell@sydney.edu.au> жолдауға болады.

> Мона Абазаға құрмет (1959-2021)

Майкл Буравой, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ



Мона Абаза Каирдегі Америкалық университетте жұмыс орнында.



Мона Абаза өзінің *The Cotton Plantation Remembered* кітабындағы фотосуреттер көрмесінде.

2021 жылдың 5 шілдесінде әлем ұлы әлеуметтанушысының бірін жоғалтты. Екі жылдан астам уақыт қатерлі ісікпен күрескен Мона Абаза ақыры жеңілді. Соңына дейін ол өз өмірін белсенді өткізді, соңына дейін саясат пен пандемияның толқуын қадағалады; соңына дейін достарынан қол үзген жоқ. Қатерлі аурудан қиналса да, тұла бойын ауру дендесе де, Берлинде төсек тартып жатқанда да Каирдағы Америкалық университетте студенттерге білім беруін тоқтатпады. Өзінің жарқын мансабында Мысырдың ауылдық жерлеріндегі әйелдер, ислам мен Батыстың қарым-қатынасы, қалалық тұтыну мәдениеті, Мысыр кескіндемесі және «араб көктемі» туралы жазды.

Соңғы екі кітабында оның әлеуметтану өнердің ең биік шыңына айналғаны айқын көрінді. *The Cotton*

Plantation Remembered [Мақта алқабын еске алғанда] (2013) – оның отбасының қожалығының тарихы, суретке әдемі түсірілген, бірнеше ондаған жылдар сонда жұмыс жасаған есепші, кеңсе қызметкері, жұмысшы мен шаруа көзімен және тілімен сүйіспеншілікпен баяндалған, бірнеше ондаған жылдар бойы әңгіме мен сұқбат барысында айтылғанның түйіні. Оның *Saïgo Collages* [Каир коллаждары] (2020) деген соңғы кітабы – 2011 жылғы қаңтар төңкерісінен кейінгі онжылдықтағы сағым қала өмірінің лирикалық сипаттамасы. Каирдің қақ ортасындағы ғимараттың ішінде және сыртында орын алған драмаларды айқын түсіре отырып, этнографиялық ғұламаның осы жұмысы үнемі бұзыла беретін, сондай-ақ үздіксіз қалпына келтірілетін лифтің төңірегінде болды, жалпы қала үшін метафора –

утопия мен антиутопияның сыйқырлы араласуы.

Ағылшын, француз және неміс тілдерімен қатар араб тілін де жетік меңгерген ол Солтүстік-Оңтүстік, Шығыс-Батыс, жергілікті-космополит араларындағы көпір әрі әрқашан жомарт және басқалардың жағдайына жанашырлық танытып жүретін. Мона Жаһандық диалогтың жақын досы еді, ол араб көктемінің шырқау шегі мен құлдырауы туралы, өзінің қайталанбас фотоларында бейнеленген «[Тахрир алаңындағы революциялық сәттерден](#)» бастап «[Қабырға соғысына](#)», «[Мысырға қарсы революцияның зорлық-зомбылығына](#)» өтіп, «[Революциядан кейінгі Мысырдың тағдыры](#)» туралы сұқбатты аяқтады. Достары мен әріптестердің бірнеше пікірін төменде жариялап отырымыз. ■

Винета Синха, Сингапур Ұлттық университеті, Сингапур

Мона Абазаның өлімі – мен сөзбен жеткізе алмайтын үлкен қайғы. Онымен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы зерттеуді бастаған кезінде Сингапурда танысқанмын. Ерекше әлеуметтанушы, белсенді, құрдастарына да, студенттерге де шабыт берген феминист-ғалым

еді, оның өлімі – орны толмас қаза. Әрине, оның мақсатқа талпынуы, парасаттылығы және білімге деген құмарлығы ерекше болатын. Бүкіл әлемдегі ғалымдар гендерлік, нәсілдік және діни наным-сенімдердің тарихын зерттеген кезде ол әлемдік деңгейдегі құрметті ғалым халықаралық

мәртебесіне қол жеткізді. Монадан шексіз қуат пен рухтың жомарттығы сезілетін, тіпті жеке қиындықтарға тап болғанда да ол мойыған емес. Мені Монаның дискриминация тарихына және қалыпты теріс пікірлерге сезімтал инклюзивті адамзат туралы көзқарасы тәнті етті. Өзі куәгер

>>

болған қатыгездікке қарсы тұруға және ойын айта алатын сенімі мен батылдығы жеткілікті еді. Соңғы жылдары Монамен әлемнің түкпір-түкпіріндегі ХӘҚ жиналыстарында араластым, сол кезде оның қарапайым адамгершілігін байқадым, әсіресе Жаһандық Оңтүстіктен келген жас

ғалымдар мен әйелдерге қамқорлығы мен алаңдаушылығын көрдім. Әлеуметтік әлемімізге әлі де көп ықпалын жоймаған сексуалдық, гендер және билік динамикасын өзгертуге ұмтылған феминист-ғалым ретінде шабыттандыра алатын тұлға және ұстаз еді. Біріншіден, Монаның от

шашқан көздерін, әдемі күлкісін және досыммен бір шыныаяқ кофе ішу үшін іш пыстыратын конференциядан қашуға әрдайым дайын кейіпін сағынамын. Жаның жәннатта болсын, Мона, Сенің орның үңірейіп тұр. ■

Брайан Тернер, Аустралия католик университеті, Аустралия

Мона таңқаларлық қайратты зияткер еді, қызығушылық аясын айтып тауыса алмайсың. Оның мезгілсіз қайтыс болуы – достары, студенттері, Каирдегі Америкалық университет және бүкіл академиялық әлем үшін қатты соққы. Өмірімде Монамен жолымның қиылысқаны үшін бақыттымын – Аустралиядағы Аделаида, Германиядағы Билефелд, Нидерланд, Англиядағы Кембридж, Каир және

Сингапур. Ол өз жұмыстарын *Theory, Culture & Society* деген жетекші британдық мәдениеттану журналында жиі жариялады, бірақ оның зерттеулері 2013 жылы мақта плантациясының тарихы сияқты тақырыпты да қамтыды. 1990 жылы Билефелд университетінде докторлық дәрежесін алып, бірнеше тілді меңгерген Мона Шығыс пен Батысты байланыстыратын нағыз космополит болды. Исламды зерттеушілердің басым бөлігі көбіне Таяу Шығысқа

назар аударады, ал Мона әуелден Египет, Малайзия және Индонезия арасындағы байланысты біріктіріп, қарастырды. Оның 2002 жылғы алғашқы ірі жарияланамы *Debates on Islam and Knowledge in Malaysia and Egypt* [Малайзия мен Египеттегі Ислам және білім туралы пікірталас] «білімді исламдауды» зерттеуді көптеген жарық жылға басып озды. Әрине, тақырыптың мәні жыл сайын артып келе жатыр. ■

Суад Жозеф, Калифорния университеті, Дэвис, АҚШ

Мона Абазамен осыдан жиырма жыл бұрын, яғни екі жыл бойы Каирдегі Америкалық университетте Калифорния университетінің шетелде оқу бағдарламасының директоры болған кезде таныстым. Оның үнемі қолы бос болмайтын. Танымалдығы соншалық, ірі дәрістерге және басқа да іс-шараларға қатысу үшін шақыру бойынша кететін. Кейде ортақ досымыздың үйінде кешкі ас кезінде ашық әңгіме айтуға мүмкіндік болғанда, мені оның жарқындығы, әлеуметтанулық көзқарасы, Египет пен Араб аймағына деген құштарлығы таңқалдыратын. Оның сыни көзқарасы Египеттегі 2011 жылғы наразылықтар кезінде айқын көрінді. Ол миллиондаған адамдармен бірге қазіргі Египет пен Араб аймағының ең жігерлендіруші

сәтінің біріне қатысқандықтан, бір уақытта саяси және ғылыми белсенділігімен ерекшеленді. Мона Тахрир алаңын қоршап тұрған ғимараттардың қабырғаларында адамдарды ойындағысын айтуға шақырып тұрған өгіздер сияқты граффитилерді наразылық білдірушілер революциялық белсенділігінің шығармашылық тілі ретінде зерттеу пәні етті. Күн сайын алаңды аралап, көтерілістің дауысын жазу үшін граффитиді суретке түсіріп, миллиондаған мысырлықтардың қиялын, үмітін, рухын баурап алған тарихи сәтті көрсетті. Мен келген кезде, ол ойын айту әрі түсінісу үшін күресіп отырғандар шығармашылығын сипаттап, мені Тахрир маңындағы көшелерге алып барды. Ол жазатын. Құжаттайтын. Тіркеп отыратын. Ол өнерді тарихқа

айналдырды. Маған оның әңгімесі, революциялық күрес туралы түсінігі және мысырлықтардың күнделікті мүмкіндіктерін арттыруға деген ниеті қатты әсер қалдырды.

Жылдар өткен соң, мен оны Зейна Заатари деген әріптес редакторыммен бірге *Handbook of Middle East Women—re* (Routledge) [Таяу Шығыстағы әйелдер әдістемелік құралы] үлес қосуға шақырды. Ол кезде Мона ауыратын. Дегенмен, ауырса да, жазуды тоқтатпады. Біз кітапты ол қайтыс болардан бірнеше апта бұрын рецензияға жібердік. Мона енді жоқ... Бірақ бізде ол дайындаған керемет тарау бар. Оның сүйікті қызы Лаура Стаут барлық өзгеріс бойынша бізбен жұмыс істеуге келісті. Мона тағы да жоқ. Бірақ ол бізбен бірге. Ол бізбен әрқашан бірге болатын шығармаларында қалды. ■

Паул Амар, Калифорния университеті, Санта-Барбара, АҚШ

Мона Абаза ауылды қаладан, экономикалық заттарды сенімнен, материалдық заттарды эстетикадан бөліп қарастыратын, дәстүрлі батысцентрилік әлеуметтанудағы ең ауыр олқылықтарды жоюдың жаһандық моделін ұсынады. Осылайша, Монаның жұмысы әлеуметтану саласындағы революция болды. Оның қолындағы Мысыр синтезі 21 ғасырдағы жалпы әлеуметтанудың болжауы десе болғандай. Ол жариялаған монографиялардың

санына таңқалмасқа болмайды. Әрқайсысы алаңдық форманы қалыптастыруға өз үлесін қосатындай. Тұтынушылық мәдениетті зерттеген қала әлеуметтануы даулы және коммодификацияланған кеңістіктердің экономикалық антропологиясымен байытылған. Оның ауыл әлеуметтануы әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі (Малайзия, Еуропа, Таяу Шығыс) күнделікті исламды салыстырып зерттеуі арқылы гендерлік және таптық аспектіге жаңа көзқарас ұсынады. Өнер

әлеуметтануы қарапайым халықтың көзқарасымен үйлеседі, ол есте сақтаумен қайғы-қасіретті талдаудың рефлексивті әдістерін ойлап табады. Өрісті қалыптастыратын осы үш іс-шара бір-бірін динамикалық және мотивациялық тәсілдермен біріктіреді. Мона көрнекті ғалым ғана емес, жомарт ұстаз да еді. Оның дәрістері аңызға айналды, Каирдегі Америкалық университетте әлемге әйгілі кафедра құрғанда шетелдік ғалымдарды да тартты. ■

Сайд Фарид Алата, Сингапур Ұлттық университеті, Сингапур

Мона ерекше ғалым, қамқор және адал дос, керемет адам болатын. Оның дүниеден өткенде қимас та жылы достықтың құндылығын еске түсірдім, онсыз ғылым мағынасыз, әрі мәнсіз болуы мүмкін. Көптеген тақырыптарды қамтыған Мона зерттеулері керемет әрі өткір еді.

Бұл жеке өзіме қатты ықпал етті. Оның алғашқы зерттеулері Мысыр мен Малайзиядағы білім өндірісін

сыни тұрғыдан қарастырды. Бұл фокус ерекше еді әрі ол – өз аймағына, яғни араб әлеміне және Малай-Индонезия архипелагына қатты қызығушылық танытқан ғалымдардың шағын шоғырына енді. Қазір Оңтүстік-Оңтүстік зерттеуі осы қарым-қатынастан туатын интеракция туралы білімнің отарсыздану тұрғысынан көп айтылады, бірақ Мона мұны 30 жыл бұрын зерттеген.

Мона туралы ең жақсы естелігім – 2020 жылы телефонмен тілдескенім. Берлинде емделіп жатқан. Өзінің ауыр кеселіне қарамастан, Сингапурдағы науқас ортақ досымыз туралы сұрауға рухы жетті және қамқорлық танытты. Мона байсалды және ықпалды әлеуметтанушы және жақсы ұстаз еді. Дегенмен, мен оны сүйкімді әрі жанашыр адам ретінде есімде жақсы сақтадым. Қош бол, Мона, келесі өмірің жеңіл болғай. ■

Сами Зүбәйда, Лондон Шығыстану мектебі, Ұлыбритания

Мен Монаны бірнеше ондаған жылдар бойы студенттік кезінен бастап білдім, кейін әртүрлі Еуропа елдерінде, Германияда, Голландияда, Швецияда саналуан зерттеулерімен айналысқан кезінде кездестім. Лейдендегі ас немесе Лундтағы көрікті жерлердегі саяхат болсын Монамен бірге болу және әңгімелесу әрдайым көңілді еді. Көптеген жылдар бойы оның әртүрлі жобаларын үлкен қызығушылықпен және қуанышпен бақылап

отырдым. Мені мысырлық өмір мен оқиғалардың жарқын бейнесі, сонымен бірге аналитикалық және жеке, сауда орталықтарынан бастап тұрғын аудандарға дейін, қала өмірінің ауысуы туралы, жұмысқа барудан қала ішіндегі қозғалыстарға дейін, әрқашан нәзік және ирониялық әзілдер, қалалық этнографияны терең түрде зерттеуі қызықтырды. Ең қызығы, Тахрирдегі оқиғалар және одан кейінгі жағдайлар туралы, оның ішінде граффити бойынша алғашқы зерттеулері қызықты.

Қалалық ғана емес: ауыл өмірінің өзгеруін баяндайтын, *The Cotton Plantation Remembered* [Мақта алқабын еске алғанда] деп аталатын оның отбасының ауылы мен жер үйі туралы естелігі, өмірбаян мен тарих үйлесімінің керемет үлгісі болды. Мона этнографиясындағы ең маңызды нәрсе – тереңдік пен көркемдікті қамтитын фотосурет. Монаның ерте қайтыс болуы – бәріміз үшін және ғылыми зерттеулердің сан саласы үшін үлкен шығын. ■


Мона Абазаның басты еңбектері:

- *Debates on Islam and Knowledge in Malaysia and Egypt, Shifting Worlds.* Routledge Curzon Press, UK, 2002
- *Changing Consumer Cultures of Modern Egypt: Cairo's Urban Reshaping.* Brill-Leiden co-published with AUC Press, 2006.
- *Twentieth-Century Egyptian Art: The Private Collection of Sherwet Shafei.* The American University in Cairo Press, 2011.

- *The Cotton Plantation Remembered: An Egyptian Family Story.* The American University in Cairo Press, 2013.
- *Cairo collages. Everyday life practices after the event.* Manchester University Press, 2020.

> Кіріспе: Үндістан әлеуметтануындағы жаңа бағыттар

Сужата Пател, Умео университеті, Швеция, ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК08), Қалалық және аймақтық даму (ЗК21), Тұжырымдамалық және терминологиялық әлеуметтану (ЗК35), Тарихи әлеуметтану (ЗК56) жөніндегі зерттеу комитеттерінің мүшесі және ЗК08-дің басқарма мүшесі



Заманауи саяси және әлеуметтік процестерді түсіну үшін үнді әлеуметтануында соңғы жылдары көбірек орныға бастаған жаңа теориялық ұстанымдар мен бағыттар қажет. Ұсынған: Эвелин Берг /[flickr](#).

Үндістандағы әлеуметтанулық білім колониялық пен ұлтшылдықтың саяси жобаларымен тығыз байланысты болды. Алайда, 1980-ші және 1990-шы жылдардан бастап процестердің екі кешені жеке адамдар мен топтарды жаңа құқық тілін қабылдауға және Үндістан мемлекеті қалыптастырған пассив азаматтық концептісіне күмән келтіруге итермеледі. Бір деңгейінде әйелдер, тайпалар, төменгі касталар мен этникалық топтар қоғамдық қозғалыстарының, тәуелсіздік және суб-ұлтшылдық үшін аймақтық қозғалыстардың, сондай-ақ Кашмирде және Үндістанның солтүстік-шығысында бүліктің өсуі байқалса; басқа деңгейде үнді мажоритаризмінің консолидациясы көрініс тапты.

Осы үдеу әлеуметтанулық ойлауға ықпал етті, себебі этнография таңатын тұрақты әлеуметтанулық принциптерге сызат түсті. Ғалымдардың жаңа буыны зерттеу мәселесін, перспективасы мен зерттеу әдістерін қайта зерделеу мақсатында Батыс әлеуметтануына қарағанда, Үндістандағы байырғы халықты зерттеуде әлеуметтанулық

пікірталастары шеңберінен шықты. Олар әлеуметтану деген не және ол үндістандық «әлеуметтікті» қайта түсіну үшін этнография сияқты колониялық және ұлтшылдық әдістерді әрі қарай қолдана ала ма? – деген сұрақ қояды. Егер жоқ болса, қандай жаңа әдістерді қолдануға болады? Бұл әдістер салыстырмалы бағалау жүргізуге көмектесе ме? Соңында, әлеуметтанудың тек Үндістанда ғана емес, бүкіл әлемде қанауға, кемсітуге және окшаулауға ұшырайтындарға қатынасы қандай?

Үндістан әлеуметтануына арналған арнайы топтамада ұсынылған төрт мақала – Үндістанда қалыптаса бастаған жаңа «әлеуметтікті» түсіну әдістерін қайта қарастыруға деген ұмтылыстың бөлігі. Жұмыстарда Үндістан ұлттық мемлекеті алға тартқан қазіргі замандағы заманауи процестер қарастырылады. Олар бағынышты топтарға қатысты зорлық-зомбылықтың ашық және жасырын практикасын тудырған және осы топтардағы және одан тыс адамдар арасындағы сенімге ықпал еткен, өздері өндірген келіспеушілік пен конфликтіні зерттейді. Мақалаларда

>>

авторлар этнографияны теория мен әдіс ретінде қолдануда кездесетін шектеулер мен қиындықтарды саралайды. Олар күмәндері мен сұрақтарын қоя отырып, зерттеу сұрауларына жауап беруге және сол арқылы елдегі өзгерістердің күрделі процестерін түсінуге көмектесетін теориялар мен әдістер туралы жаңа концептілер мен рефлексияны құруға тырысады.

Ракеш Кришнан дуализм принципі Үндістанның орталық бөлігінде тұратын тайпалар – әлеуметтік топтарға қатысты колониялық саясат пен тәуелсіздік алғаннан кейінгі саясатты таңды деп болжайды. Бір жағынан, колониялық және одан кейін ұлттық мемлекеттер тайпалық топтардың мәдениетін негізгі «өркениетті» және «отырықшы» шаруашылық аймақтардан қорғау үшін оларды жоспарланған аудандар деп аталатын әкімшілік аумақтар терминдері шеңберінде идентификациялады. Екінші жағынан, сызықтық өзгерістер мен дамуға деген сенім осы режимдерді аталған топтарды өркениетті және заманауи ортаға интеграциялау бағдарламаларын енгізуге мәжбүр етті. Бұл қосарлылық қақтығыстар мен карама-қайшылықтардың өсуіне, сондай-ақ тайпалық қозғалыстардың тәуелсіздік құқықтарын қорғауына итермеледі. Кришнан парадоксты шешу үшін шекара концептісін қолдануды ұсынады. Оның пікірінше, Орталық Үндістан жүйесіз зерттелген және тек тарихи әдіс әлеуметтанушыларға мемлекет пен оның халқы арасындағы диалектиканы бағалауға және осы қақтығыс шиеленісін, қайшылықтары мен тәртіпсіздігін шешуге ықпал ете алады.

Дуализмді жақтайтын колониялық және ұлтшылдық саясатты қолдаған этнографтар/антропологтарға (тайпаларды зерттейтін) қарағанда, гендерлік зерттеулермен айналысатын әлеуметтанушылар – 1970-ші жылдардың аяғынан бастап – тарихи түсінуді іске асыру мақсатында этнографиядан бас тартты. Снеха Голе осы әдіс Үндістандағы феминистік зерттеулерге «әйелдің» колониялық және ұлтшылдық шеңберде және Үндістандағы әйелдер қозғалысының алғашқы концептуалдануында қалай қабылданғанына сұрақ қоюға және түбегейлі тұрақсыздандыруға мүмкіндік берді деп мәлімдейді. 1990 жылдары интерсекциялық пікірталастардың пайда болуы қайта ұғынуға ықпал етті. Голе феминистердің үш ұрпағы өздерінің ертеректегі белсенді әрекеттерін қайта интерпретациялау арқылы өмірлерін интерсекциялық тұрғыдан қалай бағалайтынын түсіну үшін өмір нарративі әдісін және жады зерттеулерінің нәтижелерін қолдануын талқылайды. Ол олардың бағалауларында тап, каста, жыныс, мүгедектік және аймақ қиылысып, феминистік сәйкестігі қалыптасатыны көрініс табады деп мәлімдейді. Оның ойынша, өмір нарративтері Үндістан контекстінде интерсекциялықты түсінуге арналған концептілік аппаратты ұсынды.

Екі мақалада этнографияны жаңа контексте және жаңа перспективаларда қолдану жолдары қарастырылады. Британдықтар халқын тайпалар (тағы да) деп анықтаған Үндістанның солтүстік-шығыс аймағында көтерілісшілер

қозғалысының ұзақ тарихы бар. Бұл Үндістан тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасқандықтан, мемлекет енгізген жаңа әскери ереже, яғни Қарулы күштердің арнайы өкілеттіктері туралы заң, әскерге аймақты басқару өкілеттігін берді және осы аймақта өмір сүретін адамдарды азаматтардан гөрі бағыныштыларға айналдырды. Осылайша, Сойбам Хариприа: бұл контекст әлеуметтануды этнография ретінде қалай қолданатынымызға не алып келеді? – деп сұрайды. Әскерилер және бүлікшілер арасындағы конфронтацияның күшеюі сенімнің жоғалуына және коллаборационистерді анықтауда қателікке ұшыратады. Сонымен қатар, тек күдікке негізделген бейберекет кісі өлтіру әлеуметтанулық аланды қауесетке толтырып, өзара сенімсіздікке ықпал етеді. Сойбам осы күрделі контекст сол этникалық/тайпалық топқа жататын жергілікті/инсайдер әлеуметтанушы үшін де үлкен мәселе екенін айтады. Ол: қалыптасқан жағдайда зорлық-зомбылықтың әлеуметтік қатынастарға қалай ықпал ететінін талдағысы келетін әлеуметтанушы зерттеуді қалай жүргізеді? – деп сұрақ қояды. Сойбам зорлық-зомбылық орындарындағы далалық жұмыс әдіснамасы туралы ой толғайды және әдеби мәтіндермен танысу этнография анықтаған алаңға қарағанда, контексті нақты түсінуге көмектеседі деп мәлімдейді.

Топтамадағы соңғы мақала этнография касталық идеологияның заманауилықпен қалай қиылысатынын түсінуге мүмкіндік береді деп санайтын Шырын Мырзаға тиесілі. Оның этнографиялық жұмысы қазіргі Үндістандағы қалалық санитарлық жүйеге арналған, себебі касталық ластануды үкімет қадағалайды. Оның зерттеуі муниципалитет қалдықтарды жинау және тазарту үшін: тазарту, сыпыру, мал сою және қоқыс шығару – касталар иерархиясындағы төменгі, яғни «лас» касталарды жалдайтын Мумбайдың санитарлық жүйесіне арналған. Оның болжамына сәйкес, стигматтау және касталық еңбек концептілері осы жұмыста істейтіндерді «лас» ететін қазіргі контексті түсінуге ықпал етеді. Қоқыс жинайтын далит-мұсылмандар мен далит-индустардың мысалында каста және діни сәйкестілік қиылыстарын сипаттайды. Этнографиялық жұмысы индуистік касталарды басқа азшылықтан ерекшелейтін колониялық түсінуге күмән келтіреді. Мырза қолданыстағы және жалпы қабылданған ұғымдарды тұрақсыздандыра отырып, Мумбайдағы қатты қалдықтарды басқару басқармасындағы каста мен стигманың ортақ тарихын ұсынады. Оның этнографиясы стигматталған дене материалдық каста орны ретінде өндірілетінін және нақты объектілерге қатысты конфигурацияланғанын көрсетеді.

Ұсынылған мақалаларда әлеуметтанулық ойдың «жетік тәжірибесін» құру үшін бағалануы қажет нюанстарға баса назар аударылады. Олар білімді өндіру саясатын және олардың айналымын бағалауға қабілетті рефлексияны ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманды түсіну және оны адамзат түйткілдерімен байланыстыру үшін ғылыми бағалаудың өзектілігін растайды.■

Хаттарды Сужата Пателге <patel.sujata09@gmail.com> жолдауға болады.

> Орталық Үндістандағы

тайпалық география деконструкциясы

Ракеш М. Кришнан, Хайдарабад университеті, Үндістан

Әсседе тарихи әлеуметтану тайпалық қауымдарды әлеуметтанулық ұғынуды нығайту үшін өте маңызды екенін дәлелдеймін. Қазіргі уақытта әлеуметтанулық талдау үшін пайдаланылатын тайпалық қауымдар туралы антропологиялық әдебиеттерде контекстуалдау мен тарихи өлшем жеткіліксіз. Демек, талдау категорияларын салыстырмалы-тарихи қайта контекстуалдау тайпалық әлемнің шиеленіскен байланыстарын ажырата алады. Менің ойымша, «шекара» категориясы осы шиеленіскен түйіндерді, яғни мемлекеттік биліктің шегі мен халықтың ұмтылысын көрсетеді. Шекара қос мағынада қолданылады: елдімекен шеті және одан тыс жер – белгісіздік мекені; сонымен қатар нақты субъект немесе оның қызметі туралы белгісіздікті білдіреді. Шекара концепциясы әлеуметтік тәртіп пен әлеуметтік инженерияның әртүрлі мәдениеттері арасындағы өзара әрекеттесуді сыни бағалайды.

> Отарлық география

Әртүрлілік пен иерархия ұғымдары өзендерге, қалың орман мен минералды ресурстарға бай өңір – орталық Үндістанның таулы аймақтарында тұратын тайпалық қауымдарға – әлеуметтік топтарға қатысты отарлық саясатты таңды. Отарлық жаулау («тайпа» терминін стандарттады; отарлық билеушілер оны африкалық қолданудан алған. Олар анимистік діни әдет-ғұрыптарына назар аударатырып, бұл топтарды «қарабайыр», «жабайы» және «варварлар» деп жіктеді де, үнді кастасының отырықшы шаруа қауымдарынан ажыратты. Он тоғызынша ғасырдың басынан бастап көтерілістер мен бүліктер орын алған «жабайы аймақтарды» басқарудағы қиындықтардан отарлық билік 1874 жылы Жоспарланған аумақтар туралы заңды қабылдады. Отарлық заң отарлық мемлекет тайпалық қауымдарды өркениетті қоғамнан тыс жерде орналастыратын және басқаратын бөлек географиялық аймақтарды қалыптастырды. Осы әкімшілік/географиялық анклавтарда отарлық әкімшілермен миссионерлер тайпалық қауымдарды өркениетке аяқ басқызатын «өркениеттік миссияға» кірісті. Басқарудың отарлық сызбасындағы тайпалық қауымдардың бағынышты жағдайы тайпалық қауымдардың мемлекет тікелей бақылауынан тыс адамдар мен жер ретіндегі отарлыққа дейінгі түсінігін жойды.

Отарлық заңдар тайпалық қауымдастықтың табиғи ресурстары мен жеріне қол сұғып, тайпалық аймақтарда шиеленіс тудырды. Тайпалық қауымдар – британдық отаршылдыққа қарсы наразылық білдірген алғашқы әлеуметтік топ, себебі жыртқыш капитализм, жерлерді тартып алу, седентаризация және салық жүйесі олардың өмір салтын бұзды. Отарлық әкімшілік ғалымдар мен антропологтар этнографиялық зерттеулер, құжаттамалар және есептер арқылы әртүрлілік пен иерархия жобасына үлес қосты. Тәуелсіздік алғаннан кейін де мемлекеттік саясат пен антропологиялық зерттеулер оларды өркениетті мәдениеттерден тыс аумақтармен шектелуі тиіс табиғатта өмір сүретін адамдар деп қарастыруды жалғастырды.

> Тайпалық қауымдар және ұлт құру жобасы

Отарлық кезеңнің соңы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңнің басында антропологтар тайпалық қауымдастықтың ұлт құру жобасындағы орны туралы пікір таластырды. Әдістер «ізгі жабайы» әлемі идеясынан үнді қоғамына ассимиляцияға дейін өзгерді. Пікірлер әртүрлі стратегияларды ұсынғанымен, тайпалық қауымдарды концептуалдауда әртүрлілік пен иерархия туралы отарлық түсінікті ығыстырмай, керісінше жалғастырды. Тайпаларды зерттеген антропологтар көмегімен мемлекет тайпалық қауымдарды ұлттық мемлекеттің көмегіне үнемі мұқтаж бұратана топ деп қарастырып, отарлық категорияларды еш сынсыз қабылдады. Тіпті ұлттық әлеуметтік ғылымдар, оның ішінде антропология да, осы географиялық аймақтардағы өндіріс күштерінің тарихи өзгерістерін және адамдардың ұмтылыстарын зерделемеді. Сондай-ақ постколониялық қоғамдағы отарлық әртүрлілік мен иерархияның тарихилығы мен өзектілігін зерттеген жоқ. Демек, тайпалық қауымдар эволюциялық циклдің бірінші кезеңіндегі, статикалық және өзгерістерге дайын емес бағынышты әлеуметтік топтар ретінде қабылдана берді. Екі стратегия саясатқа ықпал етті – бір мезгілде үнді шаруа қауымдарынан қорғау мен олардан ерекшелену және тайпалық өңірлерді капиталистік дамыту. Мемлекет пен әлеуметтік ғылымдар тайпалық субжоспарлау округтері және тайпалық дамудың интеграцияланған агенттігі түрінде аумақтық негізде тайпалық қауымдарды «дамытуға» ұмтылды. Білім, медицина және басқа да инфрақұрылымдық бастамалар

>>

“Тайпаларды зерттеген антропологтар көмегімен мемлекет тайпалық қауымдарды ұлттық мемлекеттің көмегіне үнемі мұқтаж бұратана топ деп қарастырып, колониялық категорияларды ешбір сынсыз қабылдады”

«заманауилықты» қамтамасыз етті, ал белгіленген географиялық аймақтардағы тайпалық қауымдар заңды артықшылықтарға және әлеуметтік-мәдени құқықтарды қорғауға ие болды.

Ұлттық үкімет бастаған даму капиталдың және тайпалық еместердің тайпалық аймақтарға енуін тоқтатпады. Оның үстіне ұлттық саябақтардың құрылуы тайпалық қауымдарды ұлттық мемлекеттен алшақтатты. Тау-кен өндіру және бөгет салу сияқты қарқынды дамып жатқан табиғи ресурстарды ұдайы өндіру жобалары тайпалық ландшафтты бұзып, тайпалық автономия үшін қозғалыстарды тудырды. 1970 жылдардан бастап коммунистік революционерлер мен түңілген тайпалық қауымдар иеліктен алу арқылы жинақтау процесі туралы табандылықпен баса айта бастады.

Барлық тайпалық аймақтар қорыққа айналған жоқ және барлық тайпалық халықтар оқшауланбады. Кейбір таулы қауымдардың ешқандай қорғанысы болмады және олардың жерлері урбанизация мен туризм кеңістігіне айналды. Басқа таулы және орман қауымдары плантациялар мен ағаш өңдеуден жерлерін жоғалтты. Әкімшілік анклавтардан тыс тайпалық қауымдар жалдамалы жұмысшыларға айналды, ал анклавтардағылар оқшауланды және капитал айналымынан шетте қалды. Отарлық және постколониялық капиталмен күшейтілген жүйеленбеген ландшафт Үндістан антропологтары/әлеуметтанушылары тарапынан жете бағаланбады.

> Шекара: мемлекеттік категориялардың орын ауыстыруы

Тайпалық қауымдар әлеуметтануы әртүрлілік мен иерархияларды жалғастыратын отарлық шеңберге сүйенеді және қатар жүретін басқарудың арнайы

географиясы арқылы жалпы халық қатарынан шығара отырып, білім беру және басқа да ассимиляциялық стратегиялар негізінде интеграциялайтын процесс – инклюзивті шығарудың мемлекеттік шекарасын сынсыз қабылдайды. Ол негізінен эмпириялық мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік саясат пен бағдарламаларды бағалаумен ғана шектеледі. Осы орайда ұлттық әлеуметтанушыларға Үндістандағы гегемондық әлеуметтанулық қиял мұрасының бөлігі болатын тайпалық қауымдарға қатысты мәселелерді түсіну үшін тарихи және салыстырмалы сезімталдық жетіспейді. Тайпалық халықтарды отарлық және ұлттық шеңберде бағындыру тайпалар мәдени географиясының әкімшілік кеңістікке дейін ыдырауы және осы әкімшілік анклавтардың ішінде және сыртында тайпалардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі траекториялары сияқты маңызды процестерді жасырады. Эпистемалық категорияларға кіріктірілудегі кемшілік тайпа ұғымында енгізілген билікті ығыстыру үшін салыстырмалы перспективаға тарихи және географиялық өлшемдерді қайта енгізу үшін эвристикалық құрылғыны қажет етеді. Осылайша, шекара концептісі отарлық және постколониялық мемлекеттер құрған географиядағы тайпа категориясын контекстеу арқылы антропология шекарасына күмәндануға мүмкіндік береді. Шекара категориясы тайпа өмір-әлемінің жылжымалығы мен өзгермелігін және мемлекет пен оның халқы арасындағы жүйесіз диалектиканы көрсете алады. Оның үстіне, ол белгілі мен белгісізді бөлуші ретінде ұлттық әлеуметтануға отарлық және постколониялық ұлттық мемлекет орнатқан әртүрлілікпен және иерархиямен күресу қажеттігін еске салады. Осылайша, шекара ұғымы «бағынышты» әлеуметтік топтарға негізделген субъективтілікті қалыптастыратын географияның негізгі идеологияларын айқындап береді және сол арқылы әлеуметтік ғылымдарды қайта қарауға көмектеседі деп сенемін. ■

Хаттарды Ракеш М. Кришнанға <rakeshmkrishnan@gmail.com> жолдауға болады.

> Феминистік интерсекциялық: жаңа әдістер

Снеха Голе, Савитрибай Фуле Пуна университеті Үндістан



2014 жылы Махараштра штатындағы Гадхингадж-Колхапур қаласында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы наразылыққа үгіттеу. Ұсынған: Санджив Бонде /[Wikimedia Commons](#).

Мақала феминистік алаңдар мен ондағы «әйел» категориясын реконструкциялауға арналған. Мен интерсекциялық пен оның Үндістандағы (АҚШ-тағы гендер-нәсіл контексінен өзгеше) ерекше концептілік траекториясы нарративтер мен жадыны зерттеу әдіснамаларын біріктіре отырып, заманауи ұғынуды қайта түсінудің жаңа әдістерін қалай ұсынатынын қарастырамын. Мұны Махараштра штатындағы феминист белсенділердің (әйел қозғалыстарына қатысушылар) өмірбаян нарративтерін талдау арқылы жүзеге асырамын. Белсенділер үніне артықшылық беріп, таңдауымның себебі – олар феминистік саясаттың түсінілуі мен практикалық қолданылуына әлде қайда мүдделі. Сұқбаттасқан белсенділер – тілі ортақ бір қауымның үш ұрпағы; сұқбат олардың жадыдағы естеліктері интерсекциялық теориясы контексінде қайта қалыптастырғанын және осы бағыт әйел категориясын қайта түсінуге қалай ықпал ететінін көрсетті.

> Монолит «әйелді» сомдау

Гегемондық колониялық және ұлттық құрылымдар «әйел» категориясын ерекше әдіспен қалыптастырды. Колониялық шеңберінде «жергілікті әйел» статусы өркениеттің (немесе оның жоқтығының) өкіліне және

отарлаушылар мен элиталық жергілікті ерлер арасындағы ұлттық конфронтация арқылы «нағыз/аутентентті» «үнді» дәстүрі айналасындағы пікірталас алаңына айналды. Бұл әйелдерді ұлт репрезентациясы ретінде, яғни Үнді анасынан ұлт үшін автономды аймақ бола отырып, қоғамдықпен салыстырғанда, жекенің құндылығын арттыруға дейін қабылдауға алып келді. Саварна/орта таптың жоғары кастасындағы әйел «үнді» әйелінің өкіліне айналды. Гегемондық ұлттық шеңбер әйелді «мәдениет белгісі» деп ұсынуды жалғастырды, ал постколониялық мемлекет әйелді заманауилықтың да, дәстүрліктің де шеңберіне сала отырып, қоғамның «әлсіз қабаты» деп қарастырды. Сәйкесінше, әйелдер – отбасын жоспарлаудың институттанған бағдарламасы аясында биологиялық репродуктор не махила мандал (ұлттық қалыпта ұйымдастырылған әйел қауымдастықтары) сияқты іс-шаралар шеңберіндегі «жұмыссыз» әйелдер. Осылайша, жұмысшы табының төменгі кастасындағы әйелдер мен тілдік қауымдар ішіндегі аймақтық айырмашылықтар постколониялық тұжырым үшін жасырын және маргиналды болып қала берді.

1970-ші жылдары әйел қозғалыстарының жаңа кезеңі жалпы қабылданған категорияларды қайта ұғынып, білім қалыптастырудың орны бола отырып, құрылымдық дискриминация (солшыл идеологиялар тұрғысынан

>>

түсінілетін) мен зорлық-зомбылық мәселелерін жария ете бастады. Қозғалыстың осы кезеңі «дәстүрге», жеке мен қоғамдықтың бөлінуіне және әйелдердің ұлттық символға айналуына қарсылық білдірді. Басты назар ауыл әйелдері мен жұмысшы табындағы әйелдерге, олардың қанаудағы жұмысшылар мен өндірушілер рөлдеріне аударылды. Доминантты ұлттық және колониялық түсіндіруді сынағанымен, негізгі мақсат – әйелдер арасындағы теңсіздікті жасыра отырып, оларды даму/қазіргі заман субъектісі ретінде ұсыну.

> Интерсекциялыққа жылжу

1990-шы жылдары өзгерістер орын алды: ұлттық дискурс әйелдерді билік дискурсы арқылы қарастырды, ал әйел қозғалысы әйелден гендерге қарай ығысты. Осы жағдайда интерсекциялық екі деңгейде айқын іске аса бастады: талдауға арналған концептілік құрал және далиттер (тікелей «жаншылған» деп аударылғанымен, бұрынғы кесепаттылар кастасының сәйкестену маркері болып қайта қалыпқа келтірілді), лесбийлер, мұсылмандар (қарулы қарсылық білдірген діни азшылық) сияқты әртүрлі қаналған топтардың атынан сөйлеген, ешбір партияға кірмейтін әйел топтары қабылдаған ұйымдастырушылық стратегия; АҚБТ (Артта қалған басқа таптар – әлеуметтік және экономикалық артта қалумен сипатталатын төменгі таптар). Осылардың әрқайсысы интерсекциялықтың нақты тәжірибесіне жүгінді және оның Үндістан феминистік саясатының негізгі бағытынан тарихи жойылу мәселесіне күмән білдірді. Интерсекциялық нәсіл-гендердің африкалық-америкалық концептуалдауына негізделгенімен, Үндістанда күрделі траекторияға ие еді, себебі гендер бірнеше бағытта: тап, каста, тайпа, жыныс, мүгедектік, тілдік қауымдар мен діни тиістілік – қайта ұғыныла бастады. Далиттер феминистік теориясы «әйел-феминистік субъект» қауқарсыздығын айрықша баса айтты да, далит-әйелдердің түрлі тәжірибесі мен қарсылығына, әсіресе отбасы-неке-туыстық жүйесіндегі, назар аударды. Дегенмен, каста межелеген теңсіздік ретінде нәсіл/тап немесе саварна/далит бинарлығынан әлдеқайда шиеленіскен, сондықтан терең зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыда феминистік саясат бағыты интерсекциялық ілімінің кіріктірілуімен «әйел» категориясын қайта ұғыну үшін өзгергендігін айттым. Мұның дәлелі – белсенділердің әртүрлі уақыт кезеңінде баяндаған өмір нарративтеріндегі өзгерістер. Осылайша, жұмысым межелеген теңсіздік арқылы «әйел» реконструкцияланатын бағыттарды ұғынуда интерсекциялықтың маңызды теориялық ресурсқа айналатынын көрсетеді.

> Нарратив пен жады жұмысы

Егер 1970-ші жылдар феминист-белсенділерге ерекше касталық мәртебесінен туындайтын айырмашылықтарды азайтуға және монолитті, әмбебап әйел тәжірибесін анық көрсетуге мүмкіндік берсе, бүгінгі саяси контекст пен әйел мәселесін қайта қарастыру белсенділерге каста-тап ерекше мәртебесін және оның отбасы-неке-туыстық-жыныс институттарымен байланысын қайта концептуалдап,

олардың тәжірибелеріне қалай ықпал еткені туралы ойлануға итермелейді. Белсенділер, оның ішінде 1970-шы және 1990-шы жылдары саясаттандырылғандар, дәл қазір өз өмірлерін белгілі бір кастада туылған әйелдер ретінде және осы мәртебенің өмірлік жағдайлар мен мүмкіндіктерді қалай қалыптастырғанын зерделеп, балалық шағы мен бойжету жылдарын жаңа призмалар арқылы еске алады. Тіпті, идеологиясы кастаны заманауилыққа дейінгі категория қатарында қабылдау қажет, ал оның қазіргі заманда қолданылуы сәйкестену саясатымен байланысты, яғни жалпыұлттық феминистік саясатты қалыптастыруда алауыздыққа алып келеді деп есептеген белсенділер енді заманауи Үндістандағы интерсекциялықты айқындайтын каста-тап-гендер-жыныстың әртүрлі параметрлерін ескере отырып, өмірі туралы айтып беруге дайын. Қазір олар өз өмірін отбасы, неке және туыстық институттарымен түйіндескентап-каста әлеуметтенуінің ұғымдарын пайдалана отырып қайта еске түсіреді. Өмір нарративтерін әдіс ретінде қолдану олардың бастан өткізген әлеуметтік мәртебе мен артықшылықтардың интерсекциялық шындықтары туралы естеліктерін қайта интерпретациялауға ғана емес, сонымен бірге Үндістан контексіндегі интерсекциялықты теориялауға көмектеседі. Осы процесте интерсекциялықтың үндістандық нұсқасына қатысты жаңа феминистік теорияларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.


Өмір нарративі әдісі жады зерттеулерімен бірге феминистік алаңдағы заманауи перспективалардың жаңа феминист-белсендіні реконструкциялауға ықпалын анықтауға көмектеседі; олар өздері және феминистік зерттеулер үшін Үндістанның әртүрлі иерархияларындағы артықшылыққа ие болу/бағынышты болу мәселелерін көтереді. Әдіс «колониялық, ұлттық немесе ерте феминистік» гегемондық шеңберде тұжырымдалған «әйел» дискурсына қарсы тұру үшін қолданылғанда феминистік рефлексивтіліктің маңыздылығын көрсетіп қана қоймайды, қазіргі интерсекциялықты қалай түсінуге болатындығы туралы теориялық түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, осы әдіснамалық өзара әрекеттесу ұжымдық саясаттағы өзгерістерді түсіну және мүмкін болатын бағыттарды белгілеу мақсатында жеке естеліктерді ашуға және қайта құруға жол ашады. Осылайша, интерсекциялық теориясын қазіргі үнді қоғамындағы касталық топтардың/діни қауымдардың/тілдік қауымдастықтардың межелеген күрделі позициясы деп қабылдауға болады. Әрине, сұқбаттар тілі ортақ бір қауымның ішінде жүргізілгенін ескерсек, гипотезамыз әлі де бір аймақтағы интерсекциялықты бағалаумен шектеледі. Бірақ бұл, сонымен бірге, Үндістанның басқа тілдік қауымдастықтарында бар иерархиялар арасындағы айырмашылықтар мен өзара қатынастарды талқылауға мүмкіндік береді. Осылайша, жоба басқа аймақтық және саяси контекстерді түсіну үшін дайын шаблон емес, керісінше осы мәселелерге көзқарас әдісін ұсынады. Белгілі бір аймақтан алынған осы оқиға Үндістандағы әйелдердің заманауи құрылымын ұғынуымыз үшін көп сабақтан тұрады. ■

Хаттарды Снеха Голге <gole.sneha@gmail.com> жолдауға болады.

> Қауіпті алаңдар:

зорлық-зомбылық орындарында әлеуметтанумен айналысу

Сойбам Хариприя, тәуелсіз зерттеуші, Үндістан



Манипур штаты, Бишнупур ауданындағы Каранг қасына ілінген жазу, 2011 жылдың сәуірі. Ұсынған: Сойбам Хариприя.

Әсседе мемлекет түрткі болатын зорлық-зомбылықты әлеуметтану/әлеуметтік антропология қалай зерттеуі қажет екендігі туралы ой толғаймын. Елдегі көп шиеленістің бірі – Үнді ұлттық мемлекетін құру жобасына қарсылық. Аруначал-Прадеш, Ассам, Манипур, Мегхалая, Мизорам, Нагаленд, Сикким және Трипура штаттарынан тұратын солтүстік-шығыс аймақ Мианма, Бутан, Бангладеш, Қытай және Непалмен ортақ халықаралық шекарасы бар. Бұл аймақ ұлттық мемлекет құру жобасы салдарын бастан кешті және тәуелсіздік үшін қозғалыстар аясында қарулы қақтығыстармен ерекшеленді. Демек, 1958 жылғы Қарулы Күштердің ерекше өкілеттігі туралы заң (AFSPA) солтүстік-шығыс аймақтағы штаттарда (Сиккимді қоспағанда) белгілі бір формада қолданылады. 1958 жылы Ассамдағы Нага Хиллста енгізілген AFSPA – аймақты басқаратын саяси-әкімшілік аппараттың бөлігі. Қарулы күштерге күдіктіні өлтіруге берілген арнайы өкілеттік өмір

сүру құқығын тоқтатады. AFSPA жазасыз қалу мәдениетін, қауесеттер желісін және өзара күдіктенуді ынталандыратын аймақта ұлт туралы гегемондық идеяның қолдау таппауы таңғаларлық жағдай емес.

Манипурда бүлікшіл топтар саны AFSPA енгізілген уақыттағы төрттен 32-ден астам топқа дейін (әртүрлі әрі қарай бөлінген топтарды қоспағанда) артқан. Көптеген зерттеу жұмыстары саяси мәселелерді шешу үшін қарулы күштерді қолданған жылдар зорлық-зомбылықты тоқтату мүмкіндігін жойғанын көрсетеді; ол өмірдің әрбір аспектісін өлімді мемлекеттік немесе мемлекеттік емеске жатқызудың мағынасыз болып қалатындығы тұрғысынан тұжырымдайды. БҰҰ мүдделі тараптары мен Адам құқықтары жөніндегі азаматтық қоғам коалициясының бірлескен баяндамасы (2016) 3 миллионнан аз халқы бар Манипурда 50000 үнді әскері орналастырылғанын көрсетті. Қорғанысты зерттеу және талдау институты 2000-2004 жылдар аралығында содырлар Манипурда 450 бейбіт тұрғынды өлтірді деп мәлімдейді. Осындай статистика Манипурды ұлттық мемлекет тәртіп орната алмаған кеңістік ретінде ұсынады. Міндет – мемлекеттік заңдар/саясат бұзған кеңістікті анықтау.

> Этнографтың міндеттері

Үндістанда оқытылатын оқу бағдарламасында әлеуметтану мен әлеуметтік антропология арасындағы айырмашылықтың анық болмауынан, пәндегі этнографиялық далалық зерттеу аса маңызды. М.Н.Шринивас әлеуметтану мектебі аясында осы алаңға қолжетімділік этнография арқылы жүзеге асады. Адамдардың өз өміріне беретін мәнін анықтау мақсатында зерттеуші күнделікті өмірге қатысады. Бұл алаңның, зерттеуші өзін инсайдер деп сезіне алатын, «табиғи орта» болатындығын болжайды. Инсайдер/аутсайдер сәйкестілігі нақты емес (десек те, солтүстік-шығыс аймақта «аутсайдер» аймақ қауымдастығына жатпайтындарға қатысты). Сол этникалық қауымдастыққа тиесілі немесе солтүстік-шығыс өкілі болу, әдетте, адамды инсайдер етеді. Алайда, қауымдастық/аймақ мүшесі екендігіңізге қарамастан, туыстық немесе саяси тиістілігіңізге байланысты аутсайдер болуыңыз әбден мүмкін.

Манипурдағы зерттеу мақсатымның бірі – адамдардың азаптап өлтірумен және оның салдарынан пайда болған қорқыныш мәдениетімен қалай күресетінін түсіну болды.

>>



Мұндай наразылық акциялары — қалыпты жағдай.
Ұсынған: Сойбам Хариприя, 2011.



2011 жылы үнді әскері себепсіз ұстаған жас азаматқа қатысты
наразылық акциясы. Ұсынған: Сойбам Хариприя.

Манипур тұрғыны болғандықтан, инсайдер деп саналдым; алайда сенім/сенімсіздік басты түйткілдерімнің біріне айналды. Ең алдымен сенімге байланысты келіссөздер жүргізе отырып, алаңда қолданылатын терминологияны қайта қарастыруға тура келді. «Информанттар» және «коллорабационистер» секілді ұғымдарды пайдалану — күрделі мәселе. Сенім орнатудың алғашқы қадамы — мемлекет әскери аппараттың агенттері болудың теріс мағыналарын тудыратын сөздерден бас тарту. Екіншіден, ғылыми зерттеулер жүргізуге жалпы қарсылық бар. Зерттеу құралдары зорлық-зомбылықтың тарихи тамырын көрсете алмайды және нәтижесінде, адамдарды әу бастан-ақ бір-біріне және қауымнан тыс адамдарға қарсы және күдікпен қарайтын отаршылдық этнографиялық репрезентациясын ұдайы қайта өндіреді деп санайды. Бір жағынан, «аутсайдер» зерттеуі мемлекеттік зорлық-зомбылық жобасымен түбегейлі келіспесе де, серіктестік сияқты мәселені қозғайтын алаңдарға енуі қажет. Екінші жағынан, алаң өзара күдіктену сезімін тудыратындықтан, алаңға қол жеткізу адамның жеке басына ғана байланысты. Қазіргі әлеуметтік жағдайды милитарландыру жылдары қалыптастырғандықтан, құралдар мен әдістердің «дұрыстығына» күмәндана қарауымыз тиіс. Үшіншіден, «инсайдер» зерттеуші бола отырып, осы алаңға ену оңай емес екенін анықтадым, себебі адамдар туыстарын, достарын және мекемелерді мемлекетке немесе мемлекеттік емеске жақындығына қатысты жіктейді. Алаңдағы көп пікірталас пен әдістер «информанттардың» шындықты айтып отырғанын анықтауға арналған. Алайда, осындай алаңдарда зерттеуші кері позицияда болады; яғни, алаңда жиі қолданылатын ақиқат, фальсификация және сенімділік туралы мәселе енді зерттеушіге қолданылады.

> Пәнаралық әдістің қажеттілігі

«Алаңға» қол жеткізу және оны кеңейту бойынша келісімге келу үшін пәнаралық әдісті қолдандым, яғни дала нарративтерін 1980-2010 жылдар аралығында жазылған өлеңдермен толықтырдым. 1980 жылы AFSPA бүкіл Манипурға таралды. Сол кезең поэзиясын қорқыныш

мәдениеті поэзияда қалай көрініс табатынын ұғыну мақсатында пайдаландым (әндер, көркем әдебиет, романдар сияқты басқа мәдени артефактілерді де зерттеуге болатын). Мысалы, Таңжам Ибопишактың «Мен үнді оғынан өлгім келеді» сатиралық өлеңін қарастырдым. Өлеңде бес элемент — от, су, ауа, жер, аспан — міндеттері адамды өлтіру деген сылтаудан басқа түсіндіруі жоқ олар ақынды өлтіру үшін үйіне келеді. Ақын өзін Үндістанда жасалған оқпен өлтіруді сұрайды. Осылайша, өз өмірін сақтап қалады, себебі олар ақын тілегін орындай алмайды. Бес элементті өз құрбандарын таңдайтын және оларды өз үйлерінде атып тастайтын өлім эскадрилиясының құпиялығын білдіретіндер деп талдаймын (қайталаймын, зорлық-зомбылықты мемлекетке немесе мемлекеттік емеске жатқызу мүмкін емес). Кісі өлтірудің орынды себебінің мүлдем болмауы, біреудің өлімі немесе өмірін сақтау (ақын сияқты) ақылға сыймайтын ерікті шешім екенін білдіреді. Ақынның өтініші — өмір сүруге конституциялық құқық беру талабы «бос сөз» болған ұлттық мемлекеттік мазақ ету; ол зорлық-зомбылықты үйге де енгізетін милитарландыруға қарсы.

Өмірге қауіп төндіретін далалық нарративтер контекстінде осындай өлеңдер өлім туралы ой-толғауларды қолжетімді етеді. Бұл антропологтар поэзия үшін этнографиядан бас тартуы қажет дегенді білдірмейді; менің ұсынысым — материалдық дәлелдер болмаған жағдайда зорлық-зомбылықты зерттеу әдістері. Зерттеушілер әдіснамалық гибридтілікке қатысты абай болуы керек; алайда, этнографияның өзі әдеби жанр ретінде қайта құрылғанда, поэзияны «объективті» далалық есептер анықтай алмаған зорлық-зомбылық тәжірибесін көрсететін жанр ретінде қоспауға уәж жоқ. Поэзия осы саладағы фактілермен қатар бар әлеуметтік білімді қалыптастыру арқылы жоюға қарсы тұрады. Осылайша, әлеуметтік антропология мемлекет тудырған зорлық-зомбылық орындарында сыншылдығын сақтау үшін зерттеу құралдарын зерделеп, мәлімет көздерін кеңейтіп, басқа пәндердің тәжірибесін қабылдауы тиіс. ■

Хаттарды Сойбам Хариприяға <priya.soibam@gmail.com> жолдауға болады.

> Қалалық Үндістандағы стигма және касталық еңбек

Шырын Мырза, Индрапраста Ақпараттық технологиялар институты, Дели, Үндістан



Деонар – Мумбай маңы, қаладағы ең үлкен қоқыс алаңы ретінде белгілі. Ұсынған: Шырын Мырза.

Мақалада, бір жағынан, идентификация әлеуметтануы каста мен дінді үнділер мен мұсылмандарға қатысты жеке әлеуметтік категориялар ретінде қалыптастырады деп мәлімдеймін. Екінші жағынан, капитализм және урбанизация жүйелері еңбекті стигматтау және кеңістікті сегрегациялау арқылы каста мен дінді анықтайтын практикаларды біріктіреді деймін. Осы тұрғыда стигманы категория деп жинақтау өте маңызды, себебі ол өтпелі құрылымдарды зерттеуге және отаршыл-ұлтшыл шежіресі бар тәртіп категорияларын жоюға мүмкіндік береді. Мақалада күрделі нақтылықты көрсету үшін жаңа категориялар қажет екендігі және этнография көмегімен жаңа категорияларды әзірлеуге болатындығы айтылады.

> Каста мен діннің дискурстық бөлінуі

Кастаның гегемониялық әлеуметтануы стигматталған еңбек пен кастаның үнділер діни идеологиясымен, сондай-ақ дәстүрлі үнділік әлеуметтік практикаларымен байланысын зерделейді. Manusmriti деп аталатын ежелгі үнді мәтінінен

каста легитимділігі карма (адамның әрекетінен туған күш), дхарма (әділдік жолы) және варна (тәртіп) сияқты идеяларға негізделетінін ұғамыз. Осы идеялар үнді қоғамын салтқа сәйкес төрт әлеуметтік топқа, сондай-ақ варнадан тыс орналасқан және «лас» жұмысты істейтін кесәпаттылар кастасына (аварна) бөлу арқылы тазалық пен ластану туралы идеяларды құрылымдайды. Жоғары каста топтарының мәдени тұрғыдан артықшылыққа ие екендігін бекіту үшін касталық тазалық пікірталасына сүйенген әлеуметтанулық талдауға күмән келтірілді, ал бұл олардың экономикалық және саяси билікті одан әрі нығайтуына ықпал етеді. Кастаны салт бойынша тазалық пен ластануды басқарудың индуизмнің әлеуметтік жүйесі деп дискурсты ұғынудың да шегі бар, себебі ол діни топтардағы стигматтау мен касталық еңбектің заманауи кеңістіктік практикаларын түсінуге қажетті іргетасты қалай алмайды.

Дискурстық әдіс аясында каста да, дін де эпистемологиялық тұрғыдан бөлінген және әртүрлі сала деп қарастырылады. Эпистемологиялық бөліну – ұлт пен оның саясаты үшін «ішкі» категория болатын касталар

және үнемі ислам идеологиясымен немесе жергілікті әлеуметтік контексте бейімделумен байланысты «сыртқы» категория, яғни (діни) азшылық – отаршыл-ұлтшыл шежіре арқылы туындайды. Осы шежіреде «азшылық»-категория – кастаның жоғалуынан пайда болатын алаң, яғни дін синонимі. Отаршыл-ұлтшыл шежіреде каста мен дін статусы тұрғысынан тап пен өндіріс әдістері сияқты еңбектің саяси және экономикалық категорияларынан тұжырымдамалық негізде ерекше әлеуметтік сала ретінде өндіріледі. Салыстыруға келмейтін әлеуметтік категориялар – каста мен дін – арасындағы шежірелік бөліну үнді қоғамын индуистер, мұсылмандар және христиандар сияқты жеке діни топтарға жіктеудің отарлық әрекеті нәтижесі, сондықтан да каста мен дінді теориялау капиталистік урбанизацияның салдарына бейім емес. Осы бинарлық іс жүзінде сын көтермейді, себебі индуистік емес топтар, оның ішінде христиандар мен мұсылмандар да «лас» жұмыстарды орындаумен байланысты стигматтауға ұшырайды. Стигматталған еңбек тек жеке адамды ғана емес, сондай-ақ қауымның өзін де онтологиялық тұрғыдан лас деп санайды. Онтологиялық ластану брахмандар сияқты «таза» касталарға қолжетімді уақытша дербес құқықтан ерекшеленеді, ондағы лас күй уақытша және салттық тазарту арқылы жойылуы мүмкін.

Модернизация теорияларына кіріктірілген әлеуметтік өзгерістер сызықтық үлгісінің ықтималдығына байланысты гегемониялық әлеуметтану қазіргі заманғы касталық еңбек практикасын түсіндіре алу қабілетінде де шектеулі. Бұл пайдасыз, себебі экономикалық және әлеуметтік даму жабық иерархиялық жүйені жеке мобилдікке негізделген ашық әлеуметтік стратификация жүйесіне айналдырмайды. Оның орнына урбанизация және капиталистік экономика, әсіресе үнді қалаларының санитарлық бөлімдерінде, кастаны институттандырады.

> Стигматталған еңбек және тәртіп категорияларын жою

Мысалы, отарлық Бомбей муниципалитетінің санитарлық бөлімі *kutchra* халықтық ұғымын өзіндік шешімдерді талап еткен жергілікті тропикалық жағдайлар мен қаланың лас, қараңғы түпкірлерінің нәтижесінде пайда болған қалалық қалдықтарға қатысты қолданды. Сондай-ақ, санитарияға қатысты ресми түрде парсының *halalkhore* ұғымы қабылданды. Халалхор барлық ас рұқсат етілген төменгі кастаның мұсылман жұмысшыларына қолданылады. Бөлім «дәстүрлі» қызметі тазалау, сыпыру, мал сою және қоқыс шығару деп қарастырылатын «кесапаттылар» кастасынан шыққан индуистерді, буддистерді, христиандар мен мұсылмандарды шоғырландырды. Муниципалитеттегі касталар өкілдерінің тобы ластану касталық сәйкестікке кіріктірілген тұжырымына сүйене отырып, касталық сәйкестілікті санитарлық еңбекке айналдырды да, оны экономикалық транзакция аясында жүзеге асырылатын жалдамалы жұмыстан ажыратты.

1899 жылы отарлық санитарлық мемлекет салған Мумбай қаласындағы ең үлкен және ең көне қоқыс үйіндісі

Деонарда қалдықтарды жинайтын бейресми жұмысты Матанг субкастасының индуист-далиттерімен қатар Бихари мұсылман-далиттері істейді. Деонар қоқыс үйіндісінде қоқыс жинап жатқан Матанг кастасына жататын индуист-далит қалдық жинаушысы мен мұсылман-далит қалдық жинаушысын ажырату қиын. Екі қауымдастықтың мүшелері де қоқыс үйіндісінен артында полиэтилен қапқатарымен, шыны бөтелкелермен, лақтырылған аяқ киіммен және киіммен толтырылған ақ пластик дорбалармен оралады. Әр адам *maal* (сөзбе-сөз олжа, ресурс деп те түсінуге болады) деп аталатын нәрсеге толы төрт-бес дорба және қалдық қабаттарын қазуға арналған *akdi* деп аталатын металл орақ арқалайды. Бастарына шам байланған, ал қоқыстағы шприцтер мен сынған әйнек аяқтарына кірмеуі үшін лақтырылған шұлықты қалың етік сыртынан киеді. Мұнда жалпыға ортақ нәрсе – «жағымсыз» иісті жою және жек көру идеясы, сондай-ақ визуалды қанағатсыздықтың арқасында қоқыс үйінділерін оқшауланған орындар ретінде қалыптастыратын жинақтау және тастаудың капиталистік мәдениетінен туындаған ынсапсыздықпен жұмыс.

Менің этнографиям урбанизацияның осы үлгісі каста мен діннің аралас ұғымдарын тудыратынын көрсетеді. Мұны «ластанған» өндірістерді орналастыру үшін қауіпті белдеу ретінде жоспарланған Деонар қоқыс үйіндісінің айналасында далит пен мұсылман елді мекендерінің құрылу тарихынан көруге болады. Мысалы, 1947 жылғы бас жоспарда бұл аймақ далиттер мен мұсылмандардың жұмыс істейтін халқы қоныс аударған *kutchrapatty* (қалдықтар белдеуі) ретінде бөлінген. Осылайша, стигматтау капиталистік урбанизацияға ықпал етіп, каста мен діннің сектораралық сәйкестігін күшейтеді.

Стигматтауды объект, адам немесе орын алаңдаушылық тудыратын кезде жиіркеніш пен ыңғайсыздықтың көрінісі деп түсінемін. Кастаны ластану, бүлдіру және тәртіпсіздік ұғымдарын анықтайтын тәртіп пен жіктеу жүйелерін символдық білдіретін стигматтаудың әлеуметтік-саяси практикаларының жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Бұл каста мен стигматтау арасындағы байланыстың барын білдіреді – осылайша оқиға денеде із қалдырады. Бұл кірді немесе былғанышты мақсат емес, «басқа» нәсілдік, этникалық, жыныстық және діни азшылық топтарының практикасы арқылы кең әлеуметтік-саяси ортаның бөлігі деп тәптіштелетін мәдени категория ретінде қарастыруды білдіреді.

Стигматтауды әлеуметтік-саяси процесс ретінде алға жылжыту касталар мен діндердің тәртіп категорияларын жоққа шығаратын кең шекараларды құруға мүмкіндік береді. Мұны істеу үшін стигматталған еңбек идеясының аясында трансцендентті және, сонымен бірге, саяси категориядан бөлінбейтін шартты ұғым аясында біріктіру арқылы салыстыруға болмайтын касталар мен діндердің жалпы қабылданған категорияларынан тыс шығуымыз қажет. Бұл «қазіргі заман мен урбанизация стигматтаудың әмбебаптығын білдіре ме?» деген маңызды сұрақ туғызады.■

Хаттарды Шырын Мырзаға <shireen@iiitd.ac.in> жолдауға болады.

> Фемицидті анықтауға және алдын алуға кедергі деректердегі олқылықтар

Мирна Доусон, Зорлық-зомбылықпен күреске қарсы әлеуметтік және құқықтық шараларды зерттеу орталығы, Гуелф университеті, Канада, Әділеттік пен жауапкершілік бойынша канадалық Фемицид Обсерваториясы және ХӘҚ зорлық-зомбылық және қоғам бойынша тақырыптық тобы мүшесі (ТТ11) және Девианттылық және Әлеуметтік бақылау (ЗК29) және Әйелдер, гендер мен қоғам (ЗК32) бойынша зерттеу комитеттері мүшесі

Әйелдер фемицид тың құбылыс емес; дегенмен, оған қатысты халықаралық назардың, әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде күрт өсуі – күтпеген жәйт. Сонымен қатар, «фемицид» терминін бұл мәселеге қатысты қолдану керек пе, фемицидті қалай анықтау керек, ол басқа кісі өлтіруден өзгеше ме және оыс айырмашылықты қалай операциялауға болатындығы туралы жаһандық пікірталастар бар. Пікірталастарды дамытудағы басты қадам – әйелдерді өлтіру ерлердің өлтіруден қалай ерекшеленетінін жүйелі түрде құжаттау – әйелдерді өлтіруге тән жыныстық/гендерлік мотивтерді/көрсеткіштерді (SGRMI/ЖГМК) анықтау. SGRMI зорлық-зомбылықтың әйелдерге қатысты қабылданған жалпы нормаларды ұстанатын, қылмыскерлердің әйел атаулыны жеккөрушілік көзқарасынан, соның ішінде ерлер пайдаланатын мүлік немесе объект ретінде бағынудан және осыған байланысты кемсітуден, стереотиптерден және осындай көзқарастармен бірге жүретін наным-сенімдерден қалай туындауы мүмкін екенін анықтайды.

> Фемицидті сипаттау және анықтау

Фемицидті сипаттаудың екі тәсілі – «әйелдер мен қыздарды өлтірудің барлық түрлері» немесе қазіргі/бұрынғы ер серіктесі өлтірген әйелдерге қатысты «жақын серіктесі фемициді». Бұл тәсілдерді оңай анықтауға мүмкіндік береді, дегенмен олар күрделі құбылысты түсіну үшін жәбірленуші мен қылмыскердің жынысын/гендерді және/немесе қарым-қатынасын ғана ескергендіктен, өте қарапайым деп сынға ұшырайды. Әйелдер мен ерлерді өлтіруді ажырататын қосымша факторларды анықтау үшін біз әйелдерді өлтірумен тығыз байланысты қылмыскер және құрбан болған әйелді басқа жыныстық/гендерлік комбинациялармен салыстырдық.

Біз ЖГМК-де басқа кісі өлтірулерге қарағанда, ерлердің әйелдерге қатысты кісі өлтіруі жиі кездесетінін анықтадық, яғни әйелдердің өлімі кем дегенде жыныстық/гендерлік немесе қарым-қатынастардан басқа, канадалық контексте ерекшеленеді. Оқиға алдындағы жиірек сипаттамаларға полициямен алдын ала байланыс, айырылысу алдындағы

кезен/нақты ажырасу кезеңі, жәбірленушілерге қарсы бұрынғы төнген қауіптер, интимді/отбасылық қарым-қатынастар және әдейі ойластырылған шаралар жатады. Оқиғада жиі кездесетін факторларға әйел өлтіру мотивтері (мысалы, қызғаныш), жыныстық зорлық-зомбылық, дене жарақатын салу, шектен тыс күш қолдану және құрбандарды жалаңаш/жартылай жалаңаш қалдыру жатады. ЖГМК-нің орташа саны әйелдерге қарсы ерлердің кісі өлтірудегі орташа көрсеткіштерінде айтарлықтай жоғары болды.

> Деректердегі елеулі олқылықтар

Негізгі айналымы туралы көбінесе мәліметтер болмайды, бұл сәйкесінше нақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді және профилактикалық алдын-алу шаралары туралы ақпараттандыру үшін зерттеу әлеуетін төмендетеді. Кейбір жағдайларда ақпарат қолжетімді болғанымен, жалпы іріктеу үшін және жыныстық/гендерлік комбинациялар бойынша сәйкестік әлсіз болды. Ерлер мен әйелдер арасындағы кісі өлтіру туралы айтсақ, жетіспейтін деректер жәбірленушінің жасы үшін 3% , бұрын балаларға қатысты зорлық-зомбылық тарихы бар қылмыс жағдайлары үшін 96% дейін болды. Кейбір айналымылар үшін минималды ақпарат күтілді, бірақ ЖГМК басқа, олардың фемицид үшін маңыздылығы ескерілді. Мысалы, айырылысу жақсы құжатталған қауіп факторы болғанына қарамастан, бұл жердегі 66% жағдайда ақпарат жоқ. Сонымен қатар, жыныстық зорлық-зомбылық басқа комбинацияларға қарағанда, ер адамдардың әйелдерге қарсы жасаған кісі өлтіруінде көп болмаған, дегенмен мұндай зорлық-зомбылықтың болуы ықтималдығы осы жағдайда жоғары. Деректердегі олқылықтар бойынша оқиға болған уақыттағы көрсеткіштермен салыстырғанда, оқиғаға дейінгі көрсеткіштерде жетіспейтін деректер саны аз болды.

Біз жыныспен/гендермен байланысты әйелдер мен қыздарды өлтіруді атау және ажырату үшін «фемицид» сөзін қолдану маңызды деген қорытындыға келдік, сондықтан біз зерттеу, білім беру және ақпараттық күш – жігірімізде #CallItFemicide сөзін қолданамыз. Егер біз оны мойындамасак

“Әлі де тергеудің басты назарында фемицидті түсіну үшін маңызды қатынастар контексті мен қоршаған ортадағы ахуал емес, тосын оқиғалар қалып отыр”

және атап өтпесек, онда әлеуметтік мәселені шеше алмаймыз; дегенмен, біз жынысқа/гендерге байланысты элементтерді анықтап, оларды дәйекті түрде өлшеуіміз керек деп санаймыз. Бірнеше эмпириялық зерттеулер мұны сенімді деректердің болмауына байланысты екенін анық көрсетеді. Зерттеуіміз бастапқыда және дәйекті түрде әйел өлтіруге және бірнеше ресми/бейресми деректер көздерінен алынған ақпараттың триангуляцияға бағытталғандығымен ерекше. Осылайша, деректердегі анықталған олқылықтардың неғұрлым кең салдары одан да алаңдатарлық: жалпы әйелдер мен қыздарға қатысты фемицид пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша негізделген бастамаларды әзірлеуге ықпал етуі мүмкін деректер мемлекеттер немесе олардың өкілдерінде тұрақты негізде жиналмайды. Деректердің осылай бұрмалануы әйелдер мен қыздардың өміріне қауіп төндіреді, бұл тек әкімшілік қажеттіліктерді ғана емес, деректерді жинаудың басымдығы ретінде профилактикаға басымдық берудің шұғыл қажеттілігін көрсетеді. Алдын алу құралы ретінде деректерді жинауды қайта қарастыру полицияның тергеу кезеңінде басталуы керек, бұл жинақталған деңгейде жақсы мәліметтер алуға мүмкіндік береді, бірақ ол үшін зерттеушілер, қауымдастықтар және үкімет арасында берік және тұрақты ынтымақтастық қажет.

Заң шығарушы және басқарушы органдар зерттеу жүргізумен айналыспайды; алайда олар зерттеулермен айналысатындардан үйреніп, дәлелдерге негізделген деректерді алуға былайша ықпал ете алады: 1) неғұрлым қолайлы ақпарат жинау арқылы; және 2) зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған әрекет ету жолын түсінуде маңызды рөл атқаратын зерттеушілер үшін деректерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы. Жүргізілген жұмыстарға қарамастан, деректерге қол жеткізу және оларды жергілікті және жаһандық деңгейде жинау әлі де болса қиын, әсіресе әлемнің кейбір аймақтарында (мысалы, Оңтүстік Африка, Латын Америкасы) және кейбір әйелдер мен қыздар топтары үшін (мысалы, байырғы халықтар, иммигранттар мен босқындар, ауылдық және шалғай аймақтарда тұратын әйелдер, мүмкіндігі шектеулі әйелдер). Көптеген елдерде бастапқы деректерді жинау әлде де ең жақсы жол болып қала бермек. Деректер әйелдер мен қыздарға қатысты қылмыс жасау мен ерлердің жасаған зорлық-зомбылығының алдын алу үшін маңызды болса, олар неліктен жүйелі және тұрақты түрде жиналмайды?

> «Қоғамдық патриархат» және деректерді жинау

Негізгі фактордың бірі – патриархаттық әлеуметтік құрылымдардың тарихи және үздіксіз ықпалы, оның ішінде тарихи және заманауи шешім қабылдаушылардың рөлі, олар үшін бұл деректерді жинау басымдық саналмаған және саналмайды да деп қарастырамыз. Бұл шешім қабылдаушы тұлғалар осындай деректерді кім және қалай пайдаланатынын шешіп, одан әрі қарай деректердің «қақпашысы» ретінде әрекет етуді жалғастыруда. Мысалы, қылмыстық сот төрелігі жүйесі – патриархатты, дәстүрлі түрдегі ерлер институты; полицияның тергеуі мен қудалауына қатысты деректер жазбасы осы фактіні көрсетеді. Фемицидтік зерттеулер фемицид құрбандары мен қылмыскерлер арасындағы қарым-қатынасты түсінудің маңыздылығын көрсететініне қарамастан, біздің зерттеуіміз қолжетімді мәліметтерде көрсетілгендей, әлі де тергеудің басты назарында фемицидті түсіну үшін маңызды қатынастар контексті мен қоршаған ортадағы ахуал емес, тосын оқиғалар қалып отыр.

Осы «қоғамдық патриархаттың» және онымен байланысты шешімдердің салдары жыныстық/гендерлік деректердің бұрмалануына әкеледі, бұл әдейі немесе әдейі емес, әйелдер мен қыздарды қауіп-қатерге душар етеді, өйткені деректер негізінен ер адамдарға негізделген немесе солар үшін жасалған, ер кісілер дайындаған мәліметтерге негізделген. Бастапқыда ерлердің ер адамды өлтіру жағдайын тіркеуге арналған деректерді жинау құралдары әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін маңызды деректерді жинауға кедергі келтіреді. Егер әйелдерді өлтіруді сенімді түрде құжаттай алмасақ, онда ерлердің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылығының басқа түрлерін құжаттауға үміт бар ма? Фемицидті зерттеуге лайықты құбылыс ретінде мемлекет және қоғам танымайынша, мұны жасай алмаймыз. Ол үшін әйелдер мен қыздардың, атап айтқанда, әйелдер мен қыздардың кейбір топтары құрбандықтарын жиі байқамайтын «лайықты субъектілер» иерархиясына қарсы тұру керек.

Хаттарды Мирна Доусонға <mdawson@uoguelph.ca> жолдауға болады.

Қосымша оқу:
Автордың осы тақырыптағы соңғы үлкен мақаласы [ағылшын мына жерде](#) және [француз мына жерде](#) тілдерінде қолжетімді.

> АҚШ саясатындағы нәсілшілдік пен анти-инвайронментализм

Ян Каррилло, Оклахома университеті, АҚШ, ХӘҚ қоғам және экономиканы зерттеу комитетінің мүшесі (3K02)



Покадағы Жон Е. Амос көмір электрстанциясы көлеңкесіндегі компания қалашығы, Батыс Вирджиния. Ұсынған: Уигуам Жонс, CC BY-NC-ND 2.0.

АҚШ-та нәсілшілдік пен ақнәсілділердің үстем болуы ортақ мәселелердің шешілуіне басты кедергінің бірі болса, экологияға қарсы іс-әрекет пен климаттың өзгеруі де – қоғамның әлауқатына қауіп төндіретін ең ауыр дағдарыстың бірі. Жуырда Current Sociology журналына жарияланған [The Racial Fix and Environmental State Formation](#), [«Нәсілдік ұстаным және инвайронментті мемлекет қалыптастыру»] атты мақаламда АҚШ-тың саяси экономиясындағы нәсілшілдік пен антиэкологизмнің байланысын егжей-тегжейлі қарастырдым. Саяси экономияда нәсілшілдік саясат өзекті саналатынын әрі оның аясында экологиялық саясат әзірленетінін дәлелдеймін.

Нәсілшілдік пен антиэкологизмнің саяси экономияда бірігуін «нәсілдік ұстаным» деп атаймын. Яғни бұл идея нәсіл мен нәсілшілдік экологияның ластануын баяулататын немесе оны қалпына келтіретін күштерді айналып өту механизмі екенін білдіреді. Атап айтқанда, өнеркәсіп пен үкіметтегі элита нәсілшілдікті әлеуметтік алауыздықты қоздырып, өздерінің билігі пен дәулетіне қауіп төндіретін кез келген ұжымдық бірігуді болдырмау үшін пайдаланады.

> Нәсілдік ұстанымның кеңістіктегі өлшемдері

АҚШ-та нәсілдік ұстаным үш негізгі тәсілде жұмыс істейді. Біріншісі – кеңістіктік, яғни нәсілдер мен кеңістік арасындағы байланыста тұрғындардың қай бөлігі экологиялық ауыртпалықты көтеретіні анықтайды. АҚШ-тағы нәсілдерді кім қоныстандыратыны, АҚШ-та адамдардың қайда тұратынына нәсілдің қалай ықпал ететіні жөніндегі мәселе іргелі болып табылады. Тарихи тұрғыда иммиграциялық саясат еуропалық халыққа қолдау көрсетіп, саналы түрде АҚШ-қа көбіне ақ нәсілді адамдардың келуіне жағдай жасады. Қаладағы, қала маңындағы, ауылдық жерлердегі тарихи және заманауи халықты нәсілдік сегрегациялау өмір сүру моделі нәсілдік болғанын әрі солай болып қала беретінін көрсетіп отыр.

Халықтың сегрегациясы мен иммиграцияны қалыптастыратын нәсілшілдік экологиялық әділеттіліктен де көрініс табады. Сегрегацияланған түсті халық тұратын аумақ тұрмыстық қалдықтарды және басқа да қауіпті дүниелерді сактайтын орындарға айналады, ал ақнәсілділердің

>>

көпшілігі таза экологиялық ортаны қолданады. Сонымен бірге акнәсілділер мажоритаризмі түсті қауымдастыққа экологиялық мәселелерді шешу үшін демократиялық құралдарды қолдануға мүмкіндік бермейді.

> Нәсілдік ұстанымның саясылығы

Нәсілдік ұстанымның екінші ерекшелігі – саяси. АҚШ-та демократиялық институттар акнәсілділерге көп артықшылық беріп, түсті халықты қолайсыз жағдайда ұстап отыр. Бұл нәсілшілдіктің АҚШ-тың саяси дамуында ұзақ уақыттан бері орнығуымен және америкалық саясаттағы қазіргі өзгерістермен байланысты. Мәселен, президентті сайлайтын алқа құрамы құлдыққа түсіргендер мен құлиеленушілерінің мүдделерін қорғау және халықтың демократиялық процестерге қатысуын шектеу үшін құрылған. АҚШ тек 1965 жылы нәсілдік инклюзивті демократиялық елге айналды, бірақ содан бері нәсілшіл саясаткерлер түсті халықтың саяси құқықтарын шектеуге тырысып келеді. Осы саясаткерлер түстілерді дауыс беру құқығынан айырып, сондай-ақ түсті адамдар мен иммигранттарды сайлауда алаяқтықпен айналысады деген нәсілшілдік мифке сүйеніп, сайлаушыларға тыйым салатын заңдарды қабылдайды. Құрылымдық деңгейде саяси институттар әлі де акнәсілділердің жағында. Акнәсілді сайлаушылардың (әсіресе ауылдық жерлердегі) саяси қалауына Өкілдер палатасында, Сенатта, сайлау алқасында және Жоғары сотта айрықша басымдық беріледі және олардың судьяларын сенаторлар мен Президент тағайындайды. Акнәсілділердің құрылымдағы осындай артықшылықтарының салдары анық көрініп тұрады: жақында Жоғарғы сот 1965 жылғы сайлау құқығы туралы заңның күшін жойды, Конгресс округтері консервативті акнәсілді сайлаушылардың пайдасына қарай көбірек жығылып отыр, ал Конгресс мемлекеттік заң шығарушы органдардағы антидемократиялық тенденцияларға қарсы тұруға тырысуда.

Нәсілдік ұстанымның саяси аспектісі экологиялық саясат үшін өте маңызды, себебі көптеген нәсілшіл саясаткерлер экологияға қарсы. Осы біріккен көзқарастың тұрғысынан нәсілшілдік әділ және тұрақты орта сияқты қоғамдық игілікті құруға тосқауыл қоятын құралға айналды. Бұл саясаткерлер түсті халықты демонизациялау және мемлекеттік бағдарламалардың заңдық күшін жою үшін нәсілшіл реңктегі тілді қолданатын «ит ысқырығы» саясатына ұқсайды. «Ит ысқырығы» саясаты алғышқыда әлеуметтік қамсыздандыру саясатында қолданылған еді, кейіннен нәсілдік сарын экологиялық саясатты жүргізу саласына да тарады. Осылайша, нәсілдік ашу-ыза мен қоршаған ортаны қорғауға деген қарсылық консервативті саясаткерлер мен судьялардың, сондай-ақ АҚШ саясатында құрылымдық жағынан қайта бөлінген консервативті акнәсілді сайлаушылардың көзқарасына ықпал етті.

> Нәсілдік идентификация саясаты және жеке психология

Нәсілдік ұстанымның үшінші ерекшелігі – нәсілдік идентификация саясаты мен жеке психология арасындағы

байланыс. Бұл байланыс қоршаған табиғи орта мен климатты қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы қоғамның көзқарасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Соңғы жиырма жылда бірқатар жағдайлар акнәсілді идентификация саясаты мен антиэкологиялық қатынас арасындағы байланысты арттырды. Біріншіден, 2008 жылы Барак Обама президент болып сайланғаннан кейін консервативті көшбасшылар мен саясаткерлер Обаманы этно-нәсілдік, діни және бұратана «басқа» деген атауларды таңу арқылы оның саясатын заңсыздандыруға тырысты. Бұл нәсілдік тұрғыдан акнәсілді сайлаушыларды Қолжетімді денсаулық туралы заңнан ғана емес, Париждегі климаттық келісім мен Қоршаған ортаны қорғау агенттігінен толықтай бас тартуға итермеледі. Екіншіден, демографиялық тенденциялардың өзгеруіне байланысты консервативті көшбасшылар болжам бойынша акнәсілділер халықтың басым бөлігін құрамайтынын айту арқылы акнәсілділердің нәсілдік алаңдаушылығын одан сайын қоздыра түсті. Бұл нәсілдік қауіп акнәсілді идентификация саясаты мен экологияға қарсы пікірлер арасындағы байланысты одан әрі күшейтті. Мәселен, Доналд Трамп секілді белгілі анти-экологиялық саясаткерлер нативизмнің, нәсілшілдіктің және «акнәсілділердің орнын басу» сияқты пікірлерді жандандыру жолымен саяси «тақты» иеленді. Мұндай нәсілшілдік көзқарас белгілі бір топтың қорқыныш пен қауіпке байланысты табиғи эмоциясын қоздырады, осылайша, жеке психологияны экологиялық және климаттық мәселелерді шешуге бағытталмаған саяси экономиямен байланыстырады.

Осы саяси экономияның өзегінде тұрған өнеркәсіптік және үкіметтегі элита қоршаған орта мен климатты қорғауға мүмкіндік беретін кез келген ұжымдық іс-әрекеттерді болдырмау үшін нәсіл мен нәсілшілдікті пайдаланады. Элитаның осы стратегиясының АҚШ-тағы тарихы әріден басталады. Мысалы, 1676 жылғы көпнәсілді Бэкон көтерілісінен кейін элита акнәсілді және қаранәсілді жұмысшыларды бөлетін, болашақта нәсілаларлық еңбек ынтымақтастығына кедергі келтіретін нәсілшіл заңдарды қабылдады. Өкінішке орай, элита экологиялық және климаттық әділетсіздіктің шешілмеуі үшін «бөліп ал да, билей бер» принципі әлі қолданып жүр. Қоғамдық игіліктерді жойған элитаның бұған дейінгі жобалары секілді бұл ең алдымен, түсті халыққа зиянын тигізеді, бірақ айналып келгенде акнәсілділер де зардап шегеді. Экологиялық әділетсіздік пен климаттың өзгеруінен болған планетарлық тұрақсыздық акнәсілділердің үстемдік етіп, өзінің материалдық жағдайына зиян келтіруіне, өз қолдаушыларын да жоюға мысал бола алады. Болашақ ұрпақ үшін тұрақты қоршаған орта мен климатты сақтау мақсатында нәсілдік ұстанымды бейтараптандыру, зардап шеккен түсті қауымдастықтарды қайта қалпына келтіру және жаңғырту, сондай-ақ нәсілдік және таптық әділеттілікке негізделген сенімді климаттық және экологиялық бағдарламаларды енгізу қажет. ■

Хаттарды Ян Карриллоға <icarrillo@ou.edu> жолдауға болады.